


Дәметкен АХМЕТОВА



ПЕРЗЕНТ



Дәметкен АХМЕТОВА

# ПЕРЗЕНТ

Әңгімелер жинағы



«Тоганай Т»

Алматы

2015

УДК 677  
ББК 37.23  
А 22

*Әкем – Мұхаммеджан Әбдіразақұлы  
АХМЕТОВТЫН әруагына арнаймын.*

АВТОР

Ахметова Д.

А 22      **Перзент: әңгімелер/Дәметкен Ахметова.**  
– Алматы: «Тоганай Т», 2015. – 176 бет.

**ISBN 978-601-7409-76-1**

Бұл Қазақстан және Бүкілодактық Журналистер одактары сыйлықтарының иегері Дәметкен Ахметованаң тұнғыш әңгімелер жинағы. Ұзақ жылдар әкімшілік жұмыста жүргеніне қарамастан, жүрек қалауымен таңдаған жазу өнерінің қыры мен сырын ұмытпады. Бұған дейін құрастырған және қаламынан шыққан «Еркелетші еркенді», «Алтын бесік», «Алтын алқалы аналар» атты кітаптары осыған дәлел.

Оқырманға ұсынылып отырған «Перзент» атты әңгімелер жинағының алтын арқауы – боямасыз өмір шындығы. Сондықтан оқиғалары нанымды, айтар ойы көпшілікке түсінікті, кейіпкерлері таныс. Онда езуінізге құлқі ұялатар әзіл де, ойландырып, толғандырар шынайы оқиғалар да ұшырасады. Ойы терең, тілі жатық.

УДК 677  
ББК 37.23

ISBN 978-601-7409-76-1

© Ахметова Д., 2015  
© «Тоганай Т», 2015

## ЖОЛ

Бас прокуратураның тапсырмасы болғаннан соң ғана ыждаатсыз іссапарға баратын болған Мұрат іштей наразы болғанымен сыртқа онысын шығара алмады. Қалай шығарсын, облыстағы басшысы қояр да қоймай жолға тез шығуын өзі тікелей қадағалады. «Қарасаң әкетіп бара жатқан дәнене де жоқ сиякты, катардағы көп істердің бірі, неге сонша бүлінді екен. Әлде жоғарыдағылардың біреуінің туысқанына қатысты ма?! Мейлі, тапсырманың аты тапсырма. Бару керек» деп ойлай жүре Мұрат өзінің жске көлігімен баруды қалады. Ондағысы осы іссапарды пайдаланып Нұраның балығын аулап, аз да болса демалып қайтуды көздеді. Сол ауданда прокурор болып тұрғанында талай рахатқа батқаны бар. Балық аулау кімнен қалай «жүққанын» білмейді. Үлкен әкесінің де, өз әкесінің де, нағашы жағынан да балыққа құмарлығы жоқ екенін біледі. Қансонарда олар аздалап аң аулап, тұлқі, қасқырға анда-санда қакпан құрғаны болмаса аншылық деудің өзі де болмас. Ал нағашы атасы кезінде барымташы болған деседі. Күйеу баласы НКВД-ның білдей бір қызметкері болған соң амалсыз койған болу керек.

...Қара жол шұбырған ізбенен мәшинесін енпен айдан келе жатқан ол өзен жағасында отырған балықшыларды көргенде делебесі көніп, не шаруамен келе жатқанын ұмытып, ың-

ғайлы бір жерге әкеліп тоқтатты да отыратын орынға көз жіберді. Өзен жағасында біраз балықшының сұлбесі байқалады.

Мұрат сол отырганнан кеш батқанша отырды. Қармағышоршыған балықтар түскен сайын күмары қозып уақыттың қанша болғанын да байқамапты. Кеш коюлана түскен шақта ғана жан-жағына қараса бағанағы қаптаған «көршілерінен» некен саяғы ғана қалған. Олардың өзі осында жатып-жастанып аулау үшін келгендер сияқты. Мұрат қармағын жинастыра «енди қайтсем екен, аудан орталығына дейін әлі біраз жер бар, мына қара жолмен түнделетіп жүре алмасым хак» деген оймен жақын мандағы бір шопандардың үйіне түспекші болды. Арқаның бір жақсы қасиеті түнделетіп келе жаткан жолаушыға әрдайым орын бар. Оның үстіне шопандар бір адам келсе кәдімгідей қуанып қалады. Әңгіме дүкен құрып, жаңалықтар естіп, қонағының алдына бар жылы жұмсағын қойып бір жасайды. Соны білетін Мұрат та кештетіп біреуінің үйіне баратынына онша қысылмады. Бәрін болмаса да біразын өзі танып-біліп те қалған-ды. Бақандай бес жыл осы жерде аудан прокуроры болып қызмет етті емес пе?! Алыстау болғанымен баратын жолы тегістеу осы мандағы шопан үйіне бет алды.

Кешкі малды қашарға кіргізіп, малды ауылдың у-шуы енді басыла берген шақта қымбат көлік келіп ат басын тірегенде шопан жігіт таңданып-ақ қалды. Қанша жыл қой бағып, мал

сонында жүргенінде талай жолаушылар келіп жата жастанып кететін. Мына көліктің де, оның ішінен шыққан жігіт ағасының да жүріс-тұрысы басқаша сияқты. Қарапайым жол киімін кисе де, бойында бір пандық та, тектілік те жатқан сияқты. Өзінің антарылып тұрғанын енді байқаган жігіт қонағының алдынан шығуға асықты.

— Ассаламағайлейкум, аға. Қош келіпсіз, жогары шығыңыз, — деп ілтипат білдіріп жатыр.  
— Ішке кіріңіз, үйде әкей бар, — деді де, — Құлиман, а, Құлиман, сыртқа шық, қонақ келді, — деп киіз үйге қарай дауыстады. Іштен лып ете шыққан келіншек те құдды бір осы қонақты күтіп тұрғандай жылды жынысып амандасып жатыр. Жігіт «менің шаруам әзірге осымен бітті» деген сиңаймен колына пышағын ынғайлай өзі жана гана отарды қамаған қашарға қарай бет алды. Оның бет алысын түсіне қойған Мұрат та:

— Бауырым, сен оған әуре болмай-ақ кой, ариайы келе жатқан қонақ емесспін. Кеш түсіп кеткеннен соң тоқтағаным, айып ете көрме, жеңіл-желпі болса болды, — дегеніне жігіттің де жауабы дайын сияқты.

— Ағасы, «жаман үйді қонағы билейді» дегендей жаман үй емес шығармыз. Оның үстіне әкем бәрібір мал сойғызады, онан да үйге кіріп әкеммен әңгімелесе беріңіз. Ол кісі әңгіме айтудың шебері, ал біз көп күттірмейміз, — деген ол қашардың есігін ашты.

Кең қанатты киіз үйдің нақ төрінде қалың корпенің үстінде кос жастықты жастанған ақ-

сақал қонақ үйге кіре бере басын көтерді. Сынайы далада болып жатқан әңгімеге құлақ түріп жатқан сияқты. Үйге кірген жігіт екі қолын созып амандаста бергенде ақсақалдың көзі жарқеткендей болды Мұратқа. «Шамның жарығынан болар» деп ойлады оны байқаған Мұрат. «Дегенмен, жасы келгенімен көзі отты екен, қайта бәйбішесі болса қартайыңқырап қалған сияқты» деген ой лезде жылт ете қалды. Прокуратурада істеген жиырма бір жылдың ішінде адамдардың мінез-құлқын, іс-қимылын тез бағдарлап үйреніп қалған Мұрат сол кәсіби шеберлігіне салып, бәрін әп-сәтте бағдарлап үлгерді.

— Жоғары шық, балам, — деп сәлемін алған ол кемпіріне ақырын иек қаққандай болды.

Тәрізі ақсақалдың әр қимылы үй ішіне зан боп орнаған секілді. Мұрат оны да байқады. «Шіркін осындай тәртіп біздің үйде де орнасағой» деп ойлады да өз ойына өзі іштей мырс етті. Қайдағы, жұмыстан шаршап келсе болды «Кешке дейін екі балаңмен-ак шаршадым, ана коқысты төге сал, балаларыңды далаға шығарып ойнатып кел» деген «бұйрықтан» көз жазбай келе жатқан прокурор мырза ақсақалға қызыға қарады. Дастарқанға әп-сәтте шәй де келді, қалай үлгеріп қойған, тіпті ыстық бауырсақ та үстөл үстінен орын алды.

— Иә, балам, жөнінді айта отыр. Кай жақтан, не шаруамен келесің деп алқымыңнан алмай-ак кояйын. Кештетіп жүргеніңе қарағанда ша-

руан қауырт сиякты ғой. Бүгінше дем ал, жұмыс ешқайда қашпас, апаңың ыстық шәйіне қанып ал, – деген дауысында бір қамқорлық бар сиякты. Мұрат осыдан оншақты жыл бұрын кайтыс болған әкесін есіне алды. Ол кісі де осылай жұмыстан шаршап келгенде «мамаңың ыстық шәйін ішіп ал» деуші. Өзі де көп жылдар бойы қауіпсіздік және ішкі істер органдарында қызмет істеген ол баласының жайын жақсы түсінетін.

– Әкей, мына сөзіңіз марқұм әкемді еріксіз есіме түсірді. Ол кісі де дәл сіз сиякты «анаңың ыстық шәйін ішіп ал» деуші еді.

– Балам, қателеспесм әкеніздің аты-жөні Әбдірәсілов Мақажан емес пе?!

Мұны естіген Мұрат ыстық шәйға шашалып қала жаздады. Көзі жасаураған күйі сөйлей алмай бақырайған күні үй иесіне қарады.

– Өзім де солай ғой деп ойлап ем. Жаңа есіктен кіріп келгенінде алғашқыда сол кісі келген екен деп қалдым. Бірак жасың келмейді. Қасқа мандаіың, бет пішінің, әсіресе қонқақ мұрның кімнің баласы екенінді айтқызбай-ак танытып тұр. Баласы шығар деп ем, қателеспеппін. Бәйбіше, балалардың бәрін шакыр, дастархан басына келсін.

Үйге бағана өзі көрген жігітten басқа тағы екі жігіт әйелдерімен кірді. Бәрі амандастып жайғасып болғаннан соң ақсақал басын әнтек көтеріп алды да:

– Балаларым, сендер бүгін бізге қандай адам-

ның келіп отырғанын, дұрысын айтсам, менің өмір бойы қарыздар болып жүрген, бірақ сол қарызымында өтей алмай жүрген адамның баласының келіп отырғанын біліп қойындар. Оның алдында тұрып бас исендер де артық болмайды.

Шал есінен адасты дейін десе, оған ұқсамайды. Балалары да, Мұрат та аң-тан. Тек бәйбішесі ғана бірдеңені түсінгендей орнынан тұрып келіп Мұраттың мандайынан сүйіп, бауырына қысты.

– Экей, осынша не құрмет ол?! Сіз мені біреумен шатастырып отырған боларсыз. Мен сіздерді бірінші рет көріп отырмын.

Мұраттың дауысы жарықшақтана шықты.

– Иә, балам. Сен солай деп ойлаудың әбден мүмкін, не мені есінен ауысқан біреу ме дерсің. Жоқ, мен шатастырып та отырғаным жоқ, есім де дұрыс. Бірақ әлгінде сен есіктен кіріп келгенде Мақажан екен деп қалғаным рас. Ол кісінің кайтыс болғанын газеттен оқып, көнілім бір жасып қалып еді. Жарықтық ерте кетіпті дүниеден. Әне барамын, міне барамын деп жүріп уақыт оздырып алғанымды сонда бір-ак білдім. Қайтейін қу тірлік пен салғырттық мойнымызға мініп алған заман ғой бұл заман. Кеш те болса айтайын, көніл көрген жерде, әкен Мақажанның арты қайырлы болсын. Әруағы өзінді әрдайым қолдап, қорғап жүрсін. Ол кісі менің өмірімде өшпестей із қалдырып, бүгін мына бала-шағамның ортасында аман-есен отыруыма тікелей қатысы бар адам, – деп терең күрсінді.

Маңдайындағы қатпар-қатпар әжімдері одан сайын терендей тұскендей, салалы, бірақ еттері кете бастаған саусақтарымен әдемілеп күзеліп, бапталған сақалын сипап біраз үнсіз отырып қалды. Басқалары да оның жүзіне сұраулы жүзбен қарап үн-тұнсіз.

— Қазір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жыл той?! Бұл сонда осыдан отыз бес жыл бұрын болған оқиға. Соғыстың ауыр кезеңі өтіп жатқан кез. Қырықтан енді ғана асқан мені соғысқа алмады. Шаруашылықтың малын бағатында адам керек деп мені ауылда қалған бар жылқыны бағуға алып қалды. Сол оқиға боларын білсем майданға аттанғаным жақсы еді онан да. Алла Тағала менің басыма сондай бір ауыр кезеңді жазады деп кім ойлапты?!

Апақ сапақта ЕҢКБД-ның екі адамы үйге суыт кіріп келді. Сөйтті де әй-шәйға қарамастан:

— Тұр бол, бізben бірге жүресің, — деді зілдене.

— Оу, екі кештің арасында қайда барамын, не болды, кімсіндер сендер, — дегенімше болған жоқ, біреуінің жұдырығы құлак шекеме сарт етті. Есім ауып қала жаздады. Шырылдаң мына шешелерің оның қолына жармаса беріп еді, екіншісі оны да ұшырып түсірді. Қарсыласудың, қарсыласу не, бір сөз айтудың жөні жоқ екенін түсіндім де алдарына түсіп жүре бердім. Сол жүргеннен аудан орталығындағы ЕҢКБД-нің қапасына әкеліп қамады да таstadtы. Түк түсінsem бүйірмасын. Не істеп қойдым, не

бұлдірдім? Әскерден қашты дейін десе өздері ақ қағазбен қалдырды. Ол кезде брон дегенді солай дейтін. Кейін білдік қой оның қалай аталағынын. Қазір жасым сексеннің сенгірінен асып барады, бірақ сол оқиға есіме түссе әлі жаңым түршігеді. Бір қоркынышты түс сияқты. Сонда мені соғыс жылының заңымен атып тастауы да мүмкін еді. Алдымен бір Құдай сактады, одан соң сенің әкеңнің шапағаты тиді.

Шал ауыр күрсініп, жаны қиналғандай ыңырысып берді. Айналасындағылар үн-түнсіз. Тәрізі балалары да бұл әңгімені бірінші рет естіп отыр.

— Иә, балалар, көрер жарығым, атар таңым бар еken. Одан қалды мына отырған шешелепің жесір, сендер жетім қалмау үшін бір Аллаңың раһымы түскен болар. Сонымен тұн ортасы ауа бере мені «допросқа» шақырды. Жартылай қараңғы бөлмеде еңгезердей бір орыс отыр. Кіре бергенім сол еді, үстөлді дәу қолымен періп қалды да айқайға басты. Сөзінің бірін түсінсем, бірін түсінбеймін. Орысшам да шамалы, қорыққаннан да ештеңе ұға алатын емеспін. Бір кезде келді де бағанағысы сияқты ол да құлак шекемнен отырғызыды. Көзім қарауытып кетті. Бар болғаны қолыммен бетімді қалқалай «ұрма, ұрма» дей беріппін. Тыңдал жатқан ол жоқ. Арасында орысша боктығын қосып, тәбет иттей арпылдайды. Мен сөйлемеген сайын оның жыны одан сайын қозған болу керек, енді тепкінің астына алды. Әбден итке таланғандай қызыл

ала қанға боялышп, есімнен танған кезімде орныма сүйреп әкеп тастаған болу керек, домбыққан көзімді зорға ашсам өрімдей жас жігіт басымды сүйеп отыр. Екі көзі жасқа толы.

— Ағатай, ағатай, көзінді ашшы, мынау иттің балалары не істеген?! Не сұрайды, не бұлдіріп қойып едіңіз? — дейді көзінен сорасы аққан ол.

— Білмедім бауырым, түк түсінсем бұйырмасын. Орысшам да жок. Не сұрағанын да түсінбедім.

Енді менің көзімнен жас парлады. Талықсып кеткен мен біреудің жұлқи тартқанынын есімді жидым.

— Қараши, ұрлық жасағанда мірдің оғындей, енді түк білмегенсіп пырылдап жатқанын, тұр, онбаған. Сендер фашистерден жамансындар. Еліміздің басына ауыр күн түскенде сендер қастандық жасап мал ұрлайсындар, жауыздар, осында отырғандарыңың бәрі қасқунем сатқынсындар, — деп кеше мені үйден ұрып алыш келген қара сұр жігіт тұр үстіме төніп.

«Ұрысын» дейді. Ойпырым-ау ешкімнің ала жібін аттамаған мені ұрысың дегені қай сандырағы бұл?! Мені біреумен шатастырып тұрган шығар» деген оймен:

— Ойбай, әкесі-ау, кайдағы ұры, нені ұрлаптын, — деп шар ете қалғаным сол еді:

— Өй, әкеңнің аузын, кайдағы әкемін мен саған, мен НКВД-нің офицерімін, сен сияқты жауыздардан Отанымды қорғап жүрген жауынгермін. Көрсетейін мен саған әкені, жүр, жа-

ның жаһанамға кетпей түрғанда. Сендерді көп созбай атып тастау керек, – деп мені тағы сүйрэй жөнелді. Ұзын дәлізben тепкілеп алыш келе жатқаны сол еді, алдымыздан орта бойлы, мандайы кере қарыс, аққұбаша жігіт ағасы шыға келді.

Қазір енді аты-жөні сол онбағанның есімде қалмапты. Кейін өзі сотталып кетті. Әскери трибуналы әлгі шикіл сары екеуін бірге соттады. Олардың менен басқа да адамдарға жасаған қысастығы жетіп артылады екен. «Біреуге ор қазба» деген. Бірақ өмірде жақсы адамдар да аз емес кой. Жаңағы адам менің бағыма қарай кезіккен екен. Мені не үшін, кайда апара жатқанын сұрады. Осы кезде аузымнан қан сорғалай жөнелді.

– Мұны істеген кім? Мынау не сұмдық?

Мені сүйретіп келе жатқан жауыздың аузына су құйылғандай, жаңағы әкірендеудің ізі де қалмаған сыңайлыш.

– Мен сенен сұрап түрмyn ғой. Енді ана жігіттің дауысы қатқыл шыққандай болды.

– Жолдас майор, бұл әккі ұры, кешегі жоғалған малдарды ұрлап, сойып алған осы болды. Біз оны із сүйтпай ұстадық.

Мына сөздер төбемнен жәй түсіргендей болды.

– Ойбай, қайдағы ұрланған мал, қайдағы сойыс. Жан дауысым шықты. – Әкетай, ешқандай мал ұрлағам жок, кімнің малын ұрлаймын,

өзім мал бағып отырып..., әкетай, өлтірмейін десен құтқара көр мені мына жауыздан.

Одан арғысы өң мен түстей. Топшылауымша бастық болуы керек, жаңағы маған айбат шегіп, жанымды қуырып тұрған құбыжық, елпілдей калған. Бірақ аузы аузына жұқпай кеше менің жылқы үрлап, сойып, базарға апарған жерімнен үсталғанымды жеткізіп жатыр.

– Өтірік, өтірік. Жалғанда құлың болайын. Жаптым жала, жақтым күйе. Мені кешкісін үйімнен үстап әкетті. Түнде тепкінің астына алыш, анау орыс менен жауап алды. Мен оның орысшасын түк түсінбедім. Сосын ол мені тепкінің астына алды. Енді өлтірсендер де күйелемей өлтіріндер, – деп мен тізерлей отыра қалдым. Еңрегенде етегім жасқа толды. Мына корлыққа шыдай алмай өкіріп жыладым.

– Түсінікті. Маған... шакыр. Өзің де кел. Кімді шакырып, кімді қойып жатыр. Түсіне алар емеспін. Еңкілдеп жылап отырмын.

– Тұрыңыз. Қазір бәрін анықтаймыз.

Даусы құлағыма жағып бара жатса да, есенгіреген мен әлі оның не айтып тұрғанын түсіне алар емеспін.

– Тұрыңыз, – деді ол тағы да. Сөйтті де қолтығымнан сүйей бергені сол еді, тағы ұра ма деп қорқып кеткен мен ыршып түстім. Сөйткенше түнде менен жауап алған шикіл сары орыс пен бағанағы «хайуан» екеуі келіп кірді. Денем тітіркеніп кетті. Бастық оларға орысшалап бірдене дейді. Олар да бірденені айтуда. Түсіне

алар емеспін. Ара кідік өзімнің атымды ғана ұғамын. Тіпті басымды көтеріп оларға қарауға корқамын. Сөйткенше болған жоқ әлгі бастық менің атымды атап:

— Азамат Інкәрбеков, мыналардың айтуы бойынша сіз үлкен қылмыс жасағансыз. Көрші ауылдан жылқы үрлап, базарда етін сатып тұрған жерден ұсталғансыз. Кінәнізді мойындейсіз ба? Егер ел басына күн туған шақта осындай қылмысқа барсаңыз ол Отанын сатқанмен пара пар.

Даусының ызғарлы естілгені сонша, жаңағы үмітім қайта үзілгендей болды. Сөйлейін десем булығып сөйлей алар емеспін. Қолымды ербендетіп, басымды шайқай бердім.

— Онда ұсталған ет бар ма? Ол енді ана екеуіне қарады.

— Бар.

Қайсы екенін білмеймін, даусы санқ ете қалды. Селк еттім. Құрыған жерім осы болды-ау. Үл онбағандарға қалай дәлелдеймін, қалай акталам. Мына бастығынан үміттеніп қалып едім, ол да сол күйесін маған жақпақ ойы бар ма?! Тірідей өлдім-ау. Мыналардың сокқысынан, жапқан жаласынан сүйегіме таңба басып өлеңтін күн жазылған екен ғой мен бейбакқа. Бір кезде қандай күш келгенін білмеймін. «Онда сол етті әкеліп көрсетсін» дедім жан ұшыра. Бір мезет бәрі аңтарылып қалғандай болды. Соны пайдаланған мен де:

— Айналайын ағатай, мен ешкімнің ала жібін аттағаным жок. Бала-шағамның атымен ант етейін, көрімде өкіріп бұл дүниенің қызығын көрмейін, — деп ант су ішіп жалбарындым.

— Онда қалған етті экеліндер осында.

Біреуі шығып кеті. Шикіл сары маған ала көзімен атардай ішіп-жеп барады. Орысшалап тағы бірденені айтты. Бастық оған «жә, болды» дегендегі қолын көтерді. Әлгі шығып кеткелі бір жылдай уақыт өткендегі болды маған. Бөлме іші тым тырыс. Тек шикіл сары ғана қаққан қазықтай болған жерінен жеткірініп қалып еді, мен қорыққаннан орныман ыршып тұстім. Аузыма қанның дәмі келіп, не жұтарымды, не түкірімді білмей бастыққа жалтақтай қарай бермін. Үн, бір уақытта қап көтеріп бағана кеткен «сұмырай» да келді-ау. Дұңқ еткізіп жерге қоя салды. Менің жүрегім де зырқ етті. Мынау тағы не пәлесі?!

— Аш қаптың аузын, — деп бұйырды. Аналар қозғалар емес. Өзі жақындалап келді де қаптың аузын ашты. Сөйтті де маған: — Бері кел. Мына етті танисың ба, сенікі ме, бұл ненің еті? — дейді. Мен еріксіз қапқа үнілдім. Қойдың ба, ешкінің бе еті, әйтеуір ұсақ мал.

— Мен сенен сұрап түрмyn ғой. Мынау неңің еті? Дауысы қатқыл шықты. — Қолыңа ал да кара.

Мен қолымды қапқа салдым. Қолыма ілінген сан етті суырып алдым да: — Білсем мынау ешкінің еті сияқты, — дедім. Өз дауысыма өзім

сene алар емеспін. Тағы қандай пәле жақпақшы, құдайым-ау?!

– Қане анықтап айт, ешкінің бе, жылқының ба?

Мұны естігенде зорға тұрған мен құлап қала жаздадым. Есі дұрыс па мынаның да? Жылқының етін қайдан көріп тұр?

– Ешкінікі, – дедім даусымды зорға шығарып.

– Ешкінікі?! Мыналар бұл қаптағы кеше сен үрлап сойып саткан жылқының еті деп тұрғой.

Корыққан мен қуанған бірдей деген рас екенғой. Мен жынды адамша ал келіп қарқылдаپ қүлейін. Өзімді тоқтатар ала емеспін. Жаңағы бастық деп тұрғаным үстөл үстінде ыдыста тұрған суды бетіме шашып кеп жібергені. Мен енді солқылдаپ жылайын.

– Ей, сен қоясың ба, жоқ па? Сенен жөн сұрап тұрған жокпын ба?! Оның қатқыл дауысы менің есімді жиғандай болды.

– Иә, бұл ешкінің еті.

Дауысым бұл жолы сенімдірек шықты ма, әлде өзінің ненің еті екеніне көзі жетті ме, айрып білуге шамам жоқ, бірақ әлгі бастық деп тұрғаным менің қолымдағы етті алды да шикі сары орысты құлак шекеден отырғызбасы бар ма?! Менің зәре құтым қалмады. Бастық орысшалап бірдене деп айтып жатыр. Ана екеуінде үн жоқ. Бағанағы сестің ізі де қалмаған. Бір кезде әлгі шені үлкені маған бұрылды да «Сен үйіңе қайта бер, боссың» дегені. Өз құлағыма өзім

сенбеймін. Өңім бе, түсім бе? Қалшиып тұрған:  
— Естімей тұрсың ба, боссың, — деді қайталап.  
Үйіме қалай жеткенімді білмеймін.

— Арада біраз уақыт өткеннен соң ауданда сот болды. Мен куәгер ретінде тартылдым. Мән жәйді сол жерден білдім. Көрші ауылдағы жылқы табынынан мал жоғалған. Соғыс уақыты, бұл үлкен қылмысты оқиға. Қылмыскерді табу керек. Тапқан амалдары жылқы бағып отырған сауатсыз маған жала жауып, істі жаппақ болған жерінен бағыма қарай әлгі бастықтың кезіккені. Сонда барып білдім, әлгі адам сол кездегі ЕНКБ-дінің (НКВД) бастығы сенің екен Мақажан Эбдірәсілов болып шықты.

— Міне балалар, адамға пәле жабысайын десе аяқ астынан екен. Ішпей-жемей сол бір ауыр шақта мен ит жеккенге айдалып кете жаздағым. Егер Эбдірәсілов сияқты адал азамат кеziпегенде мына жарық дүниемен қыршын шағымда қоштасар ма едім, мына балаларым жарық дүниеге келер ме еді, негайбыл. Абыройымды да, өмірімді де сактап қалған сол азаматқа өмір бойы қарыздармын. Ол кісі көп үзамай қызметі ауысып басқа жаққа кетті. Бірақ оның адал ісі туралы біздің елге де жеттіп жаты. Сонау елуінші жылдардың бас кезінде сол адалдығынан қастандыққа да ұшырай жаздаңты. Сол асыл азаматтың тұяғы, балаларым, міне алдарында отыр, — деп ақсақал үнсіз қалды. Үй іші тым-тырыс. Мұратта да үн жок. Жүргегі

кысылғандай болды. Үнсіздікті қарттың дауысы бұзды.

— Құдай айдаң жол түсіп келіп қалған екен-сің, балам. Бұл да Алланың ісі шығар. Өмір бойы сол кісінің алдында қарыздар болып кетер ме едім. Үй осы, бала шағам алдында отыр. Дастанханымда сенен қадірлі қонақ болмаған шығар, — деп балаларына қарады. — Әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді. Астарың дайын ба?

— Әке, жүрегім бірдене сезгендей, бағана бұл кісі аулаға келіп токтағаннан-ақ мал сойылған еді, ендігі пісіп те қалған шығар. Біліп келейін, — деп баласы орнынан лып етіп тұра жөнелді. Артынша буы бұрқырап үлкен ас та келді. Қарт әңгімені жақсы айтады екен. Үстөл басында барлығы тек сол кісінің аузына ғана қарады да отырды.

...Мұраттың ұйқысы келер емес. Ойы сан-саққа бөлініп, әкесінің әруағының алдында іштей кешірім сұрап жатыр. Әкесі қайтыс болғаннан соң жаны қиналып, біраз өмірдің әділетсіздігін көрген ол баяғыда-ақ өліп қалған әкесіне тіл тигізген еді. Қайтыс боларының алдында әкесі Мұратты шақырып алып, қолына өзінің партия билетін ұстатьп:

— Балам, мен өмір бақи осы қызыл билетімне бір нұқсан келтірмей адал қызмет еттім. Саған аманат, көзінің қарашығындағы сакта, — деп қолына берген еді. Сол басына қыын шақ түскен кезде ызадан жарылардай болып, «маған билетінді қалдырғанша дүние қалдырмадың

ба, мына заманда ақшасы мен дүниесі жоқ адам бишара, бейшара, мен билетінді қайтейін» деп пора-пора болып жылаған еді. Енді мына бейтансыс карияның әнгімесі бүкіл ішкі дүниесінің астан-кестенін шығарды. Әкесінің әруағының алдында кінәлі болып жатысы мынау.

Таңертеңгі шәй кезінде ақсақал:

— Балам, демалыста болсан біраз аунап-кунап жатып кет. Мына менің балаларым саған да бауыр болсын. Бала-шағанды әкеліп таныстыр, — деді коныр даусымен.

— Рахмет, әкей. Қызметте жүрмін. Аудан орталығына Бас прокуратураның тапсырмасымен бір тексеру жұмысына кетіп бара жатыр ем. Кеш түсіп кеткен соң амалсыз осылай бұрылдым. Оным бекер болмапты. Әкем туралы естіп бір марқайып қалдым. Рұқсат болса мен жүрейін. Амандық болса әлі кездесерміз, — деп тұруға ынғайланған Мұратқа ақсақал бүкіл денесімен бұрылып:

— Е, балам, әке жолын қуып сен де осы қызметке келіп пе едің. Онда жорытқанда жолың болсын, әкенің ададығын, жолыңың түзулігін берсін. Қайда жүрсөн де аман бол, абырайлы бол, әділетсіздікке жол берме, — деп батасын берді. Сойтті де өзі сыртқа шығып мәшинеге отырганиша қарап тұрды да:

— Балам, мына тұра жолмен жүре берсөң сара жолға түсесін, — деп алға қарай жөн сілтеді.

## ОН ҮШ

Тұні бойы жатқыза алмай, таңертең тұрғыза алмай Жәния күнделікті үш ұлымен арпалысады да жатады. Міне, бүгінгі таң да сол әдетпен Жәмиләнің «тұр-тұрымен» басталды. «Тұр-тұрдан хабар келсе, ұйқыдан маза кетер» дегендей бұл кезде үшеуі де көздерін үқалай жуынатын бөлмеге қарай тыптырлай бастайды. Содан «мен бірінші келдім ғой, кетші әрі, мен біріншімін» деген айқай-ұйқай басталады. Бірақ бүгін ондай шу жок сияқты, Жәмилә тың-тыңдаса, жок, тұрған сыңайлыш. Томпиып-томпиып үстөл басына келіп отырды. «Мә, менің құлыншактарым ер жетіп қалған екен ғой, базар-базар» деп жүріп балаларымның өсіп қалғанын да байқамаптынай» деген ойдан Жәмиләнің ет жүрегі елжіреп, көзіне жас тығылды. Еміреніп үшеуін сүйіп-сүйіп алғысы келді де өзін өзі тежей қойды. Өйтсе болды үшеуі де еркелеп шыға келеді, ал қазір оған уақыт жок. Ұлдары мектепке, өзі базарына кетулері керек. Бір күн бармай қалса сол базарына сол күнгі ырзығынан айрылады деген сез. Міне, бақандай он үш жыл болды, үшеуін өзі жалғыз бағып-қағып келеді. Осы Қанаты туарда отбасындағы қыншылыққа төзе алмай күйеуі төртеуінің көзін жәудіретіп тастанап кете барған еді. Содан бері бір өзі осы үйдің еркегі де, әйелі де. Балтыры сыздап, басы ауырса осы үш ұлынан басқа басын сүйер ешкімі жок Жәмилә өмір-

дін тауқыметіне де төсөліп алды. Енді, күдайға шүкір, жағдайлары да жаман емес, біреуден алда, біреуден артта дегендей балаларының қарнын аштырмай, үстерін тоздырмай өмір сүріп жаткан жәйі бар. Еркелетсе де, еміренсе де өз еркі, бірақ оларды тым босаңсыта да бермейді.

— Мама, бұғін осы нешесі, — деген Қанаттың дұwyсы оны ойынан оятқандай болды.

— Балам-ау мектепте сен оқисың ба, мен оқи-мын ба, бұғін қай күн екенін білмегенің қай есканың? Жәмилә күле сөйлемеді.

— Тұ-у, мама, соны да білмеймісін, Қанат адай істірап отырған жок па?! Бұғін ақпанның он үші, Қанаттың туған күні, яғни, ол он үшке тоңын отыр, соны есімізге салып отырғаны ғой, — деді үлкені он жеті жасар Мараты.

— О, солай екен ғой, айтпақшы, менің шынымен де есімнен шығып кетіпті. Ұят-ай, жұмыс-жұмыс дең жүріп баламның отау иесі он үшке тоңанын да ұмытып кетіппін ғой. Айыбымды жуайын, сен сиді үлкен жігіт болдың, маган колқабыс болсын сені үйлендірсем қайтеді, — деді күнкылана үлкен ұлына көзін қысып.

— Ой, мама, койши, сіз де қайдағыны айтады сенең, алі Марат пен Самат көкемдер үйленген жок қой, — деді аузы бұртиыш. Сыңайы анасының калжынын шынға санаса керек.

— Онда тұрган не бар, біз саған жолымызды береміз, сойтіп мамамның айыбын жууға мүмкіндік берейік, солай ма, Самат? Марат өзінің

тете інісіне қарады. Ол қайсы әзіл, қайсы расекенін түсінбесе де: «Иә» деп басын изей салды.

– Жоқ, мама, сіз онан да менің жақсы көретін мәнтімді пісіріңіз, сосын торт әкеліңіз, сосын Кока-кола әкеліңіз... Қанат шұбырта жөнелді.

– Ей, тоқта, сенің тапсырысында шек жок әзі, – деп Марат тоқтата беріп еді, Жәмилә күліп жіберді. – Жарайды, әзірде айыбым бар дедім ғой, жарайды, – деді тағы қайталап, – келістік. Онда окуларыңа барып келіндер, ал мен онда бүгін базарға шықпаймын туған күнге дайындаламын, сендер келгенде барлығы даяр тұрады, – деп үлдарына енді елжірей қарады.

– Мама, мен екіге таман келемін, мен келгенше дастархан басына отырып қоймаңыздар, – деп Марат аузына бір алманы апара беріп.

– Менсіз де отырмандар, – деді бағанадан бері әңгімеге онша араласа қоймаған Самат та.

– Жарайды-жарайды, бәрінді де күтемін. Ал енді асығындар, уақыт болып қалды, – деген Жәмилә балаларын есікке дейін шығарып салды.

Балаларының мына қылышына мәз болып қалған Жәмилә ыңылдан жүріп іске кірісті. Бүгін шынында да балаларымен бір дастарқанда отырып, көңілдерін бір көтермекші. Қашанғы жалғыз басты болып, саяқтықтан жәбіржапа шеге бермек. Жер бетінде жалғыз қалған жетімдей жаутаң-жаутаң етіп болды ғой. Құдайға шүкір, өз қолдары өз ауыздарына жетіп,

енесі котеріле бастады. Бүгін баласының туған күнін ешкімдікінен де кем етпестей ғып дастарқан жасайды, сөйтіп бір көңіл жазбаса, мүмкін торкін жағымнан да біреуі болмаса біреуі келіп калар. Бірақ төркін дейтін төркінінен кім бар?! Олде базарда жанында тұратын келіншектерді шакырса ма?! Несі бар, қанша уақыттан бері екі бүтін бір жарты болып өзі сияқты бір үйдің алымдарында болып араласып кеткен жоқ па?! Қуанышта да, кайғыда да ортактасып, бір-біріне еүйеу болып, әйтеуір бірін-бірі жоқтатапайды. «Қой, шынында да оларға бір ауыз сөз айта салайын, ертең бәрібір үлкен дауға қалармын» деген оймен біреуіне телефон шалды.

— Раушан, бүгін менің кіші ұлымның туған күні, үйде дастарқан жасайтын болдым, түске келе қалындар. Балалар да сол мезгілде келеді, «бізіз ештепе бастамаңдар» деп кетті. Менің кайір бастығым солар емес пе, айтқанын орындағынан, сендер де сол кезге келе қойындар, — деп олардың келісімін ала сала қайта дайындыққа кіріп кетті.

Едептің жеңіл-желі сүртіп бола бергені сол еді, жүрек түсы солқ ете қалды, сөйтті де атша тұлан шұнына сыймай дүрсілдеп қоя бергенде Жаннилә корыкканынан журелей отыра кетті. Сүмілік-ай, картая баставаны ма, әлде катты қынылдан қойды ма. Дегенмен жылдамырақ шықнаса болмас, «озі сагат қанша болып қалды» деген басын котеріп еді, алдындағы сагаттың кіші

тілі зуылдан түскі 13 сағат 13 минутты көрсетіп түр екен. Жәмилә еріксіз таң қалды. Бұгін айдаң он үші, Самат он үшке толып жатыр, сағатың тағы он үшті бір емес екі рет көрсетіп түр, қызық екен. Ол орнынан жайлап тұрып еді, жок жүрек дүрсілі саябырлаған сияқты. Қырықтың қырқасына енді ғана шыққан Жәмиля өзін бір кексе әйелдердегі ұстап үйренген, сыны кетпеген, өні әлі де өзіне қаратпай қоймаса да, кейде өз-өзіне «қойшы, маған енді қылтындаудың жөні жок» деп тоқтау салатын. «Е-е өзім де жас қыздай қатты секендең кеткен екенмін ғой» деп мына оқыс жағдайдан соң кәдімгідей мойынсұнғандай болды. Осы әлек оймен жүріп дастарқанын жая бастады.

Есіктің қоңырауы шылдырлағанда ол үстөл үстін жайнатып қойып еді. Келген құтты бір күйеу жігіттей, қалай жасым келіп қалды десе де, әйел емес пе, әп-сәтте қабырғадағы үлкен айнаға өзінің келбетін бір көріп шықты да жылдамдата барып есікті ашты.

— Бәлі, барлығың бір уақытта қалай жиналғансындар, — деп кос алақанын шапалақтап балаша мәз болған ол көзімен туған күн иесі Қанатты іздеді.

— Ал туған күн иесі қайда?!

Одан арғысы есінде жок.

\* \* \*

Қанат мектептен шыға сала үйіне құстай үш-

ты. Кластастарының «тоқтасайшы, бірге қайтайды» дегеніне дे құлақ аспастан кете барды. Коніл күйі ерекше көтерінкі, қазір анасының өзі үшін арнап дайындаған мәнтісін жейді, «сыйлық та дайындап қойған шығар, арманындағы планшетті алып берсе қандай жақсы болар еді» деп қиялданап та қояды. Ол осы көңілмен жаяу өтетін жермен көшениң арғы жағына бет ала бергені де сол еді, тоқтап тұрған автобусты айнала қатты екпінмен шыға келген женіл колік бұны іле-міле сүйрете жөнелді. Баланы қаңбактай іліп алған қара «Джип» біраз жер оте бере кілт тоқтағанда сүйретіліп келе жатқан дене анадай жерге барып топ ете түсті. Соны күтіп тұрғандай мәшине де артқа қарай бір жылжыды да қайта от алып ұша жөнелді. Мұны коріп тұрғандар естерін жиып та үлгермезді мәшине бұрылышқа жете бере көзден ғайып болды. У-шу, азан-қазан, біреу баланы сүйеп жатыр, біреулер «ГАИ» шақырындар, «скорый» шақырындар» деп шуласып жатқанда «Қана-ат» деген жан дауыс шыкты. Бұл оның соңын ала келе жатқан ағасы Саматтың жан айқайы еді. Інісінің үстіне өкіре құлаған оны жүргілікке болғанымен, бауырының өлі деңесіне жабысып қалғандай қолы қарысып калған Самат онайлықпен босата қоймады. Бұл кезде Жазиранның құрбылары да келіп жеткен болатын. Алғашқыде не болып жатқанын туслыбекен олар қанға боялып жатқан Қанатты

күшактап отырған Саматты көргенде тілдерінен айрылып қалғандай состиып қатты да қалды. Содан барып естерін жинаған олар жинаған жұрттан көмек сұрап бірі өлі, бірі шала жансар ағайынды екеуін үйге жеткізуге көмектесулерін сұрады. Есікті ашқанда Жәмилә алдымен құрбыларын көріп қүшак жая бергені сол еді, олар ығысып араларын ашқанда біреуінің қолында талып жатқан Саматты, екіншісінің қолында қан жоса Қанаттың денесін көргенде есінен танып кескен теректей гүрс құлады. Одан арғысы есінде жок.

Ол тұманданған көзін ашып, есін жиғанда алғаш көргені үйі толы адам, біреулер жылап жатқан сияқты, құрбысының бірі мұның басын сүйеп отыр. Не болғанын тусінбей біраз жатқан Жәмилә бір уақытта басын оқыс көтеріп алыш «А-а-а» деп ышқына айтай салғанда өзегі өртенип кетті ме дерсін. Қатты ышқынғаны сонша тіпті бүйрекі солқ етіп үзіліп кете жаздады, бірақ оны сезетін Жәмилә жок, орнынан атып тұрған бетте далбалақтай жүгіре жөнелді. Қасында отырған құрбылары зорға ұстап үлгермегендеге сол екпінмен ашық тұрған балконның есігінен секіріп кетер ме еді кім білсін,abyroy болғанда қарулы қолдар оны тырп еткізбеді. Ойбай мен жоқтаудың әкесі енді басталды. Бір емес «екі ұлынан бірден айрылдым» деп ойлаған Жазираның іші-бауыры езіліп, журегі қан жылады, өзегі өртеніп, зар жылағанда отырғандар-

дын сай сүйегін сырқыратты. Біреулер оны жынданып кетті ме деп қорқып жатыр. Көздері шарасынан шыққан оның шашы жалбырап, есінуган адамдай жан-жағын қармап, тұяғымен жер тарыған жылқыдай буырқанып, жұлқынып жаңындағыларға ырық бермей ышқына берді. Қолын босатып алған ол өз шашын өзі жұлып, көкірегі қарс айрылып ботасынан айрылған інгендей боздап коя бергенде жаңында шыдап отыру мүмкін емес еді.

— Жандарым-ау, қай қылышымнан таптым. «Тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қактырмай жалғыз ку басым сүйретіліп жүргенімде қай қанышердің қолынан келді. Мен не істедім бұл ку Құдайға. Ботақандарым-ау, балапандарым-ау не болды, қайдан, қай жақтан келді бұл зұлмат. Қай пейілімізден таптық. Кімге жамандық жасадық, — деп зар илеп жылаған оны қасында отыргандардың бірі басу айта беріп:

— Қой, Жәмилә, ботақандарыңың бірі дін аман. Жауыздың қолынан кішің Қанат опат болды, бекем бол. Бұл да Құдайдың ісі шығар, калғандарыңың амандығын тіле, — дегенде алғашында Жәмилә «мынау не деп отыр» дегендей түк түсінбей ақырап отырып калды да:

— Қалай, кім аман, қайсы аман, ол қайда, көрсетіндер маган, — деп орнынан қайта ата тұрды.

— Самат, а, Самат, мамаңа келші мұнда, — деген дауысқа көрші бөлмеден ак шүберектей болып шыға келген Саматты көргенде Жәмилә

қайта боздал берді. Куанғаны ма, қорыққаны ма, беймәлім, Саматты тас қып құшақтап алып қайта зар иледі.

Оның жуық арада есін жинай қоймайтынына көз жеткізген жиналғандар енді өздері қам карекет ете бастады. Алдымен полицияға, одан соң газет-телевидениеге осы оқиғаны көргендер болса хабарласуын өтінген өтініштер берілді. Бұл үлкен істің бір ғана басы болса, енді оның екінші жағы – мәйітті судмедэкспертизаға беру керек пе жоқ па деген мәселе отырғандардың бәрін тығырыққа тірегендей болды. Бір жақ «керек» десе, екіншісі – «керек емес» дейді. Осындай текетірес үстіне кіріп келген жігіт ағасы әй-шәйға қарамастан әлі есін жинай алмаған Жәмиләға дүрсе қоя берсін.

– Ақыры бір баланың түбіне жетіп тыңдын ба? Жерің кеңіген шығар?! «Базар-базар» деп қызық қуалап, гөләйттәп жүріп ұлымнан айырдың ғой сен кәzzап, – деп онсыз да ес-түсіз отырған Жәмилаға тап берді. Отырғандар алғашқыда абдырап, мына сестен қаймыққандай болып еді, оның соңғы сөздері алдарында кімнің тұрғанын айтпай-ақ білдірді. Ол – Жамиланың бұрынғы күйеуі, «сендерді мен асырай алмаймын, өз күндерінді өздерің көріндер, мен де енді қатын да, бала да жоқ» деп есікті тас сермен көзден ғайып болған Темірбай еді. Көзден кеткен соң, көнілден кеткен кімнен естіп-білгенін бір Құдайдың өзі білсін сайтанның са-

налағындаі қайдан пайда болғанын, сол баяғы анербақан мінезімен аяқ астынан келіп ылаң салып, Жәмиләнің басына әңгір таяқ орнатты. Баяғыда айтып, жасап кеткен істері есінде жоқ, қайта Жәмиләнің үй-ішін, отбасын тапсырып кеткен адам сияқты дікін-дікің етіп тұрысы мынау. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген осы-ау шамасы. Жәмиләнің жанашыр туған-туысы жоқ деп істеп тұрғаны-ау мұнысы. Бірақ ол қателескен еді. Жәмиләның құрбыла-рының өзі-ақ бір ауыл төркініне тұратын еді. Қаша жылдан бері ыстық-суығын бірге бөлісіп, балаларының қалай өсіп келе жатқанын бірге қызықтаушы құрбылары мынаны көргенде шыдан тұра алмады, біреуі келіп жағасынан тырп еткізбей ұстап алғанда ұшынған бидайдай бір уыс Теміrbай қынқ дей алмай қалды. Қарымды колымен тырп еткізбеген Раушан еді:

— Сен не бетіңмен мында сойлеп тұрын. Осыларды шиеттей кезінде көздерін жәудіретін, «құл болмасаң бұл бол» деп алды артыңа қарамай кеткен уағында не ойладың? Сен не мене үш ұлды Жәмилаға аманат етіп қалдырып кетіп ең, әдірем қал, қайта «тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қактырмай» осы уақытқа дейін «не кием, не ішем» демей өсірген Жәмиләнің сен табанын жала, онбаған, әйтпесе жермен жексен қылармыз сені. Енді өшір үнінді, — деп бір сілкігенде бағанадан бері корыздай қоқандап тұрған Теміrbайдың жыны су сенкендей басылды. Оны көрген Раушан да:

– Вот так! – деп жағасын босатты.

Осының бәріне енді үн-тұнсіз қарап отырған жұрт та, жылауын бір мезгіл қойған Жәмилә да ләм демеді. Ендігі сөздің, шынтуайтынына келгенде оның керегі де жоқ еді. Бірақ, жақсы болсын, жаман болсын әкесі деген аты бар, бір жағынан оның келуіне қуандаса да, жеңілденіп қалды. Өйткені, экспертизаға «береміз, бермейміз бе» деген мәселені шешуге оның да ойы керек болатын. Біраз тұнжырап отырған Теміrbай өзіне тұскен ауыр жүктің салмағын енді түсінгендей ұнжыргасы түсіп біраз отырды да:

– Берсек берейік, ертең анау... анау онбағанның кім екені анықталса, мойнына қойып, дәлелдеуге керек болатын шығар, – деді ақырынғана. Тағы да үнсіздік. Тыныштықты Жәмиләның дауысы бұзды. Қарлыққан үнмен жәйғана:

– Иә, берген дұрыс шығар, – деп айтуын айта сала қайта сыңсуға басты.

Сонымен дene экспертизаға берілетін болды.

Қанатты жер қойнауына бергеннен бері екі ай өтсе де полиция жағынан ешқандай хабар болмады. Тым-тырыс, ең күрымаса «іс қозғалды, іздестірілуде» деген бір ауыз сөздің болмағанын қатты қапаланған Жәмилә полицияға өзі барды. Капитан шеніндегі жас жігіт мұның аты-жөнін естігенде көзі жыпылық-жыпылық етіп, орнынан бір тұрды, бір отырды. Алдындағы қағаздарын былай бір, былай бір сапы-

рыныстырып-аударыстырып, әйтеуір бір уақытта тіл қатты-ау:

— Иә, бұл оқиға бойынша іс қозғалған жок, бірақ жауып тасталды деп айта алмаймын. Ойткені, қылмыскер іздестірілуде. Ендігі хабарды өзімізден күтіңіздер, — деп, осымен «әңгіме бітті» деген ыңғай танытты.

Осы кездесуден соң арада бір апта уақыт өткенде базарда тұрған жерінен Жәмиланы біреу ізден келді. Талтандаған жүрісіне қарағанда дөкейлердің бірі болуы керек, әйтеуір ісіп-кеңкен біреу, сөйлескенде қара көзілдірігін шешпестен сол шіренген қалпы тұрып зорға сөйлемеді.

— Мен сен туралы бәрін білемін. Полицияға барып әділеттікті іздең жүрген көрінесің. Сұрауың жок жалғыз басты біреу екенсін, байыңың сиқы белгілі. Сондықтан да мына шақшадай басында ми болып, «понятиен» бар болса, баланды басқан адамды соттатамын деп аузың қышымай-ақ қойсын. Бұл іс «жабулы қазан жабуы күйінде қалады», ал біраз қоқандайтын болсан, ана екі ұлыңың жәйін ойла, әділеттік деген мына мен, — деп быртиған саусағымен өзінің тосін қағып, мұның алдына ораулы бірденені тастай салды. — Енді сені полицияның миынан көрмек түгіл, ойыңа келгенін білмейтін болайын.

Ол қалай талтаңдап келсе сол талтаңға басып кете барды. Мынаны естіген Жәмиланың тобесінен тұра біреу мұздай суды құйып жібер-

гендей болды. «Мынау түсім бе, өңім бе» деп тұрғанында біреудің:

— Ей, мынау облгаидегі Мысықбаев емес пе, талтаңдап қалыпты ғой, мұның да тасы өрге домалаған ғой, — деген дауысы естілді.

Жәмилә содан үйге келе салып ал ағыл-тегіл жыласын, өзінің тағдырына налып бір жыласа, баласы үшін екі жылады. «Бұл дүниеде әділеттік жок» деп оған тағы налыды. «Аққа Құдай жақ, жалғандықі ақыретке кетпейді» деуші, ал бағанағы сұмырай не Құдайдан, не өкіметтен қорықпайтын кім еді сонша?! Кеудесіне нан піскен онбағанның Алла Тағала неге басына бермейді еken, мен сияқты неге зар илетпейді еken. Алдына итке сүйек тастағандай лақтырып тастап кеткен ақшасы барлық ар-ұятының өтеуі деді ме еken, онбаған» деп қыстыға әбден жылады. Дауысын шығарайын десе ана екі баласының ұнжырғасы түсіп, үрпиісп қалады. Солардың көңіліне қаяу түсіргісі келмеді. Сол жылап жатқан күйі Жәмиланың көзі ілініп кеткен еken, Қанатының, «апа-апа» деген жыламсыраған дауысынан шошып оянды. Іңір түсіп қалған еken. «Апақ-сапақ күн батар шакта ұйықтауға болмайды» деуші үлкендер, сол рас еken-ау, әйтпесе Қанатжанының дауысы тірі кезіндегідей естілүші ме еді?! Жәмилә ұйқысын аша алмаған адамдай біраз есенгіреп отырды да, жаңағы түсі есіне қайта түсіп жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Түсінде Қанатының бет-аузы қан-қан, көзі жұмулы, бірақ шешесіне қарап

қолын соза «Апа, сен мені дәрігерлерге союға  
неге бердің, жанымды ауыртты ғой, қарашы,  
ішек-қарынымның бәрін алыш тастады, мен  
енің тоңып барамын, апа. Ішім бол-бос» деген  
дауысынан шошып оянған екен. Жәмиләның  
бойы түршігіп сала берді, мандайынан бұрқ  
етіп шықкан сұық тер мұның өзін тоңдырып  
жібергендей тітіркеніп сала берді. Өмірі аузына  
Алланы алмайтын Жәмилә «бисмиллаһи» деп  
қалай айтқанын да білмей қалды. Оның ұйқысы  
шайдай ашылды. Атар таңды көзben атырған ол  
енің үйде қалса «жынды болып кетермін» деп  
өзімен сөйлей жүре базарға қайта шығуды  
үйігарды. Кешегі күн есіне түссе қаны басына  
шауып, жүрегі қысылатын болды. Ал сол бір  
түсі ауық-ауық қайталанатын болды. Оны көр-  
ген сайын «баламның аруағына обал жасадым-  
ау» деген ой өзін жегідей жей бастады. Ақы-  
ры түсін Раушанға айтуға бекінді, «балаңа дұға  
жасай бер, одан басқа не шара, – деп отырды  
да, қолына бір кітапты ұстадты. Құран Қәрім-  
нен келтірілген дұғалар жинағы екен. Жәмилә  
імалсыз кітап беттерін аударыстырып қарай  
бастады. Көзі кітапта, көңілі шартарапта. Оқы-  
ғанисиды, бірақ ештеңе түсініп отырған жок.

Кітапты аударыстырып отырған оның бір  
кезде көзіне «Иә, Раббым, Зұлымдық жасау-  
дан және зұлымдық көруден сақтай гөр! Күндіз  
және түнде келетін пәле-жаладан, қындық-  
тардан, жаман достан, жаман көршіден сақ-  
тай гөр! Бізді сабырлылардан және шүкіршілік

жасағандардан ет!» деген жолдарды оқығанда бүкіл денесінен бір жылу өткендей сезінді өзін. Содан кітапты сол күні бас алмай оқыды. Ендігі ермегі де, көңілінің хошын келтіретін де сол кітап болды, оны оқыса жаны бір рахат табатындей сезінді өзін. Мұны көрген Раушан өзі қорқа бастады. «Бекер-ақ берген екенмін. Мынау фанатичка болып кетпесе неғылсын» деп оқтын-оқтын қарап қояды. Жок, күннен күнге Жәмиләның өні кіріп келе жатқан сияқты. Жұмысына да бет бұрып, қимылдай бастаған тәрізді. Раушан енді «уф» деп бір терең тыныс алды.

Уақыт емші емес пе?! Жәмилә да елге қосылып, әңгімеге араласып қоятынды шығарды. Бірақ Раушан байқайды, баяғыда өзі берген кітаптардың қатары көбейген сияқты. Оның үстіне Жәмила әңгіме айтса болды «Пайғамбарамыз Мұхаммед былай деген екен» дегенді қосатынды шығарды. Оған біреулер күлді, енді біреулері құлак тұрді. Раушаннан басқа ешқайсы да жанының неден саябыр тауып, неден өні кіргенін байқамады. Жәмиләның жан дүниесінде болып жатқан өзгерісті сезбеді. Ал Жәмила болса қолы қалт етсе болды кітап оқып, күннен күнге тілін кәлимаға келтіре бастады. Шер боп қатып қалған да көңілі жіби бастағандай тіпті жауқазын баласының өмірін қиған қанішерге де кешірім жасауды ұйғарды. Мейлі ол келсін алдына, мейлі келмесін, «жамандығы өзіне» деп

Раушан айтқандай дұға оқып, жаны жәй таба бастады.

«Кешірімділік – адам бойындағы ең жақсы көзнеттердің бірі. Өйткені, кешірімділік ақыл-еңі бүтін, жүргегінде иманы бар, өзгелердің дүшпандығы мен жамандығына сабыр ете алатын аламдардың бойында болады. Бізге байланысты басқалардың дүшпандығы тек жамандық жүргенен кең орын алған адамдарда ғана болады. Жамандыққа жақсылық мұсылманның ісі. Егер жамандық істегенді кешірмесек, өзгелер де бізді кешірмейді» деген дұға жолары тура Жәмиләның өзіне арналған сияқты қабылдады.

«Мен де осы сауда жолында жүріп біраз жамандыққа жол бердім емес пе, енді соның бұл отеуі шыгар. Кешірдім сол бір пақырды. Алла оның жағасын өзі бере жатар» дегендегүйінен жүр жүк түскендей жеңілдеп, кеудесін кере бір тыныстады.

Жәмилә бүгін де сол әдетінен жазбай үйіне келіп, балаларымен біраз шүйіркелесіп отырды да, қолына тағы да дұға кітабын алды, бір-бір беттерін актарып отырды, сонан соң жайлап кона жауып сөреге апарып қойды, сөйтті де кім шкафының жоғарғы бөлігіне қаттап қойған орууды еннес ашып оны жерге төседі. Тағы да бір терең тыныс алған ол жан жағына бір қараш алды да бір ерекше еппен барып мандайын сақладеге тиғізді.

Бұл күн де айдың он үшінші жүлдзызы еді...

## ЖЕЛІК

Хадиша поезға әрі-сәрі күйде отырды. Оның бұл көңілін шығарып салған күйеуі де байқамады. Әдетте жол жүрерде Хадиша толқып, көңілі бір орнында тұрмай бір нәрсеге аландай беретін. Мүмкін сондықтан да Асылжан оған онша мән бермеген болу керек. Ондай да кейде «е, мені қызғанған түрің ғой» деп әзілдеуші еді. Бұл жолы неге көңіл күйінің болмай тұрғанын білсе әзілдемек түгіл басын жұлып алар ма еді, кім білсін?! Ол көңіл күйін жасырғысы келіп вагонға кіріп кетуге асықты.

Поезд жүрісін жылдамдатып дөңгелектері сарт-сұрт еткен сайын Хадишаның жүрегі де атша тулап дүрсілдеп қеудесіне симай бара жатқандай. Көңілін орнықтырайын деп қолына кітап алыш еді, көзі кітапта болғанымен көңілі басқа жақта. Не оқып жатқанын, не оқымай жатқанын өзі де білмейді. Кітапты сарт етіп жапқанда оның дыбысынан өзі селк етті. «Қой шәй ішейін, мүмкін көңілім бөлінер» деп орнынан тұрды. Құдайдың қырсыққанында жанына әңгімелесіп баратын бір жолсерік те бермепті. Купедегі екі орын бос еken де, бұл кіргенде үстіңгі орында теріс қарап жатқан ер адам ұйықтап жатыр еді, сол күйінде, әлі қозғалар емес.

Шәйді де әкелді. Бірақ ернін тигізген жоқ. Әлі сол дел-сал күйі. «Қайда бара жатырмын, неге бара жатырмын, не деп бара жатырмын?»

Осы бір үш сұрақ жаңын жегідей жеп, еңсесін көтертер емес. Ол өзінің ыңырси күрсінгенін де байқамай қалды. Тек оқыс дыбыстап ұйықтан жатқан коршісі бір қозғалғандай болып еді Хадиша ернің жымқыра қойды. Орнына қайта жатты. Козі жабық болғанымен көкірегі ояу. «Кайдан гана желпілдеп бара қойып едім. Өмірі санаторийге дегенге барып көрмеген мені кай Құдай айда, кай түлен түртіп апарды. «Сұраганға береген» демекші әшейінде онша-мұншага жібере коймайтын күйеуі де бармасына коймады. Осыған көрінген екен-ау. Желіккендермен желігін.. У-уң, Хадиша өзегі өртөнердей күрсінді. Жан-дүниесі теңізде сокқан дауылдай алай-дулей.

Көтіподақ комитеті бұларға жаз айна Бурабайға торт жолдама болғен екен. Үш дәрігер арнайстерінің жұлдызының шыға келгені. Төртшінен мұны үтігтеді. «Мен бара алмайтын шығармын. Біріншіден болімшеде кім қалады, оның үетіне мені күйеуімнің жіберуі де екітайдай» деген күдігіне олар: «Қойшы, не болышты жұмысты ойлан, омірімізде мұндай «жаксылықты» бірінші рет коріп тұрганда не болды сонан жұмыс-жұмыс деп. Басшылардың өздері де көлісімдерін беріп отыр гой. Бұл кезде кеңүшілердің саны да взятыныны өзің де біле-сін. Неменеге жібермейді күйеуін, бақандай тортевуіміз барамыз гой. Әлде бізге де сенбекені ме?!. Қой, коп ойланба, басты қатырмай, ертең

осы мәселені шешіп кел, әйтпесе бұл жолда-  
маға адам табылмайды дейсің бе, өзіміздің то-  
бымызбен барамыз, «давай вперед» деп мұны  
қайрап-қайрап үйіне шығарып салған. Кешкі-  
сін Асылжан жұмыстан келгенде кешкі астың  
буы бұрқырап, танауын қытықтап тәбетін ашып  
жіберді. Содан ба да старқан басына келгенде  
оның көнілі де көтеріңкі болып отырды. «М-м-м,  
бүгін бармак жалайтындаі пісіріпсің ғой, көп-  
тен бері мұндай дәмді ауқат ішпеп едім», – деп  
Асылжан қуақылана күлді.

– Қойши сен де айтады екенсің, кеше ғана  
мені мақтап «сенен басқа ешкімнің пісіргенін  
жегім келмейді» дегенің қайда?! Хадишаның  
үлкен бота көздері жымың қақты. Осылайша  
әзілдесіп біраз уакытты оздырған Хадиша әң-  
гімені қалай бастарын білмей отырды да «айт-  
пақшы біздің ұжымға Көкшетауға төрт жол-  
дама келіпті, қыздар бармақшы болып жатыр,  
төртінші адамды таппай маған» дей бергені сол  
еді Асылжан: «Онда сен бармайсың ба?» деге-  
ні. Хадиша қапелімде не дерін білмей сасып та  
қалды. Шынын айтса мұны тіптен де күтпен  
еді. Сұранған күнде де күйеуінің жібермесіне  
сенімді болатын. Қырықтың қырқасына енді  
ғана шығып келе жатқан Хадиша көрікті-ақ.  
Бұлкілдеген бөксесі талайдың көз күртyna  
айналғандай. Әсіресе, бота көздерін айтсай-  
шы! Адамға ашық жарқын жүзімен қарағанда  
ауруларының өзі «дәрігер, сіздің жылы жана-

рыңыздан-ақ жазылып кетеміз» деп жиі айтатын. Әйелін сірәда қай ерекк қызғанбаушы еді, оның үстіне ол ажарлы, көрікті болса. Сондықтан Хадиша қылтың-сылтыңға жол бермей, тұзу жүріп, тұзу отыратын. Оның үстіне құдай қосқан қосағы да ақылына көркі сай, қызметі де жаман емес. Орталарында үш баласы бар. Үлкенінің өзі Алматыда жоғары окуорнында оқиды. Қалған екеуі де ержетіп қалды. «Сені қайтемін, жарайды, балалар ауылда, әлі де сонда бола тұрар, бақандай он күн жалғыз өзің не істемесін, аузымды ашпай жатып мениң жібере қойғаныңа қарағанда ойында бірде не бар ма, ә?!!» Хадиша мұны әзілдеп айтса да, ойындағысын айтты. Кім біледі. Асылжанға да коз тігетін басы бос келіншектер аз емес екенін жаксы түсінеді. Шынын айтса өзі де қызғанбайды емес, қызғанады, қызғанғанда кандай?! Оның үстіне осыдан он бес жыл бұрынғы оқиға естен еш кетер емес.

Асылжанның туған күнін тойлау сонау студент шақтан басталған еді. Қоңыр күздің ен бір жылы шағында дүниеге келген Асылжанның мінезі де мамыражай, мол, жанына шуак шашып тұрады. Туған күні жақындарда Хадиша оны «бабье летоның» кезі келе жатыр, дайындалайық деп бір қағытып қоятын, онысы Асылжанның мінезінің кейде тым жүмсектігіна мензейді. Сол дәстүр окууды бітіріп келгеннен кейін де айнымастан жалғасты,

оның үстіне курстастарының біразы да осы қалаға жолдамамен жұмысқа жіберілді, енді бір екеуі отбасты болып тіпті көрші де болып шыкты. Неге екені білмейді, сол күні жолдастарының бірінің келіншегі «немене сенің күйеуіңің туған күнінде біз ғана іше береміз бе, сен неге алмайсың, давай, қынқылдама бір рет те болса аласың» деп, «мұны ішіп көрмеген едім» дегеніне қарамастан аузына құйғандай болып «Столичныйдың» бір стақанын зорлап тұрып ішкізді. Содан кетті. «Бір стақан кеткен жерге екіншісі кетеді, менің тілегіме сен неге алмайсың» деген бұлданулар көбейіп Хадиша бірінші рет үш-төрт кезекті қалай алып қойғанын өзі де білмей қалды. Көзі бұлдырап, құле береді, құле береді. «Мас болып қалды бұл, енді ішкізбендер» деген Асылжанның дауысы талып жететін сияқты. Одан арғысын білмейді. Тұннің бір уағында оянып кетсе бауырында кішкентай қызы пысылдап ұйықтап жатыр, үй іші тым-тырыс. Алғашқыда Хадиша не болғанын түсінбей біраз жатты. Ауызғы бөлмеге кухняның шамы жарқырап түсіп тұр. Бір сыбдыр шығатын сияқты. Жанын сипала-са Асылжан жоқ. Келіншектің есіне бәрі енді түсейін деді. «Масқара, мас болып ұйықтап қалғаннан сау ма, қонақтары қайда, Асылжан қайда?!» Ол енді орнынан ептең тұрып сол жалаң аяқ күйі ас үйге қарай беттеді. Оу, мына шыққыр көзі нені көріп тұр, өңі ме, түсі ме, әлде әлі мас па?! Асылжан құрбысы әрі көр-

шісі Маралды тоңазытқышқа сүйеп қойып, үстіне төніп ап майысып тұры-ып сүйіп тұр. Бұл дыбысының қалай шығып кеткенін өзі де білмей сілейіп тұрды да қалды. Ана екеуі де селк етті. Мұны көре сала Марал: «ұялған тек тұрмайдының» керін келтіріп: «сен жатып қалған соң мына ыдыстарды жуып тастайын деп ем» деп ақталған сыңай таныта беріп еді, Хадиша жалт бұрылып бөлмеге қарай жүгірді. Жалда тұрған диванның үстіне жалп етіп отыра бергені сол еді, кайта ыршып тұсті. Біреу жатыр. Хадиша біле қойды, Маралдың күйеуі, байғұс аракты көтере алмайды да, бәрінен бұрын сол барған үйінде ұйықтап қалады, амалсыз Марал да қалатын оның жанында. Басы шыңылдан кетті. Мен маспын ба әлде тұс көріп тұр ма? Жо-жок, бәрін анық көрді. Көріп қойғанына өзі қызылғандай орнынан тұрып бірдене айтайын десе жагы қарысып қалғандай. Сол кезде ана екеуі де «есін жинаған» болу керек, залдың шамын жагып мұның жанына келіп бірдене дей беріп еді, Хадиша кенеттен атылған тығындағы орнынан көз ілеспес жылдамдықпен тұра салға Маралдың жағынан тартып-тартып жібергені. Мұны күтпеген болу керек ол ұшып тұсті. Асылжан болса жалма-жан оны көтеріп жатыр. Мұны корген Хадишаның қаны басына шапта. Үстол үстінде тұрған бір ыдысты ала салға Асылжанға сілтесін. Абырой болғанда оған ыдыстың дыбысынан Избасар да оянды. «Не

болып жатыр, ей, соғыс па, ә, сендер екесіндер той» дейді жайбаракат. «Тұр, қайтамыз үйге, немене жатырсың омалып, болды, тұр» деп әйелі оны жұлқылай бастап еді. «Қойшы, ей, бір жұз грамм ішейік те, немене асығасың» дейді ойында дәнене жоқ байғұс. «Қой, Ізбасар, кеш болды. Шаршадық ұйықтайық» деген Асылжаның сөзі есін жиғызды ма үн-тұнсіз киіне бастады. Олар кетіп есік жабылғаны сол еді, Хадиша Асылжанға қайта атылды. Үлкен тостаған көздері шарасынан шығып кеткендей, жаңа аналар тұрғанда өзін-өзі қалай ұстап тұрғанын білмейді, енді тап есінен айрылған адамдай, не істеп, не қойғанын өзі де білмейтін сияқты. Осыны күтіп тұрған Асылжан да корғанайын деді ме, әлде оның да ашуы келді ме, Хадишаны итеріп қалмасы бар ма. Ұшып түскен Хадишаның басы қабыға барып соғылсын, есенгіреп қалған әйеліне Асылжан мойнын бұрып қарамады да ішкі бөлмеге кірді де кетті. Хадиша сол жатқаннан таңертеңге дейін жатты. Ұйықтап қалды ма, әлде есінен танып жатыр ма онымен Асылжаның ісі де болған жоқ. Хадишаның аяғы екінші баласына ауыр еді. Сол ашудың ізімен таңертеңмен тұрды да таныс дәрігеріне барып жасанды түсікпен алдырыды да таstadtы. Содан сөйлеспеген күйі біршама жүрген олар, үйіне ата-енесі келе қалса түк білдірмесстен қарсы алып, шығарып салады. Бірақ енесі бір гәптің барын дегенмен байқап қалса керек, бір келгенде мұны ас бөлмеге

шакырып алды да есікті қымтап жапты. «Отыр» деді иегімен орындықты нұсқап. «Өтірік айтамын деп ойлама, қазір маған бар шындықты айтасын» деді мұны бұлтартпайтындай зілмен. «Не мен байқамай жүр деймісің, не болды, маған бәрін айтасын» деуі мұң екен көптен ішкүса болып жүрген Хадиша солқылдан жылап жіберді. Эбден ішінде жиналып қатып қалған екен, еңкілдеп тұрып жылады, енді қайтсін, кімге, қалай айтарын білмей, акымақтық ашумен барып баласын да алдыртып тастаған оның жан күйзелісі онай емес еді. Енесі де біраз шерін тарқатсын дегендег үнсіз отыр, бір кездे әжетер енді, сұрт көз жасында, сөйт те маған барін айт» деп алдымен дайындалған валидолын ішкізді. Хадиша бұкпестен бәрін айттын, тіпті баласын алдыртып тастағанына дейін жасырмады. Енсесінің еңсесі түсіп кеткендегі, Хадиша ернін тістей қойды, бірақ кеш еді, айтылған сөз – атылған оқ.

Орнынан жайлап тұрған енесі: «Жә, болды, шакылан шәйінді дайындалған әкелерсің» деді де шынып кетті. Мұнысын түсінбеген келіні аң-тан, бірақ айтканын орындауға кірісті. Шәй әбзелдерін котеріп болмеге кіргенде көргені – Асылжанның мойны салбырап тізесіне дейін түсіп кетті, енесі мен атасы үн түнсіз. Келінінің келгенін наїдалынып атасы: «Жарайды, болар іс болған екен, қымызды кім ішпейді» деп ойынға айналдырысы келіп еді, әйелі ала көзімен бір көриғанда жым болды. «Аш күлақтан тыш

құлак» өзі де сөз естіп қалмай тұрғанында дер кезінде үнін өшіргені дұрыс болар. Өйткені, бұл да жас кезінде талай құқайларды көрсетіп, әйелінің көз жасын көл қылмап па еді?! «Үн демеген үйдегі пәледен күтылады» демекші, шал аузын дер кезінде жаба қойды.

Енесінің салиқалдығы мен ақылдығына сонда келіні тәнті болып еді. Үй ішінде жарастық қайта орнады, бірақ сызат түскен көніл бірден жіби қоймап еді. Асылжан кешірім сұрай тұрып, «мамама бәрін бекер айтқансың» деді. Онысы ренжігені ме, табалағаны ма, ол жағына Хадиша ойланбады, үндемеді де. Бірақ жасанды түсік жасатқанының тауқыметін біраз тартты. Араға үш-төрт жыл салып қана әупірімдеп бала көтерді.

Енді міне сол азғындық жолға өзі түскендей. Бәрі сол санаторийден басталды. Демалыс орнына келген күні-ақ асханада бұларды екі екіден бөліп жібергені. Бірге отыруға орын жоқ екен. Ауыса қояйық деп еді, біреуі үлкен ақсақалды ата екен де, екіншісі Хадишадан жасырақ жігіт екен. Құрбыларының да жағдайы соған ұқсас болып шықты, сонымен бұлар үлкен кісілерді мазалауды жөнсіз көріп, орындарын ауыстырмай қала берді.

Он күн де тез өте шықты. Дастанхан басындағы жігіт көркіне ақылы сай, тілге шешен, оқығаны көп ділмар жігіт екен. Әңгіме айтса жанындағыларын аузына қаратады, домбыра тартып, әнді де бір адамдай-ақ айтады. Ай-

тын айтпай не керек, бір сырлы, сегіз қырлы. Алматы жақтан келіпті. Енді төрт құрбы және Асқар бесеуі үнемі бірге жүретін болды. Оның еш обестігі де жоқ сиякты. Төрт келіншек, бір жігіт. Бірақ қайтар күні Асқар неге екені белгісіз Хадишаның жанынан айналсоқтап шықпай койды. Бір кезде ебін тауып, қолына бір жапырақ қағаз ұстартты. Оның не екенін білмесе де алақанын өртеп бара жатқандай ынғайсыз күйге түскен Хадиша қағазды қалтасына тоғытты да жіберді. Пәленің бәрі содан басталды-ау. Асқар бұған көңілін білдіріпті. Отбасының бар екенін де жасырмаған. Осыдан кейін хабарлауды өтінген. Хадиша оған жауап бермеді. Бірнеше коштасу кезінде бұрынғы ашық жарқындығынан екеуі де айрылып қалғандай. Қасындағы құрбылары телефон номерлерімен алмасып, «Алматыға бара қалса кездесіп қалармыз «деп көнді. Үндемей тұрған Хадиша ғана.

Жұмысқа шыққан алғашқы күні-ақ ол телефон соқты. Өзі бермесе де құрбыларынан алаңынан білген, сондықтан таңданбады. Алғашқыда батылсыздың сөйлесетін Асқар бара бара телефон согу күнделікті әдетке айналды. Алғашқыда реніш те білдірді, салқын қабак тағыннан жауап беріп, жыныс сөйлесуді шыгарды. Арасында отбасының бар екенін, жасының кіші екенін де есіне салын көнді. Бірақ.., бірақ. Күндердің күнінде енілі ой де телефонына ауық-ауық қарап қоятынды

шығарды, дауысын естісе жүрегі қағатын болды. Оның соңы екеуінің Алматыда кездесуіне әкеліп тіреді. Хадиша сол шақырумен кетіп ба-ра жатыр. Сонда оқитын қызын сұлтауратып күйеуіне өтірік айтып шыққан беті. Бірақ жаны жәй табар емес. Көніл күпті, іші алай-дүлей, қорқыныш та жоқ емес. «Орта жолдан түсіп қап, кейін қайтсем қайтеді» деп те оқталды. «Мен не істеп келемін осы, есін дұрыс па, Хадиша, сені қай түлен тұртті» дейді ішкі түйсігі. «Жоқ, сен әшейін барып жолығасың да, бәріне нүкте қойып қайтасың» дейді екінші ойы. «Ал сезім-ге беріліп, ала жіптен аттап кетсөң қайтеді? «Мүмкін емес, мен жас емеспін ғой желігетін. Қырыққа келгенде ерек қылық шығарар деуші еді, менікі не бұл, желік пе, әлде...» Сол «әлдеге» өзінің аузы да барап емес, көніл тізгінін де бос жіберуге қорқады. Қызы бой жетіп, ұлы ер же-тіп отырғанда бұнысы несі?! Орыстар «любви все возрасты покорны» деп осындағы желіккендерді актау үшін шығарған шығар. Махаббат дейтіндей өліп-өшіп, күйіп-жанып бара жатақан да ештеңесі жоқ сияқты. Бірақ бір тылсым күш әйтеуір соған қарай тартады да тұрады. Өз ойы-мен өзі арпалысып келген ол тұрып жиналғасы келді. Келесі аялдамадан түсіп қалуға белін бекем буғандай. Бірақ бір сол құдыретті күш оны алға итермелеп тұрғандай, орнынан қозғалмады. Қозғалғысы да келмейтін сияқты.

Сол күпті қалпы ол Алматыға да келіп жетті...

## НЕМЕРЕ

Сағираптың қаққан қазықтай сілейіп отырғанына біраз уақыт болды. Құдды бір қатып қалған тас мұсін сияқты.

— Эже, сен не істеп отырсын, менің қарным шыты ғой, — деген немересінің дауысы оны терен үйқысынан оятқандай селт еткізді. Бірақ не деп тұрғанын түсіне алмай немересіне таңырқай көз тастады. Кішкентай сәби болса да көңіл-күйін сезгендей әжесінің жүзіне ол да сұраулы бетін бұрды. Осы кезде ас үй жактан шешесінің:

— Аманат, бері кел, мен саған ол жакқа жолама деп неше рет айтамын, бері кел, — деген әмірлі дауысы шықты. Сағирап қалың үйқысынан енді оянғандай болды. Жанында тұрған немересінің басынан сыйпай:

— Бара ғой, құлыным мамаң шақырып жатыр. Тамақ береді, бара ғой, — деді жарықшақтанған дауыспен.

— Бармаймын, барғым келмейді, — деді ол да қасарысып. Барғысы келмегенін көрсеткісі келгендей әжесіне тығыла бергені де сол еді, екіндей кіріп келген келіні баланы оның баурынан жұлыш алды. Сағираптың жаны шығып кете жаздаса да:

— Бара ғой, қоңыр қозым, мамаң тамағынды береді, — деп немересін ақырын ғана ығыстыра беріп еді, оны түсінер бала бар ма:

— Бармаймын дедім ғой, бармаймын, өзін бер тамақты, — деп жер тепкілей отыра кетті.

— Қарай гөр мынаны, мен саған көрсетейін бармағанды, жүр кане, — деген келіні баланы желкесінен бір түйді. — Немене, әжене жабысып қалып ең, жүр, тамағыңды беремін, — деп әйшәйға қаратпастан баланы көтеріп ала жөнелді. Бакырып-шақырып ол кетті. Сағираш өз ойымен әлек болып тағы қалды.

Сағираш күйеуінен ерте айрылды. Колындағы шиеттей екі ұлымен қалғанда «енді қайтып өмір сүремін, мына екеуін қалай жеткіземін, жесір қатын, жетім бала атанып енді кімге керек болар екенбіз» деп зар илегенде маңайындағының бәрінің сай сүйегін сырқыратып еді. Бірақ уақыт емші емес пе. Келе-келе Сағираштың жан жарасы бірте-бірте жазылып, екі ұлы бар қызығына айналды. Енді біреумен бас қосып, қайта түтін түтету ой тұрмак санасы да келмеді, бар қызығы осы екеуі болды. Бейбақтың ендігі арманы балаларына білім беріп, азамат етіп өсірумен бірге алдымен немере сүюді армандады. Құрбылары «немене сонша әже болуга құмарсың, қартайып тұрған жоқсың ғой, аз да болса өмірдің қызығын көрмейсің бе» дегенде: «Қойындаршы, өмірдің қызығы бала емес пе, немере балаңнан да тәтті дейді ғой» деп бұл да өзеурейтін.

— Солайы солай ғой. Бірақ келінің қандай болып кездеседі. Әпер бақан біреу бола ма, әлде

баланды бөлек алыш кеткісі келетін бір шүйке бас бола ма, – деп құрбылары лепірген көңілін су сепкендей басатын.

– Немене сендер әлі түспеген келіннің тек жаман қылыштарын тізбектеп, тіпті ауыздарың күйіп қалған жандар сияқты, келін десе төбе шаштарың тік тұрады ғой. Әлде өздерің де сондай келінсіндер ме, – деп бұларды қағытып кояды.

Тұ-у, саған дауа жок екен, – деп құрбылары қолдарын сілтеуші еді. «Жаманның айтқаны өмес, сандырағы келеді» деп Сағираш олардың айтканына енді ғана мән бергендей.

«Ұрыстың басы бок жеместен басталды» демекші, алғашқы кикілжің үлкен келінімен немере үшін басталып еді. Бір күні шәй үстінде келіні:

– Мына бала сізге тым бауыр басып барады, жакындана бермесінізші, – дегені. Сөзі түйеден түскендей. Сағираш қапелімде не дерін білмей өз баласына қарады. Сондағысы: «Балам сен бірдене демейсің бе? Балаларыңды менен қызынғандарың ба» дегені еді. Бірак бар болғыр баласы ештеңе естімегендей меніреу сияқты үн-түнсіз қалды.

– Еркелетсем өз немерем, өз балам, өзімнің аузынан түскен. Сендер өз балаларыңды туып алындар, – деп кішкентай Аманатты бауырына қыса түсті. «Сені кім туды, Амантай». «Апам «аң» дегенде аузынан түстім». Бұл күнделікті

үйде бірнеше рет қайталанатын әңгіме. Сол әдеттепен Сағираш тағы «Амантай, сені кім туды» дей бергені сол еді, келіні шап ете қалды: «Болды жап енді аузыңды, сен ешкімнің аузынан түс-кен жоқсың, сені мен тудым» демесі бар ма? Ой сұмдық-ай! Мұны естігенде Сағираш отырған орнынан құлап қала жаздады. Немересі болса «мынау не айтып отыр» дегендегі шешесіне аңтарыла қарап қалыпты.

— Болды, қойыңыз енді бұл сандырағыңызды. Ертең өскенде бұл бала бізге жат болып кетеді. Естіп жүрміз ғой не бір сұмдықтарды, баланы баурыңызға басқанды қойыңыз. Бүйте берсеңіз сізден суығанша өз мамама апарып та-стаймын, біраз сонда болып қайтсын, — деген келіні орнынан екпіндей тұрды.

Сағираш тағы ұлына қарады. Жанарында «сен бірдене десенші мынаған» деген сыңай бар.

— Иә, мама, сіз тым еркелетіп барасыз оны. Бізді тындаудан қалып барады. Тіпті Индира-ның қолынан тамақ та ішпейтін болып барады. И вообще, осындай қазакпайскийді қою керек қой. Бала өз әке-шешесінде болуы керек. Сізге жақсы көрме деп жатқан жоқпыз ғой. Но зачем «мен тудым» деп өтірікке үйретесіз. Оның өз шешесі бар. Сосын Дәурен не Аманаттан бөлек тәрбиленуі керек пе, не-е, екеуі бірге болуы керек. Индира дұрыс айтады. Нечего баловать одного.

Саги бұны басын көтермestен айтты. Сағи-  
раштың тілі байланды. Ләм деместен өз бөл-  
месіне кірді де, кешке дейін шықпады. «Неғып  
житырысың, тамақ іш, не болмаса ауырып қал-  
мады ма деп бәйек қаккан да ешкім де болма-  
ды. Тіпті немересінің де үні естілмеді. «Қой,  
— деді өзіне өзі Сағираш, «бет жыртыспай тұр-  
ғанды, баламнан мұлдем айрылмай тұрганымда  
бұларды бөлек шығарайын. Мына түрімізben  
ақыстын сыйласқанымыз дұрыс болар. Келін-  
нің мына түрі жаман. Ертең баламмен де ара-  
настырмай жүрер, бөлек шықса шықсын» деді  
күбірлеп. Бірак тынысы тарылып, кеудесіне өк-  
еік тығылып, ет бауыры езіліп кеткендей бол-  
ды. Сен сокқан балықтай мен-зен қалпы орны-  
нан тұрып бөлмесінен шықты. Балалардың  
жатын болмесінен дауыстары шығады. Аракі-  
дік күлкілері де естіледі. Сағираш ас бөлмеге  
бетtedі. Беті жабылған бір табақты көріп «е-е-е,  
маган құйған атаулары болды ғой» деді өзінен  
мыре етті. Қай қайдағы сөз келеді еken ойына.

Түні бойы дөнбекшіп, көз ілмей шыққан  
Сағираш енді балаларының тұруын күтті. Бұ-  
ғын демалыс. Әдетте олар «бір демалыс қой, үй-  
кымызды қандырайықшы» деп түске дейін жа-  
ттын. Сағираш болса ондайда немересі екеуі  
түнгі астарын асықпай ішіп болып, таңғы ауа-  
мен далада қызырыстап келіп, оларға тамакта-  
рын дайындастын. Бұғын ол әдет жоқ. Жанында  
тіпті немересі де жоқ. Беске келіп қалған Ама-

нат бүгін бірінші рет мұның қойнына жатпады. Сағираш енді андысын андыды. Тұргасын олар не дейді екен? Әңгімені өзі бастаса ма, әлде...

Алдымен керіліп келіні шықты. Шашы ұйпа-тұйпа ол дастархан басында отырған енесін байқамағандай жуынатын бөлмеге өтті. Артынша ұлы да көрінді. Ол да ұры мысықтай баспалап өте шықты. «Белгілі болды әуселері» деп ойлады Сағираш. Енді түсінікті, қазір бір «жаңалықты» еститіні сөзсіз. Келіні үн-түнсіз журіп шәй қамына кірісті. Немерелері жақтан дыбыс жок, тым-тырыс. Ойпырым-ай Аманат мұнша уақыт ұйықтамаушы еді ғой, қалай ғана шыдан жатыр екен?! Сағираш ұрлана олар шығатын жаққа ауық-ауық қарап қояды.

Таңғы ас біреудің жаназасында отырғандай тым-тырыс тыныштықпен өтті. Бала басын көтермейді, келін «сен тимесен, мен тимен» дейтін сыңайлы. Бірақ жүзінде «кімнің сөзі өтімді екен» деген нышан бар. Сағираш бір кесе шәйін ішті де кесесін әрі сырғытып койды. Келін бұрынғыдай «ішпейсіз бе» демек түгіл мойнын бұрған да жок.

«Иә, бұлардың әуселері белгілі болды, не болса да өзі бастасын деген саясатты ұстаған болды ғой» деп әңгімені өзі бастауды жөн көрді. Баласына тағы бір қарап еді, сол басын тұқыртқан күйі отыр.

— Шырактарым, ойланып-толғанып бір шешімге келдім, соны сендерге айтайын деп от-

ырмын, – деп балаларына тағы бір көз жүгіртті.  
Екеуі де меніреу сияқты. Үндемейді.

– Қолымда бірнеше жыл тұрдыңдар. Екі немере сүйгіздіңдер, оған да құдайға шүкір. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Енді ана үл үйленем деп жүр ғой. Сендерге рұқсат, өз әлдәріңдеріңде отауларыңды құруға қарсы емеспін. Осы бейсенбіде құдалар мен жақын туған-тұсынан шакырып бір құдайы тамақ берейік, елдің батасын алып дегендей, – деп келе жатыр еді, келіні жұлып алғандай:

– Зачем все эти церемонии и лишние затраты, лучше мы на эти деньги что-нибудь для дома приобретем, да, Сакен, – демесі бар ма?! Ұлда тағы үн жок.

– Мейілдерің, өздерің білерсіңдер. Мен сендерден акша сұрап отырғаным жоқ, оған не көп шығын кетер дейсін... бір жарты қойдың еті мен бір шәй ғана ғой, – деді біраз үнсіздіктен соң.

– Расында, мама, соның бәрінің керегі не, оларға не керек ішеді де кетеді, они этим наши проблемы решат что ли, керегі жоқ, и еще начнут судачить неге кетті, не болды деп, – деді бағанадан бері үнсіз отырған ұлы.

– Жарайды, онда өздерің біліндер, мен батамды бердім, – деп Сағираш орнынан тұрды. Сол тұрганнан күні бойы бөлмесінен бір шыққан жоқ. Немересі де жоламады. Бірақ естіп жатыр, балаларының бөлмесі сатыр-сұтыр, құдды бір секіріп, топырлап жүргендей. Бір уақытта

бәрі тыныштала қалды. Естіп жатыр. Бәрі то-  
пырлап сыртқа шығып бара жатқан сияқты.  
Немерелері бірдене деп келе жатқан сияқты еді,  
келіннің: – Все, замолчали и быстро на улицу,  
– деген зілді дауысы естілді. Артынша мәшине-  
нің от алған дыбысы да жетті құлағына. «Е-е,  
бала шағасымен қыдырып қайтайын деген ғой,  
расында бір үйде томсырайып отыра бергенше  
сейіліп келгендері де дұрыс шығар» деп ауыз  
бөлмеге шықты. Ол жерге де сыймады. Қайтып  
айналып өз бөлмесіне келді. Кіші ұл достары-  
мен «табиғат аясында демалып келеміз» деп  
кеткеніне екі-үш күн болып еді, «ендігі келіп  
те қалар, тамағын дайындал қоя салайын» деп  
ас бөлмеге кірді. Бағанағы таңғы ішілген тамақ  
сол күйі жиылмапты.

Күйбін-күйбін тірлікпен жүріп Сағираш кеш-  
тің қалай батқанын да білмей қалды. Не үлкен  
ұл жок бала-шағасымен, не кіші ұлдан хабар  
жок. Сағираш енді үйге сыймайын деді. Ақырын  
немерелері жататын бөлменің есігін ашты. Одан  
ұлының бөлмесіне ақырын бас сұқты. Екі бөл-  
ме де апыр-топыр. «Сұмдық-ай, мыналар көш-  
іп кеткеннен сау ма?» Сағираштың жүрегі зырқ  
етіп отыра кетті. Кештетіп келген баласы мен  
келіні оны сол күйінде өз бөлмелерінен тапты.

– Мама, біз пәтер тауып келдік. Ертең кешкі-  
сін көшеміз, ал балалар кедергі жасамасын деп  
мамама апарып таstadtық, – деді келіні Сағи-  
раштың көніл күйін байқамағандай. Сағираш

үндемеді. Содан бөлмесіне келіп ал ағыл-тегіл коз жасына ерік берсін. «Кезінде құрбыларым бол ашқандай қандай біліп айтқан, келіннен бе, әлде жетесіз-жігерсіз баладан ба? Қай жерден кетті кемшілік? Құдалардың бұнысы несі екен, балаларды алып қалғаны несі, неге айтпайды, «оу, өзінің әжесі үйде отырған жоқ па десе қайтер еді, әлде олар әжесі баға алмайды деді ме екен». Олай болуы да мүмкін еді. Бірде қудағиымен сөзге келіп қалғанда «балаларды сізге бергізбеймін, баға алмайсыз» деп еді. Қапелімде сөз таба алмай қалған Сагираш «баға алмайсың дегеніңіз не» дегенде құдагын мардымды ештеңе айтпап еді. Жел сол жақтан соғатын сияқты. Қит етсе келіні де «мамам айтты» дейді де отырады. «Бүгінде қызына басу айтып, сол үйге тастай батып, судай сің» дейтін аналар азайып барады. Қит етсе қызының құлағын көтеріп, үйт, бүй дейді де отырады. Оның үстіне мына сөтке телепоны да нәле болды» деп автобустың ішінде бір кейуана жанындағы отырған әйелге мұнын шағып отырганын естігені бар еді.

— Е-е, не дерініз бар ма?! Келініңізге өкпелеп қайтесіз. Пәленің бәрі өз балаңызда болып тұр гой, байғұс-аяу, — деді сонда жанында отырған бір мосқал әйел. — Балаң ез болып тұрғой. Келініңің тарпандауы да содан емс пе? Өз колынды өзің кесесін бе?!

Сол өзінің де басында барын Сагираш енді

сезгендей. Іші удай ашып, журегі езіліп кеткендей болды. Енді жылайын десе көз жасы да таусылып қалғандай. Ойы он сакқа жүгірді. Баласы осы келінге үйленер кездे «балам, білмейтін жердің, білмейтін елдің қызы еken. Осы жақын маңнан білетін жерден алсақ қалай, ананың қызы, мынаның қызы бар деп келе жатыр еді:

— Мама, я все это понимаю, бірақ мен оларды жақсы көрмесем қайтемін, қорықпашы Индира жақсы қыз, мінезі саған тартқан ашық, мен сонын жақсы көрдім ғой оны, жалынамын, мама, рұхсатынды берші» деп қылышп отырған соң баласының көңілін қалдырмап еді. Келіні екі айдың ішінде-ақ мінезін көрсетіп алды. «Қой, біреудің жалғыз қызы ғой, жастығы болар, әлі бала туған соң қояр өзі» деп Сағираш өзіне токтау айтышп еді. Бала туғаннан кейін ол мінезі үдемесе басылмады. Сағираш құрбыларына айтудға ұялды. Айтқан күнде де олар не істейді дейсін, қайта отқа май құяр. «Жабулы қазан жабулы күйінде қалсын» деп Сағираш та іштөн тынды.

Бөлек шығып балалары тынды. Анда-санда келіп тұрған болады. Аманаты да баяғы немере емес сияқты, бөлектеу, томсырайып онша жуи қоймайды. Тіпті қалышп қойған бір заттарын көрсе «мынау біздікі» дейтін болыпты. Бейбак ана оған да көнді.

«Күйрдақтың көкесін, түйе сойғанда көресің» депті баяғыда біреу. Уақыт емші. Үлкен ұл

мен кесапат келіннің мінзінен енді өзіне келе бергенде жарты жылдан кейін екінші ұл үйленді. «Ақ түйенің қарны жарылып» Сағираш бар жинағанын шашып той беріп, құда шақырды, жоралғысының бәрін жасады. Обалы не керек, үлкен баласы мен келіні де шама-шарқынша комектесті, бір үй болып құдаларына есіктерін көрсетіп жатыр. «Жесір қатын, жетім ұл атап-паймын» деп әйтеуір жолынан қалмайын деп барын салды. Ендігі жерде кіші баласы мен келіннің тілеуін тілеп, бір немерелі болуын асыға күтті. Келін бостау, байқайды, шаруаға онша ыңғайы да жоқ сияқты. Көп жөн-жосықты да біле бермейді екен. «Мейлі, әлі жас қой, үйрениер, өмірдің өзі үйретер» деп біраз нәрсеге көз жұма қарады. Оның үстіне үлкен келіні де келіп-кетіп жүргенінде әр нәрсені үйретіп, айтып жататынын да құлағы шалып қалады. Сағираш оған да мәз. Үлкен келіннің ақылы кіріп қалған екен деп оған бұл риза. Бірақ бірде келгенінде келіні:

— Мама, енді немерелі болғанда Аманат пен Дауренді бөлектемейтін болыңыз, бәрін бірдей жақсы көріп, бірдене алсаңыз бәріне бірдей алатын болыңыз, — демесі бар ма?! Өзінің не айтып, неге кеткенін естен шығарғандай.

— Онда Аманатымды өзіме қайтар, сонда ала-лаушылық болмайды, — деді бұл да. — Өзім мектебіне апарып, алыш келіп тұрамын.

— Болмайды, — деді ұлы сөзге араласып. —

Екеуін бір-бірінен бөлек өсіруге болмайды, жатсынып кетеді.

— Онда маған өкпелемендер.

Сөз сонымен бітті. Аманат пен Дәуренді алдарына салып олар кетті.

Екінші келінің аяғы ауыр болғаннан бастап Сағираштың да мазасы кеті. Әлсіз келіні баланы ауыр көтерді. Қайта-қайта дәрігерлерге көрініп, ішпеген дәрісі, алмаған емі қалмады. Сөйтіп ол туғанша келініне өзі келін болды. Оны көрмей отырған құрбылары бар ма?! Табаламаса да ара кідік бірденелерді айтып қояды. Сонда да Сағираш дес бермейді. Іштей мойындаса да ауыздарын жауып тастайды. Бірде тіпті қатты кетті. Бір құрбысына «өз келінінді жөндеп ал» деп еді, артынша аралары суыды да кетті.

Қызыл шақалакты үйге әкелгеннен бастап Сағираш дүниенің барлығын ұмытты. Нәрестенің асты-үстіне түсіп бәйек болды да қалды. Өзі білгендерін жасап, одан қалды үлкенabyсының айтқанына құлак түріп, әйтеуір нәрестеге ет жинатты, ширықтырды. Оның аяғы мен тілі шыға бастағанда тіпті оны өз балаларынан да қызғанатын болды. Түнде қойнына алып жатады, қыдырса бірге алып жүреді. Аналар жақындарап қалса болды, қызғыштай қорып қолдарынан жұлып алатынды шығарды. Өзі онысынан андасанда үркіп те қалады. «Осы баланы тым жасқы көріп кеттім, тфә-тфә, Алла тағалам, көпсінбей аман қыла көр» деп тәубәсіне де келіп қояды.

Түн ортасында немересінің қызы көтеріліп жатқанын көріп Сағираштың төбе шашы

тік тұрды. Жалма-жан компресс қойып бәйек болды да қалды. Балаларын оятпады. Түнімен коз ілмей шыққан ол таңертең келіні мен баласына Жазираның ауырып шыққанын айтып еді, келіні «скорый шақырайык» деді. «Қоя тұр, бақылап қөрейік, сұықтап қалған шығар, онан да аптекадан дәрі-дәрмек әкеліндер, өзім қөрейін. Дәрігер шақыртсандар қазір жаз уақыты, бірден ауруханаға алып кетіп жүрер» дегеніне қарамастан келіні телефонға жүгірді. Аузын ашып үлгергенше жедел жәрдем шақыртқан келіні баланы енесінің қолынан жұлып алып, «әкеңіз сіз балаға қарай алмайсыз» демесі бар ма. «Не дейсің, жаным-ау, қарай алмағаны несі, бала болғаннан соң ауырмай тұрмайды ғой». Сағираштың дауысы сенімсіз шықты. Сөйткенше болған жок, бажылдаپ жедел жәрдем де жетті. Шақырламай-ақ тұрған екен. Келіні баланы құшақтаған күйі алдарынан шықты. Келген фельдшер екен, баланы олай-бұлай бір қарады да «мына бала гастрит» қой демесі бар ма?

О, тоба, о заманда бұл заман тоғыз айлық баланың гастрит болғанын кім көріпті.

— Қой, айналайын, о не дегенің?! Көзің рентген бе, саусағыңмен көрдің бе?

Фельдшер Сағираштың не деп жатқанына пысқырған да жок. «Әкелінің баланы, — деді келінге қарап, қазір димедрол мен аналгин салам, сосын ауруханаға жатқызыңыз» деп дәрі-дәрмектерін дайындай бастады.

— Аналгинің өзіне, жасамайсың.

Сағираш баланы келінің қолынан жұлып алды. Сөйткенше келіні де қарап тұрмады, баланы қайта жұлып алды.

— Болды, бермеймін енді. Сіз не білесіз, сіздің заманыңыз өткен, балада енді жұмысының болмасын. Өзім емдемемін. Қанша айттым, сізге балаға қарай алмайсыз деп...

Сонымен не керек келін баланы ауруханаға алды да кетті. Үйде жалғыз қалған ол орнынан бір тұрды, бір отырды. Жүргегі езілердей болып қапаланған екі қолын бір жерге сиғыза алмай «үйлей» береді. Енді бар тапқаны ас бөлмеге келіп, барлық ыдыстарды қайта жуып шықты. Келінің ыдыс жуғанын да онша жақтыра бермейтін енді мына істен бір басу тапқандай, көнілі аз да болса жайланаіын деді.

Осыдан өз өзіне келген ол келінің артынан барып тұрмаса да, оның үстіне «керегіжок, мамам күнделікті келіп, тамақ әкеліп тұр» деп баласынан айтып жіберсе де тамағын пісіріп беріп жібереді. Сөйтсе де баланың жағдайын білмей отыра беруге дәті шыдамады. Келініне телефон соқты, хал-жағдайларын сұрастырып, не ем беріп жатқанын білгісі келді.

— Күнде кешкілік спиртпен сылап, күндіз аналгин мен димедрол салып жатыр.

Мұны естігенде Сағираштың қаны басына шапты. Келіні жанында тұрғанда тұтіп жібере ме еді, кім білсін, эттең аяғы жетпей қалды.

— Онда үйге қайтындар, қазір қайтындар, не-мене күнде-күнде де жас балаға димедрол салдырып наркоман етейін дедіндер ме, — деді зілдене. Келіні телефонын өшіре салды. Сағираш аурухананың бас дәрігеріне телефон соғып емдеу тәсілінің мәнісін сұрады.

— Мен сізді жақсы түсініп отырмын, апай. Иә, қазір жас балаларға ем жасау тәсілі көп өзгерді, сіздер сондықтан көп ретте қабылдай бермейсіздер. Дегенмен, немереніздің жағдайы жақсы болса бүгін шығартайын, — деді биязы дауыспен дәрігер.

Арада бір айдай өткен шамада кешкілік асты ішіп болғаны да сол еді келіні:

— Мама, мен көп-көп ойланып сізге бірдене айттайын деп ем.

— Иә.

— Мен бөлек шыққым келеді. Үй қаастырып қойдық, — деп қарап тұр.

Сағираштың сөйлеуге шамасы келмеді. «Мен шештім, мен ойландым» дейді. Бұл ұлының да дәрменсіз болған-ау.

Тұні бойы көз ілмestен аһылап-үhілеп ертеңгісін тұрғанда балаларының жүктерін жинап жатқанын көрген оның жүрек тұсынан біреу пышақ сұғып алғандай, шатқаяқтап құлап бара жатты.

## ПЕРЗЕНТ

Айғанымның бойына бала біткеннен-ақ Жұмағалидың дегбірі қашып, мазасы кетті. Өйтпеске не шара?! Ауыл сыртындағы қорымның ішіндегі сегіз төмпешік Айғаным мен Жұмағалидың кіндігінен шыққан сегіз перзенттікі. Шекесі торсықтай үлді да, уыздай қызды да егізімен де дүниеге әкелген Айғанымның қуанышы да, қызығы да үзакқа бармайды. Дүние есігін аша сала бір сәтте-ақ көз жұмып кете береді-ақ. Кінәраты неден екенін ешкім түсініп болмайды. Тіл-көз тиді десе оған ұқсамайды. Сәбілерді жалмап жатқан шешек ауры дейін десе, оған да қисыны келмейтін сияқты. Осының бәрін көтеру оңай ма, Айғаным да жүдеп-жадап бітті. Оның үстіне қайын жұртының пыш-пыш сөзі де жанына батып барады. «Ойбай, не дейсін, Айғаным күнәкәр екен. Сондықтан да балалары тұрмайды екен» деген сөздерді естіп қалып жүр. Күнәсі неде екенін өзге түгілі өзі де білмейді.

Су әкеліп киіз үйдің сыртына шелектерін қоя бергені сол-ақ еді атасының «Бәйбіше, сениң не ойың бар, мына келін бізге бір шақалақты сүйгізе ме, әлде өзі жалғыз баламыз осылай ку бас болып жүре бере ме, бір нәрсені ойластырсақ қайтеді» дегенін естігенде төбесінен жәй түскендей болды. Одан әрі сөздерін тынданмай-ақ қояйын деген оймен кетіп қалмақшы болып еді, аяғына тас байлап қойғандай орны-

иан қозғала алар емес. Өзі де тас болып қатып қалғандай. Бір кезде енесінің «Қайтейін, оны ойламай жүр дейсің бе, бишара келіннің өзіне де онай тиіп жүр дейсің бе, әлде?! Оның не кінәсі бар, сегіз құрсақ көтеру онай дейсің бе, шал-ау. Әліппенің артын бағайық. Жас қой әлі. Сонда неғыл дейсің маған» деп таусыла сөйлегенін естігендे көкірегі қарс айрылып, дыбысының қалай шығып кеткенін өзі де білмей қалды. Үйден сүріне-қабына жүгіре шыққан енесі есінен таныш жатқан келінін көргенде көзі шарасынан шықты.

— Жазған Аллам-ау, енді қайттім. Шал, ә шал. Ойбай, құрыдық. Кел мұнда, шық тез. Келін есінен таныш қалды. Ой-буу, естіп койдый ау. Қайдан ғана бұл әңгімені бастай қойып ен, енді қайттік, қазір Жұмашым келіп қалса енді не бетімізді айттық, — деп аузы тыным таппай жүріп келіннің басын сүйемекші болды. Денесі былқ-сылқ еткен келінін көтеру қайда, өзі қоса құлап тұсті.

— Эй, бар болғыр шал-ау болсайшы, не болды омалып, шықсаншы тез, — деп шалына қатты-қатты сөздер айтқан Салиқа айқай салды.

— Кебісімді кие алмай қалдым ғой. Аяғына кебісін киер-киместен далаға шыққан Қартабай карт серейіп жатқан келінін көргенде шынымен сасайын деді. Қай жағынан келерін білмей абдырап тұрғанын көрген Салиқа «ойбай, ұста аяқ жағынан, көтеріс» деп шалына бұйыра сөйледі.

— Бисимиллә, — деп Қартабай келінінің аяғына қол созды. Екеулеп жүріп Айғанымды үйге кіргізіп жатқызды да «енді не істейміз» дегендегі бір-біріне абдырай қарады. Есін Салиқа жиды.

— Шал, қарап тұр ма, бар да ана Сұлукул абысынды шақыр. Аздап ем-дом салушы еді ғой. Шақыр, тез, — деп өзі келінінің үстін қымтады.

— Байғұс балам-ай, сонша азапқа түсетіндей кімнен келіп, кімге не жаздың сонша. Кімнен көріп, кімнен өш алайын, — деп дауыс қыла бастады. Сол дауыстан ба, әлде өзі есін жиды ма Айғаным көзін ашқанда жанында сұнқылдан зарлап отырған енесін көргенде шошып кетті.

— Апа, не болды, неге жылайсыз, — деген оның дауысын естігенде Салиқада зәре қалмады.

— Ойбай, көтек! Орнынан тұра қашайын деп еді, байланып қалғандай. Сөйлейін десе аузына сөз түсер емес. Айғаным әзер басын көтерді. Мен-зен, не болғанын түсінер емес. Осы кезде Сұлукулді ертіп Қартабай да жетті.

— Салиқа, келді Сұлукул. Өні боп-боз болып кеткен Салиқаны көргенде Қартабай да абдырап қалды. — Эй, Сұлукул, болсаңшы, не қарап тұрсың, көрмейсің бе, не болып жатқанын, — деп женгесіне дүрсе қоя берді.

— Ойбай, қайным-ау, сен неғып тұрсың, шықпайсың ба тысқа, — деп күле жүріп Қартабайды тысқа қарай итермеледі.

— Жә, аса қорқатындағы ештеңе жоқ сиякты,

— деп ем-домын жасап, үшкіріп болғаннан соң Салиқаға қарап, — ал, абысын, құрсақ тойына дайындала бер, Алла амандығын берсе, шаңырагында інгәлаған дауыс та естірміз. Деуін деді де, тосырқап қалды. Келіннің де, ененің де жүнін қуаныштың нышаны байқалмады. Қайта шашшу қадалғандай Айғанымның өні онан сайын қуара түсті. Енесі болса жер шұқылап төмен қарады. Бір нәрсені сезгендей Сұлукұл де:

— Ой-буу, әлгінде келін нан жауып жатыр еді, алғі жаманы қолын «байлап» жатқан шығар. Қой, кетейін деп есікке беттеді.

— Иә, айтпакшы, абысын, мына көрші ауылда бір үлкен кісі бар. Келінді сол атаға көрсетіп алсандар артық болмас, — деп шығып жүре берді.

Айғаным тұрайын деп еді, енесі шыр ете қалды.

— Қайда барасың, жата тұр, қазір шай берейін, — деп ұша жөнелді. Айғаным әлі есін жияр емес. Енесінің мына қылышын түіне алмай мен-зен.

— Апа, Айғаным. Жұмағалидың дауысы үрәйлі шықты. Сірә, әкесі айтып үлгерген болар.  
— Не болып қалды, неге жатырсын?!

Айғаным бағын көтермек болып еді, қозғала алмады. Денесін басқан зіл тастан да ауыр снякты, оксіп-өксіп жылағысы келіп еді енесін үялды.

— Балам, қазір бір шынайқ шәйін берейін, со-

сын отауға апарып жатқызарсын, – деп Салиқа келініне ыдыс ұсынды.

Ертесіне Жұмағали атты арбаға жекті де, Айғанымды қалың төселген көрпенің үстіне еппен отырғызды. Оны көріп тұрған әке-шешесінде үн жоқ. Кінәлі адамдардай дыбыстары шығар емес. Әшейінде болса Қартабай ақсақал: О, ененді ұрайын, катын жандысын қараши, – деп бір түйреп қалушы еді. Кешегіден соң мысықтай болып қалған сияқты. Оның үстіне келінің тағы да аяғы ауыр екенін естіген соң тұнімен тәубәсіне келіп, Алладан бір амандық сұрап, осы перзентін көрсете беруін тілеп шыққан еді. Енді қайтсін, өзі де алты құрсақтан көргені жалғыз Жұмағали болған соң бойын күмән мен қорқыныштың билегені қашан. Жалғыз тұяқтан тұқым қалмай ма деген ой жанын жегідей жеп барады. Әйтпесе, Айғанымға басқа тағар кінәсі жоқ. Үріп ауызға салғандай келіні босағаны аттаған тоғыз жылдың ішінде кесе көлденен өткен емес, шаруасына мығым, артық сөзі жоқ. Жұмағали десе ішкен асын жерге қояды. Бір айыбы сол – баласы тұрақтамайды. Кеше Сұлукұлдің айтқанын ести сала құдайдың таңы атқанша дегбір таппады. Жұмағалиға тездетіп көрші ауылдағы көріпкелге апарып келуін қадағалап айтып еді. Енді, арбаның да жегілуі содан болатын.

Айғаным мен Жұмағалиды көріпкел шынымен де күтіп отыр екен. Өзі алдарынан шығып

кірсі алды. Мұндай құрмет әркімге жасала бермейтінің жұрттың көпшілігі біледі.

— Отырындар, караптарым. Білемін, қасіреттерін ауыр-ақ. Алла тағаланың рахымы сендерге де түсер. Шыдамды болындар. Оның нығметіне бөлөнсөндер, сендерге де мейірімі түсіп жәрдем етер. Мына жерге отыр, келін шырақ, — деп Айғанымға ірге жактағы орынды ұсынды.  
— Сен де отыр, балам.

Көріпкел дұғасын оқып, батасын бергенде ет пісірім уақыт өткен еді.

— Ал, балалар, егер де менің айтқанымды бұлжыттай орында, шыдамдылық танытсандар, Алла Тағаланың ықыласы сендерге де түсер. Бір Аллаға құлшылық етіп, айтқанымның бәрін түтедей орындандар, — деп қайталап, екеуінің қалай мінәжат етуін түсіндірді.

— Балам, сен Алла Тағаладан перзент сұрап, мойныңа бұршақ ілесің. Келіннің ай-күні жетін, толғагы қысканда мойныңдағы өзі үзіліп түсуі тиіс. Алайда, тоғыз ай бойы, аптап ыстықта, сакырлаған аязда бір сәт те мойныңнан алмай жүру онай емес. Соған шыдасаң ғана тілегің беріледі. Ал, келін шырақ, сенің қайын жұрттыңда елге сыйлы болған бабаң болған. Босануға әз уақыт қалғанда сол атаңың басына барып жалғыз озің корымға барып түнейсің. Аруақ саған аяни береді. Қорықпай, айтқандарымды бұлжыттай орындасан ғана тілегің қабыл болады, — деп тагы да дұғасын оқып бетін сипап, екеуін шығарып салды.

Қайтар жол екеуіне де онай болған жоқ. Көріпкел атандың айтқандарын ой елегінен өткізіп екеуі де үн-тұнсіз.

— Жұмаш, мені төркініме қайтарсың қайтеді. Ешкімге өкпем жоқ. Мандайыма жазғаны осы шығар. Элі жассың, бағыңа тұсау болмайын. Айғаным өз дауысын өзі танымады. Құдды мұның аузымен өзге біреу сөйлеп отырғандай. Мұны естіген Жұмағали аттың басын кіlt тоқтатып, келіншегінің бетіне тандана қарады.

— Айым, мұны сен өзің айтып отырсың ба, әлде кеше әке-шешемнің сөзінен кейін ойына келді ме?! Апам кешегі болған оқиғаның мәнжайын айтып берген. Оларға ренжіме, түсінуге тырыс. Мені жалғыз қалады деп қорқады. Эйтпесе, саған тағар кінәсі жоқ. Аяғыңың ауырлағанын естіген соң өздерінің де естері шығып кетті. Сені осы жерге алап келгенше тыным таппады ғой. Алланың бұйырғанын көрерміз.

Жол бойы Айғаным үнсіз көз жасын сұртумен болды.

Үйге келе сала Жұмағали анасынан мойнына бұршақ оралған орамал тігіп беруін өтінді. Мұндайды бұрын соңды естіген Салиқа да сөзге келмestен ұлының тілегін орындағы. Жұмағали үшін Құдайдың қияметі енді басталды. Мойындағы орамал терге малынды, суға да салынды, термен сасып, биттеді де. Жұмағали соңда да шыдады. Елдің ортасында жүруден,

Айғанымның жанында жатудан қалды. Оның бұл күйін көрген анасының да, Айғанымның да жанына батты. Қартабай аксақал болса не де болса іштеп тынуда.

Айғанымның босанар уақыты арқаның акпандагы шыңылтыр аязына келді. Босанатын күні жакындады дегенде Жұмағали атты ертеп Айғанымды жылы киіндіріп, екі кештің арасында ата-бабаларына жатқан зиратқа қарай беттеді. Зиратқа жете бере тізерлей отыра калып, көзін жұмып іштей дұғасын оқып, Айғанымға қарамастан ауылға тартты. Ол кеткен соң Айғаным біраз жүрегінің аптығын басып, атты жақын мандағы бір шидің түбіне байлады да, білетін дұғасын оқып зираттың ішіне кірді. Бейіттің іші тас қаранғы болмаса да, азынап, бойына қорқыныш ұялатты. Арқасын төсей аяқ жакты ала келіп отыра қалды, тағы да білетін дұғасын іштей қайталай бойындағы қорқынышты басып, көзін қаранғылыққа үйрете бастады. Қыстың кою қараңғылығы ерте түсіп, көз байлагандай ештеңе көрінер емес. Айғаным өз жүрегінің дұрсілін естігендей. Бойын қорқыныш пен үрей билесе де, өзін өзі жұбатып қояда. Бір кезде экесінің айтқаны түсті. «Адамның пішілі барған сайын бұзылып бара жатқан мына заманда зиратта жатқан өліктен емес, тіріден корқу керек. Кейде пананы да, көмекті де кайта зираттан табасын» дегені рас екен ғой

деп әрнәрсені есіне түсіріп отырып, көзінің қалай ілініп кеткенін де байқамады. Түс көріпті. Түсінде екі иығына бір ак, бір көк көгершін келіп қонған екен. Қолын созып ак көгершінді ала бергені сол еді оның ұша жөнелгені. Айғаным қолын енді көк көгершінге созды. Ұшып кетпесе екен деп ақырын ғана көк көгершінді саурынан сипап еді, құс ұшатындаи сыңай танытпады. Батылданған келіншек құсты шап берді. Құс онда да ұшар емес. Қайта мұның бауырына тығылғысы келгендей басын Айғанымның көкірегіне тіреп, мұның төсін аймалағандай болып жабыса түскен сыңайлыш. Келіншек жалма жан көкірегін ашып жіберіп еді, көгершін төсін иіскелеп емгісі келгендей тұмсығын тықпалай түсті. «Балапаным менің» деген өз даусынан өзі шошып оянған Айғаным арайлап атқан таңың шапағына таңдана қарады. Көкірегін кере дем алғып, ұстіндең ауыр тонды сипырып тастап, отыра қалып білетін дұғасын қайта оқи бастады. Тұні бойы отырса да еш жері тоңбапты да, мұздамапты да. Қайта төсінің тұсы жып-жылы, шынымен көгершінді емізгендей. Бетін сипап, зираттан шықса тұнде байлаған аты да сол жerde тебіндең тұр. Айғаным атының саурынан сипап, мойнынан құшактады. Бойын бір женілдік билеп, көңілі тасыды. Атқа отырмады, жетекке алғып, омбы қарды шықырлата ауылға қарай беттеді. Алдынан Жұмағали да құстай ұшып келеді екен. Жүзі бал-бұл жанған келіншегін

коргенде оны бірдене соғып кетті ме деп қалған ол Айғанымға қарағыштай береді. Айғаным болса көгершінді емізгендей әсерден арыла алмай өзімен өзі болып келе жатыр еді.

— Жұмаш, үйге соқпастан көріпкел атаға барсак қайтеді?! Тұсімді жорытайын деп едім. Айғанымның дауысы жалынышты шықты.

— Мейлің. Бірақ апам мен әкем аландаپ отырғой. Айтпай кетсек кешіккенімізден қорқып қалдар,

— Оның да дұрыс екен. Бірақ шай ішіп бола салысымен барамыз ғой, иә?!

Салиқа мен Қартабайдың да жандары шығар шықпас болып отыр екен. Аман есен келген келіндерін көргенде естері шығып кетті. Оны қайда отырғызырын білмей састы. Атасының шай қамын жасауға өзі жүгіргендеге Айғанымды құлқі қыссын. Екеуінің мына түрін көргенде откен жолғы өкпенің ізі де қалмағандай.

— Апа, ата, отырсаныздаршы, шәйді өзім жағаймын ғой, — дегеніне қарамастан аяқтарына шалынып жүгіріп жүр.

Қарт көріпкел екеуін бұл жолы шарт жүгініп отырып қарсы алды. Екі көзі тарс жұмулы. Һұларды байқамайтын сияқты. Бірақ жүзінен нұр құйып тұрғандай ма қалай?! Бір уақытта барып қолын жайды. Айғаным мен Жұмағали да сөйтті. Қарт бетін сипап болды да көзін ашып, Айғанымга бұрылыш:

— Ал, келін, не айтпакшысың маған?!

Айғаным көрген түсін айна қатесіз тұғін қалдырмай айтып берді. Көрген-білгенін ата-енесіне де, Жұмағалиға да айтпаған ол енді бар үміті мен тілегі осы кісіде дегендей барын жайып салды. Қартта үн жок. Айғаным дегбірсіздене бастады.

— Болды, балам, — қарттың даусы оқыс шықты. Келіншектің жүрегі тоқтап қалғандай. — Болды, балам, қорықпа, Алла тағала бұл жолы саған екі перзент берген екен. Алайда, оның біреуін — қызынды өзі алады, ал көк көгершінің ұлынды бауырына басасың. Болды, алдарыңнан жарылқасын барындар енді, — деп қарт тағы алақанын жайды.

Айғанымның толғағы ацы болды. Сұлукул апасы да, өзі де әбден терге малынды. Тістеніп айқайламай, дыбысын шығарар емес.

Айқайласаншы, жеңілдірек болады, — деген Салиқаның дауысын естімейтіндей. Іштей дұғасын оқып, бір Алладан тілеу тілеген Айғаным айқайласа көгершінді үркітіп алатындей тістенген күйі жақ ашар емес. Алдымен шыр етіп қыз келді. Аршыған жұмыртқадай шарана жарық дүниенің есігін ашар ашпастан алдыңғы ағалары мен әпкелері сияқты бір шар етті де үні өшті. Сұлукул состышп, не істерін білмей тұрып қалып еді. Айымгүл шаранаға мойның бұрып карамады да. «Мұнысы несі, байғұстың есі ауып

қалды ма» деп ойлап ұлгергенше Айғанымды тағы толғақ қыса бастады. Өлі шарананы шүберекке орай сала Сұлукул қайта көмекке ұмтылды. Айғанымның жүзі өзгеріп кеткендей. Жаңағы қиналыстан ешбір белгі қалмағандай сабырлы түрін сақтап тұрды да бір ышқынды. Сұлукул кезекті шарананы әзер тосып ұлгерді. Шекесі торсықтай ұл «мен келдім дүниеге, есік ашындар» дегендей бар даусымен шыңғырып жатыр. Есіктен сүріне-қабына Салика кірді. «О, жасаған Алла, рахымынды бере көр, құлышағымның амандығын бере көр, келініме қуат бере көр» деп Сұлукулдің ана жағынан бір, мына жағынан бір шығып айналды да қалды.

— Абысын-ау, жол берсейші, ана Айғанымның басын сүйе, шаршап қалды, мен мына жігітті орайын, құрт көжөң мен қалжанда әзірле» деген Сұлукулдің дауысы оны ұйқысынан ояткандай болды.

Осы кездे есіктің алдында дыбысын шығаруға да «қорқып» отырған, мойны ырғайдай, біті торғайдай болған Жұмағалидың алдына бүршак ораған орамалы да шіріп түскен еді.

## САҒЫМДАҒЫ КИК

Көліктің басы ен далаға бұрылғаны да сол еді, алдымызды бір топ киік зулай қиып өте шықты. Қапелімде сасып қалған біз әп-сәтте-ак есімізді жидық.

— Ку, бас газды, — дедім рульде отырған Куатқа. — Жолымыз болатын болды. Мына тобырымен жүрген макұлықтарды бүгін атпасақ елге күлкі болармыз. Ал кеттік, — дедім екі алақанымды ыскылап, мылтығымды онтайлай бастадым.

«Құланның қасуына, мылтықтың басуы» демекші Куаттың да екі көзі жайнап кетті. Алдымызға түсіп алған еліктер де бөкселері бүлкілден көзіміздің жауын алыш барады. Кесе көлденен алдымыздан біресе былай, біресе олай ойнактап тұрып қашады. Өз обалдары өзіне, атаңың аузын ұрайын, аңшының алдын кесіп өту бұлардың серті дейді. Қайдам, оны кімнің қалай шығарып жүргенін, бірақ мылтығын шошаңдатып, екі өкпесін аузына тығатын аңшылардың алдынан неге кесе көлденен өтуі керек, соны түсінбеймін. Ей, қойши. Қазір оны ойлап жататын мұрша жок. Делебенді қоздырып, дегбірінді қашырған ақбөкендерді аулап, құмарымызды бір басу. Бізді әкетіп бара жатқан ку қызбалық, әйтпесе солардың етін жейін деп жатқан біз жок. Куатты

кайдам, өз басым соларды атып алғанға мәзбін.  
Кейде келіншегім:

— Сабырхан, сен осы киік құғаныңды қоясың  
ба жоқ па, кесірің мына қызыңа тиіп жүрмесін.  
Қалай сен аң аулауға шығасың, Зәуренің маза-  
сы кетіп, тұнімен жылап шығады. Үлкендер ай-  
тушы еді, ақбөкеннің киесі бар деп, қойсаншы,  
осы әуесінді, — дегеніне дес бермеймін. Аңса-  
рым ауады да тұрады. Қолым қалт етсе бол-  
ды, мылтығымды құшактап үйден шығып кете  
беремін. Содан екі күн, бір тұн дегендеге екі езуім  
екі құлағымда үйіме келіп төсегіме құлаймын.  
Қанжығамыздағыны бірде жуамыз, бірде тара-  
тамыз. Әйтеуір, құр алақан келмейміз.

...Содан, еліктерді қуу басталды да кетті. Ба-  
бымдамын ғой деймін, атқан оғым қалт кетіп  
жатқан жоқ сияқты. Омақаса құлаған немесе  
домалап түскен киікті көрген сайын айызым  
канып, делебем қозып барады.

— Сабыр, экелші бір мезгіл мен де атай-  
ын, мә рөлді алшы, — деген Куаттың дауысын  
естімегендеймін. Қалай естиін, дәл алдыннан  
киіктің нән текесі шыға келмесі бар ма?! Тұ-у,  
мүйізінің қайқайып «ал, атып алып көрші» дегендей,  
ой бір ойқастап кетіп барады-ау жарық-  
тыс.

— Дәл сені алмасам Сабырхан атым құры-  
сын, кәне көрейік, кімді кім алады екен. Куат,  
бас газды, бас, кетіп қалады, бас, — деп айқай-

ладым да дәлдеп тұрып шүріппені басып қалдым. Гұрс еткен мылтық даусын естідім, одан арғысын білмеймін. Біреу бүйрекімнен біз сұғып алғандай болды. Ауырғаны сонша көзімді жалма жан ашып қалсам, о, сұмдық-ай, дәп алдымда жаңағы мүйізі қарағайдай ақбекен үстімнен төніп тұр. Бүйіріме кірді деген біз соның мүйізінің ұшы еken. Көзімді ашқаным да сол еken, тағы перді. Ынқ еттім. Жалма-жан тұрайын деп қозғала берген едім, мүйізben тағы перді. Бұл жолы қаттыр-ақ кірді-ау деймін. Жаным көзіме көрінгендей болды. Жан-жағыма қарағандай болдым. Қуат қайда, мылтық қайда. Мені мына сұмдықтан арашалап алмай қайда кетті?! Айқайлайын деп ем аузым кеуіп қалыпты. Жұтынуға түкірігім жок, керенем кеуіп қалған сияқты. Әрбір қимылымды қалт жібермей Мүйіздің тұрысы мынау. Өлген жерім осы шығар. Барған сайын қол аяғым ауырлап матап тастағандай қимылым қындалп барады. Оның үстіне қимылдасам болды... Ойбай, біреуі аздай екінші жағымнан тағы біреуі келіп алдыңғы аяғымен келіп басымнан бір теппесі бар ма?! Көзім жарқ еткендей болды. Есенгіреп кеттім білем, қанша жатқанымды құдай білсін. Есімді жиып ақырын ғана көзімді жартылай ашқандай болам. Сондағым, жаңағы пәлекеттер кетті ме, кетпеді ме, соны андамақпын. Абайсызда тағы қозғалып қалдым-ау деймін, бүйірімнен біз тағы

келіп шаншылды. Енді шынымен өлген жерім осы болар, неде болса, жағаласпай беріспейін. Не оның қарағайдай мүйізін сындырайын, не болмаса ен құрмаса арпалысып өлейін. Жо-жок, өліспей беріспеймін. Шап беріп мүйізден ұстай бергенім сол еді, ол да менің әрбір қымылымды әндип тұрған жоқ па, қарағайдай мүйізіне іліп алды да аспандатып бірак көтерде де жерге бұрк еткізді.

— Ана-а-а. Өз дауысымнан өзім шошып оянғаным. Қара төрге малшыныппын. Аузым құрғап қалған. Басым мәңгіріп, мен-зен, дел-сал болып отырғанымда:

— Немене, жыныңмен арпалыстың ба, өз иыныңды өзің жұлып жеп немене айқайлап жатырсың? Тұр, құрт аналардың көзін. Зәуренің ыстығы көтеріліп, сандырактап жатыр, — деген Маржанның ышқынған дауысынан жаңағы мен-зен күйімнен түк қалмағандай ұшып тұрдым. Енді есіме бірдене түсейін деген сияқты.

...Кеше Куат екеуіміз әдеттегідей анға шыққанбыз. Қолымыз әбден қанға да боялды, қанжыгамыз да әжептәуір майланды. Эйтеуір онды-солды аттық-ай кеп. Алғанын алдық, ала алмаганымыз қалды сол далада ит-күсқа жем болып. Соған масайраған біз әбден табысымызды эй кеп «жуайық». Жерден жеті қоян тауын алғандай қағанағамыз карқ, сағанамыз сарқ бол келіп, аулаға кірер кірместен:

— Маржан, Марго, жаным, мә, — деп ықылышқа атып тұрып үйге әкелгендерімді бұрқ етіп тастай салғаным есімде. Ішінде мүйізі қаралғайдай текесі де бар. Әдейі алған келдім. Көрші-қоланға, анау оқымысты сымак Дарханға көрсетіп мақтанбақпын. Маржанның «құрыбар, құрт мыналардың көзін балаларды шошытпай, Зәурежан көрмесін, — деген айқайына құлақ аспай аулада тұрған сәкінің үстіне бұрқ құлағаным есімде, одан соңғысы білмеймін. Сол ұйықтағанда ыңғайсыз жаттым ба, әлде Маржанның айқайы, анға шығар алдында айтқандары есімде еміс-еміс қалды ма білмеймін, әйтеуір түсімде текенің мүйізіне ілініп, аузым қанға толып, жайсыз қүйге түскен болуым керек. Дөңбекшіп жатып астымдағы көрпеме түмшаланып қалыппын. Қимылдатпай қол аяғымның маталып қалғаны сол екен. Мүйізі бүйіріме кірді дегенім, құрғыр балам велосипедінің сымын сол жерге тастай салған екен, біздей қадалып жатқаны соның ұшы. Ал енді басымнан бір тепті дегенім бұлқынғанда басымды сәкінің жанында өсіп тұрған терекке соқсам керек. Ең қызығы — жерге бұрқ етіп алған ұрды дегенім сәкіден онбай ұшып түсіппін. Сөйтіп, «апалаған» өз даусымнан өзім шошып оянғаным.

Маржанның айқайы тағы естілді.

— Немене, есің ауып қалған ба, әлде арағың-

нан басың жазылмай отыр ма?! Бол, тұр, қызынан айрылығың келмесе, құрт аналарды.

Ойпырым-ай, жаңа түсімде аузыма қан толып кетіп еді, қызым бір нәрсеге ұшырап қалмаса игі еді. Жалма жан есік алдында қаны ағып, көздері мөлиіп жатқан ақбекендерді көргенде аяуышылық сезім енді пайда болғандай бойымды үрей биледі. Қасына барайын десем, аяқколым дірілдеп жақындаі алатын емеспін. Қашір шынымен мені мүйізіне іліп алатын сияқты. Сасқанымнан ұлымды шақырдым.

— Қанат, а, Қанат.

Абырой болғанда ұлken ұлым үйде екен.

— Қанатжан, — даусым да жұмсарып қалғандай ма калай, әлде жалынышты ма, — ана ақбекендерді көршілерге таратып жіберші. Өзімізге қалдырмай-ақ қой.

Әйелім де, ұлым да аңтарылып қалыпты. Оларға түсім жайлы ештеңе айтпадым. Не дейін?! Аян берді десем күлкіге ұшырайтынм хак. Сөйтіп ештеңе айтпай-ақ қояйын деп бекіген менің ан аулау хикаям сонымен осылай бітті.

## ТОҚАЛДЫҢ «ӘЛЕГІ»

Тұн ортасы ая аяғынан зорға тұрган Бердікүл есік ашқан әйелі Үмітке де қарамастан сырт киімімен бірден жатын бөлмеге тәлтіректеп барып өтті. Шешінейін деп еді шамасы келмеді, құлап барып қайта тұрды. Оған көмектесейін деген әйелін қолымен бір сырып тастан шалбарын шешпек болып аяғын көтере беріп еді омарқаса құлады. «Бір жерін көгертіп алмады ма» деген үреймен оны қолтығынан сүйей берген әйелін тағы да итеріп жіберіп тілі күрмелे:

— Маған жаны ашитын бауырларым бар екен, ертең маған тоқал алып беретін болды олар, — деді де төсекке гұрс құлады. Бұл әңгіменің кімнен, қай жақтан шыққанын сезетін Үміт үндемеді де, ашуланбады да. Бір жағынан оған өзі де таңқалды. Бірақ қазір ашулан не, ашуланба не оны біліп жатқан Бердекең жок, қорылы үйді басына көтерді.

Ертесіне жұмысқа бара салысымен Үміт өзінің топшылауы бойынша алдымен Сүйіндікке телефон соқты.

— Иә, кеше қалай барып қайттыңдар ауданға? Сен шаршамаған сыңайлышың, жұмыста отырсың ғой, — деді жайбарақат дауыспен.

— Жаксы, бәрі жаксы, бірақ аканды біраз басыңқырап жіберіппіз, сол болмаса. Сүйіндік ойында ештеңе жок, саңқылдан отыр.

— Бәсе, соның екпіні екен ғой, жаксы іс бас-

тамақ ойларың бар екен, Бекене Тектібай екеуін токал алғып бермекші екенсіндер, алдарынан жарылқасын менің көмегім қажет емес пе, – деді дауысындағы ырғакты өзгертпестен.

– Ойбай, ол мен емес, Тектібай ғой оны шыгарып жүрген, – деп жылдам телефон тұтқасын қоя салды.

Үміт енді Тектібайға телефон соқты. Жаңағы әңгіме қайта қайталанды.

– Өй, ол әңгімені бастап жүрген мен емес, ол Сүйіндіктен шықты, ауыл сонықі ғой. Ол да айттар-айтпастан телефон тұтқасын қоя салды.

Әліппенің артын бакпақшы болып Үміт күйесуін мазаламады. Түскі демалысқа үйге келсе Бердіқұл әлі тұрмапты. Яғни, жағдайы мәз емес. Мұндайда Бердіқұлдың бірінші емі ашы борш. Бір жаққа Бекен жолға шықты десе болды Үміт осы асты айтқызбай-ақ дайындей береді. «Аттың сыры иесіне мәлім» демекші оның қандай күйде келетінін Үміт отыз жеті жылдың ішінде әбден біліп алған.

Тамактың исі шықты ма, әлде өзі де тұрайын деді ме жуынып-таранып Бердіқұл үстөл басына келді. «Бас жаз» дегендей Үміт үн-түнсіз бір шолмек пен стаканды боршпен бірге алдына қойды.

– Ішпеймін, – деп кері ысырды ол.

– Не токал алуға дайындалып отырсың ба?

– Тоқалы несі?!

Бердіқұлдың көзі шарасынан шықты. Үміт

оны «сырымды біліп қойды-ау» деп қорыққанынан деп ұқты.

— Е, кеше түнде келіп «Сүйіндік пен Тектібай маған жаны ашиды, тоқал алыш береді, біреуі тойымды жасайды, біреуі қалың малын төлейтін болды» деп сүйінші сұраған жоқ па едің. Бүгін олармен сөйлесіп ем екеуі де ат тонын ала қашты, бір біріне жауып жатыр. «Сенген қойым сен болсаң...» деген еken бір сен сияқты бейбак. Енді олармен өзің сөйлесерсің, уәделерінен тайып кетпесін, ал менің көмегім керек болса айтарсың, — деді бетіне тікелей қарап.

— Ей, қойшы, сен де қай қайдағыны соғып, кім алайын деп жатыр еken тоқалды, бос сөзді қой, онан да тамағынды әкел, жұмысқа барамын, — деді қабағын түйе.

Бұл күнгі әңгіме осымен біткен болатын. Бірақ Үміттің күні бойы ойынан түндегі әңгіме шықпай қойды. Осындаі әңгімені кейінгі кезде Бердіқұл жиі айтатын болды. Түнеу кезде бір үйде қонақта отырғанда дастархан басында бірге отырған бір жас жұбайлар елдің көзінше шекісіп қалды. Танымайтын ересектердің ортасында оған екеуі де онша қысылмады.

— Қарақтарым не болды, — деді жылы жүзben оларға қарап Үміт. Сол-ақ еken, жас келіншек тығынша атылып күйеуіне ала көзben қарады да:

— Мынау... бір келіншекпен жүріп..., соны ұстап алдым бүгін, — деп еді жанарына әп-сәтте-ак

жас үйіріле қалды. Үстөл басындағылар абдыраң тым-тырыс болды.

— Ештеңе етпес, айналайын. Жігіт шағында ойнап-күлейін деген шығар, әлі-ақ ол әуестігі басылады, ешқайда кетпес, оған бола жасымай-ақ қой, — деп басу айтып еді келіншек бірден сабасына түсе қалды. Сөйтті де неге еkenі белгісіз күліп жіберді. Күйеуінің де бетінде қан ойнағандай Үмітке ризашылықпен карады. Баскалары да мойындарынан ауыр жүк түскендей женілдеп қалды. Осы бір орнына түсе берген жайітті Бердікүл бұзды.

— Осы ақылың менің қырық жасымда қайда қалды, сонда көрсетпедің бе бұл кеңпейілдігінді, — демесі бар ма?!

— «Қырықта еркек қылық шығарады» демекші, сенен бірақ ондайды байқай қоймадым гой, айтпадың ба өзің, сол кезде айтатын едім гой айтатынымды, енді кеш, жаным, — деді Үміт те саспай. Отырғандар ду күлді. Осы кезде дастарқанға ыстық тамақ әкелінді де әнгіме ауаны бұзылып кетті.

Одан бірде өзінен түскі тамақ кезінде «Мен енді жұмысқа үтік апарып қоямын, киім-імді секретаршыма үтіктетемін», — демесі бар ма.

— Ой, тіпті жақсы, — деді Үміт те. Өмірде не жек корсе, ол киім үтіктеу болатын. Ашуланбақ түгілі қайта қуанып кетті. Оның бұл қылығына індиған Бердікүл, неге еkenі белгісіз, әнгімені

доғара койды, бірак үтігін де жұмысқа апармады.

Бір мекеменің басшысы Бердіқұл қызмет бабында тікелей Астанаға бағынады. Бірде «Ертең министерстводан бес-алты адам келетін болды, екі облысты тексереді, мен біраз күн солармен жүретін болым», – деді. «Дайындалайын ба» дегеніне «керегі жок, аудандар күтетін болды» деген соң Үміт те алаңсыз жұмысына кете берген. Қалта телефоны шыр ете қалды. Бердіқұл еken. «Астаналықтар үйге соғатын болды, тезірек шық, мен есіктің алдында күтіп тұрмын» деп қысқа қайырды. Шағын мекемені басқарып отырған Үміт те өз билігі өзінде болған соң тездетіп сыртқа шықты. Шынында да Бердіқұл сыртта күтіп тұр еken. Жаңында өзі айтпақшы «секретаршысы». Шынтуайтқа келгенде бұрынғы әңгіме Үміттің ол жерде есіне де келмеді, бар ойы қонақтарға тез арада не дайындалап үлгеруі еді. Сондықтан Бибішті көргенде шынымен де куанып кетті.

– Беке, онда маған Бибіш көмектесе қойсын рұқсат берсең, – деді.

– Мейлі, бірак менің басқа киімдерімді дайындашы, мынау жол жүргенге ынғайсыздау, – деп үстіне қарады, сөйтті де екеуін зыр еткізіп үйге жеткізе салып, өзі астаналықтарды әуежайдан күтіп алуға кетті.

Үйге кіре бере Үміт Бибішке:

– Сен онда Бекеннің киімдерін үтіктеп жі-

бер, асхана жаққа мен өзім-ақ барайын, бәрібір сен ол жақта өзінді ыңғайсыз сезінесің, біреудің кухнясында тамақ дайындау оңай емес, – деді шын ниетімен. Оның үстіне Бибіштің аспаздық шеберлігін де білмейді қонақтардың алдында ұятық қалып жүрсе.

– Әпке, мен ерлердің киімін өтектей алмаймын, – деп Бибіш қарап тұр.

– Қояр, өтектей алмаймыны несі, сонда күйеуінің киімдерін кім үтіктеиді?! Үміт оған таңдана қарады.

– Менің күйеуім жоқ қой.

Үміттің төбесінен жәй түскендей болды.  
Сасқанынан:

– Қой, оның не қыындығы бар, өтектей бер, – деп қолына Бердіқұлдың киімдерін ұстартты да өзі асханаға қарай кетті. Содан не керек, қонақтар келгенше бұл да тамағын әзірлеп үлгерді. Бибіш үтіктеген Бердіқұлдың киімдерін каттап салып беріп шығарып салды. Екі күн өткенде Бердіқұл да келді. Есіктен кіррер-кірмesten:

– ...твою мать. Шалбарымды неғып үтіктегенсің?» – деп мұның бетіне қарай лактырып жібергені.

– Негып дегені несі екен, не бол қапты, оны мен смес секретаршаң үтіктеген.

Бердіқұл ашудан тұтығып сөйлей алмай тұр еді, мынаны естігенде сылқ етіп отыра кетті. Ойында ештене жоқ Үміт киімдерді ашып көр-

се, мэссаған, шалбардың екі қыры екі жаңында пышақтың қырындай қатып тұр. Мұны көрген Үміт ал келіп күлсін, ал кеп күлсін, өзін тоқтата алар емес. «Сұрағанға береген» демекші «секретаршасына үтіктетем» деп жүрген Бердіқұлдың «арманы» сонымен біткендей болып еді, енді қайта баяғы әуеніне басып енді «тоқал аламын» дегенді шығарды.

Жаңбыrbайдың туған күнніне араласып жүрген жолдастардың бәрі тайлы таяғымен жиналды. Ырду-дырду әңгіме, зілсіз қалжындар, бастарынан өткен қызық оқиғаларды әңгімелеп біраз жерге барып қалған шакта, қайдан есіне түскенін айдам, Жаңбыrbайдың әйелі Гүлнұр аспаннан түскендей:

— Эй, осы Бердіқұлға қалай тоқал әперейін деп жүрсіндер, — деп қойып қалмасы бар ма? Отырғандардың гуілі сап тылды.

— Сен оны қайдан білесің? Үміт Гүлнұрга жалт қарады.

— Койши, ол әңгімені кім білмейді дейсің?! Осы отырғандардың бәрі біледі. Бірақ өз ауыздарынан естик дегенім ғой.

Гүлнұр бұл әңгімені жәйдан жәй бастаған жок. Ол біреуін «қатырайын» деп отыр. Гүлнұрдың бір беткей, айтса ойып айтатын мінезін билетін жодастары одан кейде кәдімгідей тайсактап жүреді. Бұл жолы да бомба жарылғандай болды.

— Е, онда расында дұрыстап айтындаршы,

әйтпесе Бердіқұл бірденнең басын шалды да, ал жағын жоқ қылды. Онда төрт көзіміз түгел отырғанда әңгіменің басын ашып алайык, кім той өткізеді, кім қалың малын төлейді, кім өлтірісін апарып, кім айттыруға барады?

Уміт жан-жағына жымша қарады. Түрінде ашудың ешбір белгісі жоқ, қайта осы іске белшеше кірсетін сыңай танытып отырған сияқты. Оның «бейкүнә» турін көргендегер енді дуылласып «шынында да айтындаршы, ол не әңгіме, біз де естик те» деп өзеурем шыға келді.

— Эй, Тектібай, Сүйіндік, не ауыздарынды буып қойғандай, айтсандаршы, сендер ғой инициаторлар, — деп Гүлнұр екеуіне шүйлікті. — Бүгін айтқызбай қоймаймыз, солай ма?! Ол бәріне құле қарады.

— И-и, қойындаршы, мастықпен не болмайды дейсін. Әшейін қалжың ғой, — деп екеуі бұлтарып көрейін деп еді. Оларынан түк шықпады.

— Қойындар, «жел болмаса шөптің басы қимылдамайды», елдің бәрі біледі бұл әңгімені, шілте қойындар.

Бердіқұлда үн жоқ. Сүттің бетін жалаған үры мысықтай мойны ішіне кіріп кетіпті. Оны көрген Уміттің тағы құлқісі келмесі бар ма? Кейде бір осындаға сайтан құлқі қысатыны бар мұны. Бұл жолы да құлқісін тия алмады. Оның бұл коңіл-күйін көрген қалғандары онан сайын көрікті қыздыра түсті. Айтпастарына қояр емес.

Сойтсе, әңгіме былай болған. Бердіқұл, Сүй-

індік, Тектібай үшеуі әкімшіліктің тапсырмасымен ауданға іссапарға шықпай ма?! Әдетте облыс орталығынан келгендерді аудандағылар қонақ қып сыйлап күтетін үрдіс баяғыдан бар. Бұл жолы да сол әдеттен аспаған ауддандықтар үшеуін «жақсылап тұрып» сыйлап жібереді. Жол-жөнекей Тектібайдың ауылына соғып ол жерде ішіс одан әрі жалғасын тапқан. Қыздықызыға келгенде қайсысы екені белгісіз (белгісіз бе кім білсін, енді өлсе мойнына ала қояр) Бердікүлға тоқал әпремекші болады ғой.

— Осы ауылда бір кәрі қыз бар. Кәрі қыз демесең сырды да, сыны да кетпеген. Өзі сауатты, кітапханада жұмыс істейді, соған құда түсейік, — дейді Тектібай.

Әбден «тойып» алған Сырдың суы сирағынан келіп отырған Бердікүл көне кетеді. Сонымен үшеуі кітапхана қайдасың деп тартып кетпе ме?! Бірақ жол-жөнекей Сүйіндіктің ойына бірдене түсіп «оу, күр қол қалай барамыз, сырға ма, жүзік пе бірдене алмаймыз ба» дейді тілі күрмеліп. «Аламыз» дейді ана екеуі. Сейтіп, үшеуі салып ұрып ауылдағы азық-түлік жалғыз дүкенге келмей ме, келеді де сақина сұрайды. Облыс орталығынан келіп тұрған жерлес ағасын көрген сатушы келіншек сыпайы ғана «сақина жок, мүмкін кәмпіт аларсыздар» дейді. Бұлар тек сақина керек екенін, қалай болса да тауы беруін сұрайды. «Біз құда тұсуге бара жатырмыз» дейді мақтанышпен. Сонымен не керек, сақина да,

сырға да таппаған үшеуі кітапханаға қарай қайта жол тартады. Бұл Құданың құдыреті, қырсықты көрмейсіз бе, кітапхана жабық, кітапханашы қыз облыс орталығына жаңа кітаптар әкелуге кетіпті. Сонымен құда түсудің жолы болмаса да үшеуі «тоқалды» әбден жумай ма, сөйтіп біреуі той қамын, біреуі қалың мал мәселесін мойындарына алып үйлерін тарқасады ғой. Бердікүлдің әйеліне келіп сандырақтап жүргені сол еken. Бірақ бұл әңгіме ел ішіне қалай тарап кеткен, бір Құдайдың өзі білсін.

Гүлнұр әңгіме біткен соң орнынан асықпай тұрды да:

— Эй, Тектібай, Сүйіндік, сендерді де Бердікүл дос деп жүр-ау осы, дос болмай кеткірлер. Біріншіден ауыздарында сөз тұрмайтын осыларға сеніп жүрген сен де есектің миын жеген екенсің Беке, екіншіден, бұлардың неменеге емешегі үзіліп саған тоқал әпергісі келіп қалышты. Өздері алмай ма алғысы кеп бара жатса алдымен. Қатира, Бағлан, ана байларынмен жақсылап үйге барғаннан соң сөйлесіндер, өздерінің ойында болғанымен, қолдарынан түк те келмеген екеуі Бердікүлды арандатпақшы ғой. Қарандаршы, бұл әңгімені үшеуі ғана білуі керек еді, казір қай үйге қонаққа барсан, айтатын әңгімелері осы. Ауыздарында сөз тұрмайтын женіл ауыз қатындар сияқты сендерді де еркек дейді-ау осы, — деп Гүлнұр екеуіне қайта шүйлікті. Ана екеуі бағандан бері жарыса мактанып әңгімені

гөй-гөйлетіп отырған енді жым болды. Өйткені екеуінің де әйелдерінің түрлері сұрланып шыға келіп еді. Таяқтың ұшы айналып келіп өздеріне тиейін деп тұрғанын екеуі де жақсы білді. Айтып атпай не керек, отырыстың мәні кетті. Алдымен әрнәрсені сылтауратып Тектібай әйелін ала жөнелді, оның соңын алыш Сүйіндік кетті.

— Токалшылын бұлардың, енді ертең көрермін әуселелерінді, — деп Гүлнұр күйеуіне алара карады, түрінде «қалай екен» дегендегі масаттану бар. Онсыз да жуас Жанбырбайды дыбыс жоқ. Құдды бәрін сол бұлдіргендегі әйеліне жаутанжаутаң етеді. Қонақтардың соңын ала Үміт пен Бердіқұл шықты. Екеуі де үнсіз. Үміт өз ойымен әлек, Бердіқұл болса ұрыс шығып кете ме деп ол өз ойымен әлек.

Ертеңіне Үміт жұмысынан онқұнге еңбек демалысын алды. Ойы оңашада бола тұрып демалмақ, әрі Бердіқұлды сынайын деді. Сөйтті де жалғыз сіңілісіне қарай Алматыға тартты. Кетерінде жәй кеткен жоқ, Бердіқұлға хат жазып кетті.

«Беке, қарап отырсам екеуіміз отыз жеті жыл бірге өмір сүріппіз, ұл ұяға, қыз қияға кетті. Енді немере сүйер шакта сенің токал алам дегенің, шынымды айтсам, жаныма батты. Бірақ ойынды іске асыруға да кедергі болғым келмеді. Қайтейін, тағдырдың салғаны осы шығар. Бұл дүниеде күйеуі тастап кетіп жатқан мен бірінші де, соңғы да әйел емес шығармын. Мен кеттім.

Барған жерімде орналасып болғаннан соң айырылысыуға сотқа арызыымды беремін, ал әзірге мені мазалама». Қолы мен күнін көрсетіп хатты Бердіқұлдың бірден көзі түсsetін жерге қойды.

Алматыға Үміт жетпестен қалта телефоны шылдырлай бастады, яғни Бердіқұл хатты оқыды. Үміт телефонына қарады, ойлағандай-ақ Бердіқұл екен. Алмады. Оның қайта-қайта шылдырлата беретінін біліп, телефонды «дыбыссыз» жүйеге қойды. Не керек Алматыға жеткенше Бердіқұл он тоғыз рет телефон сокты. Үміт бір де біреуіне жауап бермеді. Күндеңі әдет солай болды. Бердіқұл телефон соғады, Үміт алмайды. Бердіқұл енді телефон арқылы хат жолдай бастады. «Ол әшейін қалжың еді, ойын еді, мас едік» деген «түсініктемелердің» соны «тірі өлік болып жүрмін, қайдағы тоқал осы жасқа келгенде. Кешір мені, қайтшы үйге» дегенін оқығанда Үміт ақырын езу тартты. «Қалжында да ойланып қалжында» дейді онымен іштей сөйлесіп.

Арада бес күн өткенде Үміттің телефонына белгісіз біреу қоңырау шалды. Таңданса да телефон тұтқасын басқанда естігені:

— Үміт Бердешевна, сіздің күйеуіңіз Бердіқұл Сұраншиев инфаркпен бүгін қалалық аурухананың реанимация бөліміне түсті. Халі ауыр, — дегендеге Үміттің қолынан телефоны түсіп кетті. Сол күні-ақ ұшаққа мініп, үйіне қарай құстай үшті.

## ҰЛАҒАТ

Бет аузы көк ала қойдай қанталап, домбығып кеткен қызы аяғына ескі бір шәркейді сүйретіп есіктен кіріп келгенде көрші келіншекпен арқа жарқа боп шәй ішіп отырған Әсияның күлкісі сап тыйылды. Әшейінде көтере алмайтын ауыр денесі жерге одан сайын жабысып қалғандай, не дерін білмей отырды да қалды...

— Мама, — деп өкіре жылаған қызы шешесінің бауырына тығыла бергені сол еді әлгіндегі қалпынан тез есін жинаған Әсия:

— Жоғал бар, о несі ей, өл де бара қал, албасты, не бетінмен келіп тұрсың, сені мен бе байға берген?! Өзің емес пе жастайынан қағынған, бар енді, таяқ жемесен онан әрі, шық кет, — деп қызын өңірінен итеріп кеп жіберді. Құлап бара жатып қайта тұрған қызына, шешесінің сырь мәлім еді, ләм-мим деместен бұрыльып есіктен шығып кете берді.

Мұны көрген Үміттің төбе шашы тік тұрды.

— Мұныңыз не, тәте, ең болмаса басынан сипап, бетінің қанын жуып аяушылық білдірмейдіңіз бе? Жас емес пе әлі? — дей бергені сол еді, Әсия ашуын енді Үміттен алардай:

— Тиыш отыр жайыңа. Мен не жетісіп отыр дейсің бе? Осы отырғанымда кан сиіп отырған жоқпын ба, бауырым езілердей болып отырсам. Қазір мен оны бір рет аяп, басынан сипап

күшағыма алсам, байынан таяқ жеген сайын естіп маңырап келеді де тұрады. Не сонда мен ол келген сайын басынан сипап отырайын ба? Мектеп бітірмей жатып оған күйеуге ти деген әлде мен бе, – деп таусыла сөйледі. Мұны естіген Үміт есікке беттеді. Мұндайда қайдағы шәй, қайдағы күлкі?!

Әсия тәте мен Айтбек аға Үміттердің балкондас көршілері. Жас алшактығына қарамастан жақсы араласып, екі күннің бірінде біресе ол үйде, біресе екінші үйде шәй ішіп, тонның ішкі бауындай араласып кетіп еді. Кейде бұлар «баруымыз тым жиілдеп кетті» деп ынғайсызданып бармай қалса Айтбек аға жаз болса балконның ашық тұрған есігінен басын қылтитып, қыс болса телефон арқылы болар да болмай шақырып алатын. Кейде тіпті бұлардың балалары жылап жатса, тағы сол балкон арқылы:

– Эй, ана күшіктерді бері әкеліндер, мазаларынды алыш жатыр ма, – деп тағы да қояр да қоймай сол жерде тұрып-ақ баланы көтеріп алатын. Мұны көрген Әсия тәте әдеттегі адудын мінезімен:

– Осыдан бала қолдарыңнан шығып кетсін, күлкілерінді тия алмай қаларсындар, – деп айқайына басса Айтбек аға «айқайлай бер» деген сыңаймен баланы мойнына салып ап есіктен шығып кете беруші еді. Сондықтан да Сәулені қолдан ұзатқанда Үміт пен Ақылбек бар

жақсылықтарының ортасында болды. Жалғыз бұлар емес-ау бүкіл он тоғызыншы үйдің тұрғындары екі күн ойын-тойына қатысты. Күйеу жігіт те осы үйдің келесі подъезінде тұрғандықтан кім қай жақтан келіп жатыр, онымен ешкімнің ісі болған жоқ, қазақ-орысы, татары, немісі бар бәрі бірдей тойдың ортасында жүрді. Әсия мен Айтбектің екеуі де сауда қызметкерлері болғандықтан қыздың жасауын көздің жауын алатындай етіп жасады. Көрпенің бәрі таза матадан қолдан тігіліп, тіпті сырмақ дейін дайындалды, ал қолға түсе бермейтін ыдыстың, хрустальдің не бір атасы болды. Сөйткен тойдың арты қол жұмсауға жалғасқаны ма?! Үйстық суығы басылмай жатып, араға небәрі екі ай ғана салып жас келіншегін осынша сабап тастағаны Үміттің жанына батты.

Еліктің лағындай ғана Сәуле оныншы класты бітірер бітірмesten «аяғы ауырлап қалып» амалсыздan болса да ырғалтып-жырғалтып көрші үйге ұзатылып еді. Әшейінде адудындау, мактандашқығы да жоқ емес Әсия салт дәстүр жолымен барлық жоралғысын жасағанда орыстардың арасында өскен Үміт ұлттық небір дәстүрлерді көріп таңқалған, «қанша тәрбиелік мәні бар, қанша ұлағаты бар» деп таңданысын жасыра алмай әбден қызыққан еді.

Келесі күні кешкісін жұмыстан келген Үміт үйіне кірер-кіrmesten Әсия тәтесінің өзінің ат-

ын атап шақырып жатқанын естіп балконның есігін ашты.

— Эй, орыс, — деді салған жерден ол. Үмітті атын атамай үнемі орыс дейді, «булай деп шақырып жатса яғни көніл-күйі жақсы» деп бірден топшылады Үміт.

— Дереу киімінді ауыстыр да тез кел, казанға ет салып қойғам, ендігі пісіп те қалды. Ақылбекке де звонда, дереу бірден осында келсін. Қазір саған не әкелгенімді көрсетемін, — деп бұл аузын ашып үлгергенше ішке кірді де кетті. Үміт амалсыз Ақылбекке телефон соқты. Көрші үйдің шақырып жатқанын жеткізді.

— Сен қызықсың, немене күнде бара береміз бе, әлде үйде тамақ істеуге ерініп тұрсың ба, — деп ол реніш білдірді. Орынсыз жерде өзіне сөз тигені Үміттің де шымбайы батып барады, дегенмен:

— Өзің білесің ғой ағатай мен тәте айтса болды ырқымызға жібермейтінін. Оның үстіне бірдене алған ғой деймін, «қазір көресің» деп өзі үйіне кіріп кетті, — деді ақтала Үміт. Ақылбек те біледі, олар екі айтпайды, келмесіңе тағы қоймайды. Оның үстіне тәтенің мактаншақту мінезі бар, дефицит бірдене алып келсе міндетті түрде сол үйде ет асылып, ол дүние «жуылады».

Бірде Үмітке таныстықпен сол кезде әркімнің бір қолына түсे бермейтіні тон алып берді. Алдымен Әсия тәте қуанды, бірақ ол Үміт үшін

бе, әлде өзінің «мығымдығына» масаттанғананы ма, ол жағы белгісіз, әйтеіур тон көрші-қолаңмен үш күн жуылған шығар. Қызып алған Әсекен: «кімнің арқасы ол» деп қайта-қайта сұрайды. Мейлі мақтанса мақтана берсін, бірақ екі ортада Үміттің қолы тонға жеткені рас.

Есіктен кірген олардың алдында Әсия тәте тұр еді. Қолында ақшаңқай босоножки. «Чешский» деді, «Сәулеге алдым». Ал жумай көрсін!

Бір күні балконға кір жайып шыққан Үмітті күтіп тұрғандай Әсия тәтесі де шыға калды. Әрнәрсені бір айтып тұрған Үміт бір кез еңкейіп кірді алып басын көтерсе Әсия зым-зия жоқ. «Мына кісіні шайтан алып кетті ме» деп жанжағына қарағаны да сол еді таранып-жасанып келе жатқан көрші әрі құдағи Сәуленің енесі Сәнімжанды көрді. Көргені былай тұрсын көзіне «чешские» деген ақ босоножки оттай басылды.

— Құлпырып кетіпсіз ғой, босоножкинің күттү болсын, — деді бұл да қарап тұрмай.

— Ә-ә, рахмет, — деп ол да жымиғансып өте шықты.

— Сенің де аузың жыбырлап тыш тұрмайды екенсің, нең бар босоножкинде?

Әсия қалай жоғалса, солай пайда болды.

— Қайын сіңілілерінің киімін киіп алуы аздай енді енесі киетін болған ба? Үміт тап бір өзінің қызының киімін киіп алғандай кіжінді. Әсия қолын бір сермеген қүйі қайта ішке кіріп кетті.

Мұнысын Үміт «қойшы енді»» дегені ме, әлде күдағының ісіне налығаны ма, түсінбеді.

Бір балалы болса да Сәуленің таяқ жеуі токтамады. «Сіз айтпасаңыз мен айтамын» деп оқталған Үмітті Әсия «жыбырламай жайына отыр» деп тиып тастады, Үміт оған ренжіген жоқ, бірақ оның салқын қандығы мен сабырлығына қайран қалды. Бірдене демек түрмак бар сәнімен жиенінің бесігін апарды. Үстөл басында Айтбек ағатай да, Әсия тәте де арқа-жарқа, тіпті түк болмағандай. Дегенмен, құда жақтың қысылғандай түрі бар. Күйеу бала мұлдем көрінбеді. «Осымен кикілжің біткен шығар» деп үміттенді Үміт.

Алайда олай болмай шықты. Әсия аяқ астынан Үмітті тағы шақыртты. Кеше кешкісін қоқыс шығара шыққан қызының дап-дала болып есіктің алдында жылап тұрған түрін тағы көрген. «Қашанғы шыдайсыз, бұл не масқара басынғандық. Сіздер үндемеген сайын басқа шығып барады ғой, Сәрсенбекті он бес сөткеге бір қаматып алайын ба» деп қызметін салған Үмітті бет әжімдері жиырылып, қара бұлттай түнеріп отырса да Әсия сабасына түсірді. Шоккен тастай қозғалмаған қалпы:

— Ашу тасыған дария сияқты, бұл екпінмен жарды бұзып алмайық. Уақыт емші, сондықтан ашудың қарқыны да бәсендер. Сонанғысын тағы көре жатармыз, сенен ақыл сұрай-

ын деп шакырған жоқпын, ішімдегі мұнымды шығарайын дедім. Саған айтпағанда енді кімге айтам. Абысын-ажынға айтсаң «отыз тістен шыққан сөз отыз руға тарайды». Онымен қоймай өзінді маңдайынан кеп соғады. Ал күда-күдаларынмен бір рет «ищай» десіп қалсан, көнілге қаяу түсер, ал сызатты кетіру онай емес, күдай сабырымды тауыспасын, – деп ауыр күрсінгенде көкірегі қарс айрылды. Үміт тағы бір сабак алды.

Көп ұзамай Ақылбектің қызметі ауысты да көрші облыска қоныс аударды. Бірақ бұрынғы көршілерімен ара қатынасын үзбеді, телефон арқылы сөйлесіп, хал-жағдайдың бәрін біліп отырды. Бір жылы үш күда арасына небәрі қырық күн салып дүниеден озды. Алдымен Сәуленің үлкен атасы, оның қырқын беріп жатқан күні өз әкесі Айтбек, ал әкесінің қырқы өткеннен соң араға екі тәулік салып, қүйеуінің әкесі қайтыс болыпты. Құдай ешкімнің басына бермейтін іс. Бірақ осы оқиғалар ма, әлде Жаратушы нысап берді ме, әйтеуір Сәуленің қүйеуі қол жұмсауын доғарыпты. Алыста жатса да Үміт соған куанды.

Ақылбек пен Үміт жастық шағының думанды кезеңі, үлкен өмірге жолдама берген, агайын-туғанмен сыйластық қарым-қатынас жасауға, сабырлық пен төзімділікке үйретіп, ақыл тоқтатқызыған елге тойға шақыруды қуана-куа-

на қарсы алды. Енді міне, құстай үшіп келеді. Бара сала кімге барып, кімге сәлем беру керектігін екеуі токайластырып қойған. Өмірден озғандарға көңіл айтуды да есінен шығармады. Алдымен Әсия тәтелерінің үйіне келді. Көрісіп мауқын басқан ол «білмеймін той-пойыңды, сыбағаларыңды жемей қия аттап басушы болмандар» дегеннен соң амалсыз көнген олар, тамақ піскенше көрші-кұданың үйіне де барып келмек ойларын айтты.

«Олар бұл үйден көшіп кеткен, осы қыста Сәнімжан да қайтыс болды. Базарда сауда жасап жүрген жерінде мұзға тайып құлап, тіл тартпай кетті, жарықтық» деп оған да көз жасын бір сығып алды.

Сәулелер қаланың жаңа шағын ауданынан бес бөлмелі үй алған еken. Өзінің үш баласы, түрмисқа шықпаған бір, күйеуден қайтып келген бір қайын сіңілісі, үйленген қайнұсы барлығы бірге тұрып жатыр еken. Баяғы еліктің лағында Сәуле жоқ. Денесі ғана емес, ақылы да толысқан. Сабырмен бәрін жұмсап қойып, озі Әсия шешесі құсап орнынан қозғалар емес. Айналасының бәрі күрак үшады. Орайын тапқанда Үміт сыйырлай сөйлеп: «Мұның бәріне қалай кол жеткіздің» деп сұраса, ол да сыйырлап: «Әсияның ақылы ғой» дейді. Еркелегенде шешесінің атын атайдын әдеті әлі қалмаса керек.

«Шықкан қыз шиден тыскары» демекші, оны қайтып әкелгенде етегіндегі баласымен қайда сыйғызып, не онатын едім. Мехнаттың түбі – пейіш» дегеніме қызым ақылға көніп шыдады. Бірақ оған дейін де көресіні көрді. Шыда дедім, ондағым – өзі есейіп, ақыл тоқтатып, етегін жапқан соң өз тағдырын өзі шешер деген үміт еді. Сонда ажыратып алсан ертең «кінәлі сіз едіңіз» деп отырса қайтем. Шыдады, көнді, ақыры жақсылыққа әкелді. Енді сол отбасыны үйіткен отырған сыңайы бар. Мен сол кезде оның сөзін сөйлеп, ығында кетсем бүгін оның өмірі не болмақ еді. Е, Жаратушы Аллам бәрімізге сынақ жібергенде алдымен сабырлылық пен шыдамдылық дейді екен. Жас та болса сол сынактан өткен қызымның ендігі өмірі бұлтсыз болсын деймін. Үш баласы бар, Сәрсенбектің жұмысы да жаман емес. Ендігі жерде ана қайын сінілілерін құтты жерге қондырса деп тілеймін» дегенде Әсияның тарам-тарам әжімдері жазылып кеткендей көрінді Үмітке.

Содан бері қанша жыл уақыт өтті. Үміт өзі де қыз ұзатып, ұл үйлендірді. Қайсыбір жағдайда да Әсия тәтесінен алаған ұлағаты өмірлік қағида болып қала берді.

## АУЫЛДАН КЕЛГЕН...

Таң атпай-ак Данайдың үйінде тіршілік ба-  
сталды. Алдымен әдеттегідей Жансұлу тұрып,  
үйдің өмірі бітпейтін ісін бастап кетті. Сиыр-  
ды сауып, падаға қосты, тезегін жинап, шапа-  
лақтады. Тауыққа жем беріп, итті байлады. Бұл  
күнделікті алдымен атқаратын ісі.

Жансұлудың бүгінгі басты жұмысы отаға-  
сын қалаға аттандыру. Жақында қайнысы ипо-  
текаға үй алған. Куаныштарын бөлісіп, сырма-  
ғы мен кілемін алып бұлар да ертеңіне жеткен.  
Енді міне, куаныштарын бөлісуге қызметтес  
әріптестерін шақырыпты. Солардың арасында  
ағасының болғанын да қалапты. Құдай қаласа  
қазір отағасы жол жүреді. Сондықтан да таңғы  
сүтті түгелімен құтыға құйып, дайындал қой-  
ды. Кеше кешкілік сойылып, түнде жайылған  
қой мен бірнеше тауықтының етін жинап, оны да  
корапқа салды. Енді көршіде дайын қымызды  
әкелсе болғаны Данай жолға жүргуге дайын.  
Жүгіріп жүріп, балаларын оятып, тамақтарын  
алдарына қойып, көршініңүйіне бет алғанда от-  
ағасы сыртқа шықты.

Данай алдымен ақырда байлаулы тұрған өзі  
гана қүтетін көкжалаңа барды. Жалын сипап,  
алдындағы шөбін көріп, сүян берді. Егесін оқы-  
рана қарсы алған көкжал қалың еріндерімен  
бет-аузын жалады. Көкжалаң көңілін аулаған-  
нан кейін темір тұлпарының майын тексеріп,

әр жерін шұқылап болған соң, мектепке кетіп бара жатқан балаларымен бірге қақпадан шықты. Кеше кешкілік үлкен ұлы: «Көкемнің үйіне мен де барайыншы, бауырымды сағынып кеттім», – деп, киғылық салғанымен әкесі сабактан қалмауын алға тартып, бауырының екі бөлмелі тар үйін тарылтпауды ойлаған. Эйтпесе, Жансұлуды да ертіп барса жарасар еді. Ұлдарына кешкілік келіп қалатындығын, қаладан әдемі қармақ әкеліп беретіндігін айтып, мандайларынан сүйіп, шығарып салып тұрып, ауыл көшесінде сөмкелерін арқалап, көздерін уқалап бара жатқан бұлдіршіндердің артынан біраз қарап тұрды.

Шай ішіп болысымен Данай жолға шығу қамына кірісті. Тағы да көлігінің әр жерін тексеріп, бауырының үйіне апарылатын заттарды түгендettі. Іштей жарына риза болды. Ешнәрсені ұмытпапты.

– Ал жолың болсын, бәріне бізден сәлем айт. Қалаға жетісімен банкоматтан ақшаны алғып, мырзаға «үйлеріңе қосқаным» деп, беруді ұмытпа. «Күзде тағы да көмектесеміз» дегенді де айт. Біз ел ішінде отырмыз ғой, өлмеспіз. Жалғыз бауырымыздан аярымыз жоқ. Ал мынаны абысыныма менің сәлемдемем екенін жеткіз, – деп үлкен сөмкені қолына ұстартты. – Қаланың адамдары ғой. Ауылдың дәмін сағынатын шығар. Бүгін қонақтарының алдына «біздің ауылдың дәмі» деп қойса да жарасады...

Данай әйеліне қарап жылы жымып машинасына отырды.

Жұз шақырымды артқа тастап, Данай Нұртайдың үйіне тез-ақ жетті. Қонақтарының алды келіп те қалыпты. Бауыры да, келіні де Данайдың келгеніне қуаныш қалды.

— Женешем неге келмеген, — деген інісінің сөзіне елеусіз ғана: «Балалардан шыға алмайды ғой. Оның үстіне кешке өрістен келетін мал бар... Сәлем айтып жатыр. Мына сөмкені келін, айналайын, саған беріп жіберді. Ауылдың дәмі ғой. Дастанханға қоярсыз», — деп сөмкені келіні Рабиғаның қолына ұстадты.

— Қой мен тауықтың еті жаймаланып, тұздалған, кеберсін деп бір түн жайып та алдық. Қымыз әлгі өздерің жақсы көретін ағаларының үйінікі. Өте дәмді.

Әріптерінің ағасының ауылдан артынып тартынып келгенін көрген қонақтар бір жадырап; «Е... ауылдың адамдары осындай. Ауылдан келгендеге сын жоқ...» деп күлісті.

Дастанхан қайыстыра жайылыпты. Ауылдың күрт-майы, қымыз-балы, қазы-қартасы дастанханга одан әрі көрік, береке берді. Қонақтардың; «Ауылдан келген дәм ғой» деп, тамсанып алғандарына Данай қуанды.

Бірте-бірте әңгіме қызды. Жастары қырыққа жетпеген жігіттер қымыз толтырылған кесені емес, стақанды жиі-жиі қолдарына алды. Төрде отырған жігіттің екпіні қатты. Алдында та-

ныстырғанда оның бөлім басшысы екенін білген. Әкесі қаладағы байлардың бірі екен.

— Жақында қызық болды. «Көршіміз» деп бір ақсақал кешкілік үйге келді. «Қай ауылдың баласысың, елің кім, әке-шешең бар ма?» деп сұрақтың астына алыш болған соң: «Ерулікке шақыра келдім, ертең кешкілік біздің үйге келіндер» деді.

— Мне зачем нужно его ерулік, «ерулік-перулігінізді білмеймін, танымайтын үйге как пойду, не могу. Жұмыс көп», деп шығарып салдым. Они тоже недавно көшіп келіпті, ауылдан келгені бірден видно.

Жігіттің сөзіне отырғандардың көвшілігі жамырай күлді. Данай да еріксіз жымиды. Жаңындағы жігіт сөзге араласты.

— Сіз оны айтасыз, жақында ауылдың бір крестьяны телеарнадан сөйлеп тұр. «Абайдың он бесінші қара сөзінде былай деген» деп. Білмейтін болса несіне сөйлейді. Абай ақын емес пе?! Қара сөзі несі?

Данай інісі Нұртайға қарады. Қозғалақтап, сөйлеуге икемделіп келе жатқан Данайға інісі көзінің астымен жәй ғана қарады да астыңғы ернін білінер білінбес етіп жымқырды. Ағасы басылып, қонақтардың әңгімесін мұқият тындалп отырды. Олар банкир бір таныстарын жамандай бастағанда олардың әңгімесіне араласты.

— Жігіттер, мен мына жәйтті жете түсінбеймін. «Тұрғынүйқұрылысбанк» деген банк бар. Осы Нұртайлар пәлен жылғы жиған-тер-

гендерін сол банкіге салып, біраз жылдан кейін салғандарына қарай сонша ақша қосып, несие алды. Нәтижесінде банк, ұмытпасам, жеті пайыздық өсім алатын болды. «Өсім өте аз», деп жар салғанымен бір мәселе мені толғандырады. Банк неге өзі берген ғана сомадан өсім алмайды? Олар өсімді Нұртайлардың жинаған қаржысынан да алып отыр емес пе?! Меніңше бұл орынсыз, әлде мен бір нәрсені түсінбеймін бе?

— Вот дает ауылдан келген аға! Шыны солай емес пе. Шынында да банк барып тұрған нахай. Мен білсем Нұртай банкіден төрт миллион кредит алды. Оның екі миллионын өздері үш жыл бұрын салған. Одан неге процент алады?! Вот, это да...

Дастархан басындағылар бір сәт үнсіз қалды. Содан соң «банкінің талабы сондай, келіскен алады, келіспеген алмайды» деген ортақ тоқтам жасады.

— Онда халықты алдамай-ақ, «өсім 14 пайыз» деп, банкі берген қаржысынан ғана өсім алғаны дұрыс қой...

Бұл тақырыпты одан әріге созбастан олар енді әңгіме арқауына саясат пен экономиканы араластырды. Енді бір сәт әңгіме ауыны мақтанышқа жалғасты. Бірі әкесінің батыстан мұнай скважинасын сатып алғанын айтса, енді бірі шығыста табылған газ орнына ие болуға күш салып жатқанын білдірді. «Жігіттер, біле біл-сендер қазір барлық түйінді тек байлық шешеді. Оған қарсы тұратын күш жок» деп төрде отыр-

ған жігіт олардың әңгімесін бір түйіп қойды. Эбден қызған қонақтар бір-біріне сөз беруі қыннады. Біреулерді даттап, төрде отырған жігітті көбірек мақтады. Сөздерінің соңында бәрі інісін «іскер, адал» деп мақтай келіп; «бірак ауылшыл, ағайын-туысқандарының жағдайын ескіше көп ойлады» деді. Сыйлықтарын ұсынуды да ұмытпады. Бірі сыртында сурет салынған кружка, екіншісі кофе қайнатқыш, үшіншісі барыстың кішкентай бейнесін, тағы бірі қабырғаға ілетін шағын сағат сыйлады. Данай інісіне осындай күрмет көрсетіп жатқанына куанып, бауырына мейірлене қарады. Інісі болса бір нәсеге қысылғандай ағасына тіке қарамай, көзін тайдырып әкете береді. Достарының мақтағанына қысылып отырған болды ғой, несі бар: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасын!» демей ме?!

Соңғы сөз Данайға берілді. Асығып, аptyға сөйлеген Данай қонақтарға рахметін айттып, елдің алғысын алындар, халыққа қалтқысыз қызмет етіндер дей келіп:

— Мына заманда ипотекаға үй алу оңай емес. Женешең екеуміз сендер қысылып қалмасын деп, өздеріңе көмек болар деп, үйлеріңе көрімдік болсын деп екі биені сатып жібердік. — Ол бір бума он мыңдықтарды інісінің алдына қойды. Амандық болса, күзде, жиын-терін аяқталған соң тағы көмек көрсетерміз, — деді.

Дастархан басындағылар бір сәт үнсіз қалды да артынша ду ете түсті.

— Вот — это да! Ауылдың адамдары осындай!

— Иә, ауылдан келгендер осындай...

— Екі биенің ақшасы бір миллионға жақын ғой, — деген аксүр келіншек ернін сұлп еткізіп, күйеуіне қарады. — Нұртай бақытты. Ауылдан келетін ағасы бар. Ал біздің ауылдан тамырымызды үзгелі қашан. Бармаймыз, келмейді..

— Көке, мұныңыз не, балалардың аузынан жырып, келінің екеуміз де жұмыс істейміз, жалақыларымыз да жаман емес... Откенде де жеңешем екеуіңіз артынып-тартынып келген едініздер...

— Е... айналайын, бар болса бергенге не жетсін. Сонымен, үйлеріңе бала толсын, ана кішкентайдың іні-қарындастары көп болсын, бұдан да кең үй алындар, — деп орнына отырды. Өзінің ақшаны келе салып, ешкім жокта бермегеніне қынжылды. Құрғыр... ұмытып кеттіп. Мыналар сыйлық беріп жатқанда ғана ақшаны беру ойына сап етіп түскен еді. — Құрғыр ұмытып кете жаздаптын, айналайындар, сендер есіме түсірдіңдер ғой. Рахмет, жігіттер алып жіберіндер!

— Күзде сізді әуре қылмай-ақ өзіміз барып аламыз ғой, — деп сынғырлай құлген келіні Нұртайдың алдында жатқан ақшаны жып еткізіп, халатының қалтасына салып жіберді.

Кешкілік Данай ауылға тұнжырап қайтып бара жатып, ағалары биік болып көрінбейтіні, інілері иіліп тұрмайды ғой деп ойлады.

## ШАШ БОЯУ

Шаш бояйтын сән шықты. Жасы да, көрісі де небір түстерге шаш бояп, қайсы орыс, қайсы казак, кәрі ме, жас па, әйтеуір бәрі араласқан дүние болды. Қызмет істеп жүрген мен қалысайын ба?! Оның үстіне елуден асып бара жатқанымды білдіргісі келгендей самайдан ақ күміс шаштар да жылтылдай бастады. Алатауды қар басқандай отағасының басының ағарғаны қашан?!

Енді міне, жаппай шаш бояу деген басталды. Бір қызығы бірді-екілі ер азаматтар да шаштарының түсінөзгертіп жіберіпті. Кейде көпшілік жиналаған жерлерде тасалай жерге отырып алыш, кұрбым екеуіміз шашын бояған ерлерді санай бастаймыз, санаған не, «анау андай, мынау мындей, жаарсады, жаарспайды, оған не жоқ, ә-ә, оның жас көнілдесі бар еді-ау» деп мінеп-сынап біраз жерге апарып та тастаймыз. Сонымен не керек мен де шашымды өзгертуек бол, ұнаған бояуымды үйге алыш келе іске кірістім. Әжептәуір-ак болыш шыққан сияқты. Шашымның ақ селеулері жабылып, жасарып қалғандай. Өзіме өзім қарағыштай беремін айнадан. Мәссаған, бояуды артық алыш қойыппын. Енді бір басты бояп тастайтында-ак біраз бар екен. Енді не істесем екен? «Сұйылтып дайындалған бояу сақтауға келмейді» деп сыртында бадырайтып жазып қойыпты. Тастан

салайын десен, дүние құрғырды көзің қимайды. Сөйтіп әрі-сәрі болып тұрғанымда күйеуім келе қалмасы бар ма? Жака, шашың ағарып кетіпті, кел, дайын бояу бар, шашынды бояп берейін, – деп қолымдағы бояуыммен алдынан шошаң етіп шыға келдім.

– Жындысың ба, о заманда бұ заман еркектің шаш бояғын қайдан көрдің, – деп ала көзімен ата зірк етті де бөлмеге кіріп кетті.

– Онда тұрған не бер екен, бізде еркектердің біраз бояйды, – деп танымал азаматтардың атын тізе бастадым.

– Өшірші, ей, үнінді. Боямаймын дедім болды, боямаймын. Онан да шайынды әкел, – деген ол ас үйге қарай беттеді.

Амалсыз шай қамына кірістім. Екі көзім жаңағы бояу жақта. Уақыт өткен сайын түсі өзгеріп бара ма өзі қалай?! Ишім ашып барауды. Қайран ку дүние-ай, ақшаға келді ғой. Енді қайтсем екен, қалай көндірсем екен, а?!

Есіктің қонырауы шылдыр ете қалды. Барып аштым. Келген құрдасы Есберген екен. Құдайым беріп қалды. Есберген менің айтқанымнан шықпайтын момын, бірақ денесі қапсағай, екі нығына екі жігіт мінгендей еңселі азамат.

– О. Еске, кел, төрлет, мактап жүреді екенсің. Шайға кел, – деп жік жаппар болдым. Ол келгенде шынымен қуаныш қалатынбыз. Бұл жолғы қуанышым ерекше болды. Оған мән беріп

жатқан екеуі жок. Әңгіме дүкен кұрып отыр. Менің көнілім де, көзім де бояуда.

— Еске, — дедім бір кезде жұлып алғандай. Даусым қатты шықты білем, екеуі де жалт қарады.

— Қараши, Жақаңның шашы ағарып кетіпті. Есберген Жақаңның шашын жаңа көргендей біраз отырды да, дауысын созып:

— Расында, байқамаппыш-ау, шашың ағарып кетіпті. Боямайсың ба? — дегені. Оп, бәле, сұрағанға береген. Менің де көкейімді тесіп бара жатқан да сол емес пе?! Жүгіріп барып бояуымды алып келе қойдым.

— Кетші, ей. Сен де алжасқансың ба? Шаш бояғаны несі, — деп еді Есберген тосылып қалды.

— Еске, сен тізенмен оны басып отыр, мен бояймын, — деп әмірлі дауыспен ым қақтым. Айтуым мұң-ақ екен Ескең ыңқ еткізді де Жақаңды тырп еткізбей тізеге басты да алды. Ол жұлқынып қояды. Көнетін біз бе, айдал бояп таstadtым. Мұртын да тыныш қалдырмадым. Ол да кетті бояльып.

— Болды, жібер, — дедім. Көнбеске шара бар ма, Жақаң тыншып қалды. Соны пайдаланған мен де:

— 20 минут отыра тұр, — дедім жеңімпаздың дауысымен. Уақыт өтті-ау деген шамада:

— Жүр, енді басынды жуамын, — деп томпандастып жуын бөлмеге қарай асықтым.

Момақан қозыдай соңымнан ерген Жақаңың бояу шашын әдемілеп жуып, фенмен кептіріп алғып шықтым.

Масқара, мынау не сұмдық! Боялған шашы не ақ емес, не қара емес, қып-қызыл бірдене болып шықты. Үнім шықпай қалды. Көзім бақырайып кеткеннен бір сұмдықты сезгендей Жақаң айнаға қарай жүгірді. Мен Есбергеннің артына қарай қаштым.

— Ой, әкеңнің... мынау не сұмдық мазағын. Ол маған қарай тап берді.

Мен еңгезердей Есбергеннің артына онан сайын тығыла түстім. Сол-ақ еken маған деген жұдышы Есбергеннің самай тұсына шарт ете қалмасы бар ма?! Ескең бүктісіп отыра қалды. Ол енді маған қарай тап берді. Мен лоджия мен бөлменің есіктерінен айнала қашып жүрмін. Үстай алмасын білген ол «ит ашуын тырнадан алады» деп қайтадан Ескеңе қарай ұмтылды. Ол менің соңымды ала қашсын. Сөйтіп у-шу болып жатқанда үлкен қызымыз келе қалғаны.

— Мұнда не болып жатыр. Бүкіл подъезді басына көтеріп жатырсындарғой.

Ол аңтарылып бәрімізге қарады да: — Пап, түрің не болып кеткен, мынау не сұмдық, басыңа не болған, — деп әкесінің басын сипап жатыр.

— Мына екі есалан, менің шашымды бояймын деп істегендері.

— Токта, папа, енді ашуланба, мен қазір басқа

бояу алып келейін. Мына бояу сенің шашыңа келмеген ғой, – деп жүгіріп бояуға кетті. Екі иығымыздан дем алып, үніміз өшіп біз отырмыз. Жакаң да бізге қарай ұмтылуын қойды. Үнсіздікті қызымыздың келген дыбысы бұзды.

– Кел, пап.

– Екеуі тағы жуынатын бөлмеге кіріп кетті. Есберген екеуіміз ақырын ғана тұншығып күліп қоямыз. Ашуланса ашуланатындей-ақ. Шашының түсі адам түсінбес бір бояу. Біраздан соң олар қайта шықты. Масқара! Жаңағы жаңағы ма, «куырдақтың көкесі» енді басталды. Шашының түсі алабажақ бірдене. Құдай сыйлады, не көк емес, не қара емес, не қызыл емес.

– Пап, – деді қызы саспастан, сенің шашынды бояу алмайды еken. – Тақырлап алып таста.

– Немене? Жақаңның жан дауысы шықты.

– Иә, – дедім мен де қарап тұрмасстан. – Тақырламасақ болмайды. Бояу алмайды еken, – дедім сенімді дауыспен. Жақаңның тынысы тарылғандай, үні өшті де қалды.

Мен болсам ұстараны лезде Есбергеннің қолына ұстаташып үлгердім.

## ЕСТЕЛІК

Үй жинап жүріп Дариға ойламаған жерден атасының лупасын тауып алғаны. Сыртында үлкен әріппен «ГУМ МВД СССР» деген жазуды оқып, осыдан бірнеше жыл бұрын атасының осы құралмен газет оқып отырғанын есіне алды. Сексенниң сенгіріне шыққан атасы соңғы кездері көзі көрмегендіктен газетті осылай оқуды әдетке айналдырып еді.

— Ой, ата, осы уақытқа дейін бұл жәдігерінізді қалай жоғалтағансыз, біз болсақ кунде болмаса да күнәра бір қаламнан жоғалтатын шығармыз, — деген атасының қолындағы лупаға қызыға қарап.

— О не дегенің, қызыым. Бұл зат менің кезінде он қолым да, көзім де болған жоқ па?! Бұдан айрылу мен үшін онда көзім мен қолымнан айрылумен бірдей болар еді гой, — деп немересіне оның қашалықты қымбат екенін айтЫП берген болатын. Енді міне, атасының өзі кеткелі қаша-а-ан ал, ал мына дүниесі оның артында қалыпты. Дариға нағашы атасынан әңгімелерді көп тыңдалған ол сол жолғы да бір әңгімеде де өз анасының қалай дүниеге келгені жөнінде естіп-біліп еді.

\* \* \*

Майданға деп халықтан жиналған азық-түлік, жылды киім-кешек, тіпті газет-журнал мен

кітаптар тиелген әскери ауыр эшелон станцияның үшінші жолына келіп тоқтағанда тұн қарандырылғы әбден қоюлана түскен еді. Бұл жерде паровоз алмастырылып, одан соң эшелон батыска, яғни майданға қарай жөнелтілмек. Жанжағынан әскери күзетпен қамтылған эшелонның ең соңғы вагоны дөңестеу жерге келіп тоқтады. Сол мезетте қарандыдан сумаң етіп шыға келген бірнеше адам көзді ашып-жұмғанша күзеттің көзін жойып үлгерсе, енді екеуі көз ілмestей шапшаңдықпен вагондардың арасына кіре сала бір-біріне жалғанған тиектерді ағытып үлгерді. Бұл кездे алдыңғы жақтан паровоздың ағытылғаны да білінді, араға бес-жеті минуттай уақыт өткенде басқа паровоз да тіркелді. Сөйткені болған жоқ өзі де дөңестеу жерде тұрған артқы вагон кейін серпіліп барып төмен қарай зулай жөнелді. Ал вагонның ағытылғаны да, күзеттің де жойылғанынан бейхабар состав ауыр бір ышқынды да орнынан ақырын қозғала берді.

...Рельстерді тексеріп келе жатқан обходчик аппак қардың үстінде қан жоса болып жатқан әскерилерді көргенде есі шығып кетті. Жан ұшыра станция кезекшісін көре сала қолын ербендетіп, көзі шарасынан шыққан күйі сөйлей алмай ыңылдай береді. Оның мына түрінен бір сұмдықтың болғанын сезген ол «не болды, есінді жи» деп жүлқылап жатса да ананың сөйлей алатын түрі жоқ, тек қолын «ана жақта» деген-

дей сермей берді. Станция бастығы оның есін жимақ оймен жағынан салып қалып еді, шынында да сөйлеп берді. «Ана жакта үш адам... үш адам... эскерилер өліп жатыр». «Не дейсін, кай жақта, не деп тұрсын?» Енді станция бастығы есінен тана жаздады.

— Бұл оқыс оқиғаға бәріміз партбилетімізбен ғана емес басымызбен жауап береміз. Әскери эшелонның келе жатқанын біле тұра күзетті күшетпегендеріңіз қалай?

— Жолдас майор, білем сіз тағы адам саны жетіспейді деген сұлтау айтасыз. Ең болмаса теміржолшылардан болса да уақытша жасақ күргүға болатын еді ғой. Мен бұл мәселені обкомға жеткізуге мәжбүрмін» деп аупартком хатшысы алдында тұрған телефонға қол созды.

Тексерістің алдымен байқағаны тоналған вагон станциядан төрт-бес шақырым жерге дейін апарылған. Алдымен паровоз тіркелген кезде артқа қарай серпілген вагон біраз жерге дейін барған да, одан соң сүйретілген, бірақ қалай, немен сонша жерге апарылғанын анықтауда опертоп тұйыққа тірелді. Тұнде жауған қалың қар іздің бәрін жауып үлгерген.

— Күмән жоқ, бұл соғыстан қашқандар мен жергілікті криминал жандардың іс-әрекеті, оларға станция тұрғындарынан да біреулердің көмек көрсеткені сөзсіз. Сондықтан қаракшыларды жақын мандағы тау арасынан іздеу керек. Тұрғын халықтан да сұрастырған жөн болар.

Мұның бәрі уақыт және адам күшін қажет етеді. Ал бізде мұндай мүмкіндік бар ма?! Шұғыл құрылған штаб отырысын жүргізіп отырған хатшы маңайындағыларына сұраулы жүзбен қаралды. Жауап қатқан ешкім болмады. Онсыз да жағдай түсінкті еді.

\* \* \*

Мал қораға кіре бере Бәтима күйеуінің жерге бірденені көміп жатқанын бірден байқады, байқап қана қойған жок, бірден түсінді де. Соғыс басталғалы көрші қолаңың малы мен кештетіп қалған жолаушыны тонауды әдетке айналдырған күйеуінің кешегі елді дүр сілкіндірген оқиғаға қатысы барын ешкім айтпаса да ұқты. Мұнысын ешбір қойдыра алмаған Бәтима елге қараудан қалып еді. Жұрттың бәрі Ұзақбайды сол жердегі шпаналар мен ұры-қарылармен байланысының барын біліп қалған еді. Көзіне ешкім басып айтпағанымен «сен де оның сыңарысың-ау» деген айтпаса да үнсіз кіналау тұратын. Ондайда жанына батқан Бәтима күйеуіне «милицияға өзім ұстатып беремін» деп қанша рет қоқан-локқы көрсетсе де ол айылын жимады, ал әйелі болса «бетпак женеді, бейбак көнедінің кейпін киетін. Ал Ұзақбай болса оның бұл дәрменсіздігін көрген сайын қайта бұны мазақта айналдыра бастады. Бұл жолы әйелінің көзінен жиреніш пен лағнетті бірден байқаған Ұзақбай да «мыналар кешегі вагонның жанында қалып

қойған екен, қалдырып кетуге көзім қимады» деп мәймөнкелеп келе жатыр еді, Бәтима кенеттен жалт бұрылды. Бұл қымылында «енді айтпасам болмас» деген шешім анық еді. Оның ойын сезе қойған Ұзақбай да қолындағы істік күректі есіктен шыға берген Бәтиманың жон арқасына сілтеп ұлгерді. Жанында тұрған Тоқтамыстың көзі шарасынан шықты. Кескен теректей омақаса құлаған Бәтиманың жансызы денесін түнделетіп иығына салған күйі екеуі станцияның сыртына қарай апарып, қар астына көміп тастаған Ұзақбай ертесіне оның сырқаттанып төркініне емделуге кеткенін, түнде поезға салып жібергенін көршілеріне айтудан жалықпады. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан кезде алғашқыда оған ешкім мән де бере коймады, ралында Бәтиманың онша денсаулығы да жоқ еді. Ал бірақ уақыт озған сайын Ұзақбайдың күйі жаксарып, беті майланаң, қан жүгіре бастағанын байқаған көршілері «мынау осы не жеп, неменеге семіріп жүр» деп өзара күбірлесіп қоятын болды. Бұрынғыдай мал ұрлады дейін десе мал дейтін мал да қалған жоқ. Беретінін майданға беріп, жейтіні болса желініп, ұрланатыны болса ұрланып бәрі біткен шақта Ұзақбайдың қонының қошы маңайындағыларды күдіктендірмей коймады. Оның үстіне әйелінің де төркінінде жатуы ұзарып кетті.

...Қыс өтіп, қалың кардың сені сөгіле бастағанда қанғыбас иттер бір әйелдің өлі денесін

әрі-бері сүйретіп жүрген жерінен көрген тұрғындар айырып алғып, милицияға хабар берді. Қарастында жатқан дене бұлінбекен, тек иттер әрі-бері сүйреткен кезде болу керек дегесінің біраз жеріне закым келіпті. Эйтсе де медэксперт оның адам қолынан өлгенін, жон арқасына тиген өткір зат оның омыртқасын үзіп түсіргенін айна қатесіз анықтады. Енді опертоп жакын арада жоғалған эйелдер туралы анықтама жинай бастады. Шағын станцияның адамдары тек ауылдан қыс басында Бәтиманың ғана төркініне кеткені, одан басқа ешқандай эйелдің жоғалмағанын жеткізді. Аудандық милицияға Ұзакбай шакырылғанда есіктен мұләйімсіп кірген оған тергеуші мұсіркей қарады. Өлген эйел осының эйелі болып шықса қайтеді?! Жасы келіңкіреп қалған, оның үстіне балалары да жоқ бейбактың күйі не болмақ деген ой қылаң еткенімен, ол ойын тез жинақтап, «әркімге осылай мұсіркей қарап отырғаным болмас» деп ойын тез жинақтаған ол «отыр» дегендей ишарат білдірді. Ұзакбай да тергеушінің әлі ана сүті аузынан кеппеген жас екенін бірден байқады. Дегенмен, заң адамының алдында «мен кішікпін» дегендей жасқаншақтанғандай орындықтың ұшына ғана жайғасты. Жас жігіт сөз бастамастан бұрын ақырын жеткірініп алды да төтеннен: – Азамат Қалыбаев, сіздің эйеліңіздің төркіндең кеткеніне қанша уақыт болды, – деп тіксіне қарады. Бұл оның психологиялық «шабуылы» еді. Бірақ Ұзакбай да сыр берер түрі жоқ.

— Пэтшағардың кеткеніне біраз уақыт болды. Не хат жок, не хабар жок. Өзім барайын десем жақын жер емес, жұмыстан да босатпайды. Оны неге сұрадыңыз, не бір хабар ма, — деп тергеушінің өзіне қарсы сұрақ қойды. «Мынауың мен ойлағандай мұсәпір емес-ау» деген оймен тергеуші де бірден іске көшті.

— Осында бір әйелдің мәйіті табылды, әзірге ешкім адамының жоғалғаны туралы өтініш білдірген жок. Біздегі мәліметтер бойынша тек сіздің әйеліңіз ғана алыс сапарға шыққан. Мынандай аласапыран уақытта не болып, не қойып жатқанын білу қыын. Егер сіз әйеліңізден хабарсыз болсаныз, сізге мәйітті көрсетсек деп едік. Кім біледі, жаман айтпай жақсы жок деген, — деп үнсіз қалды. Ұзақбайдың іші мұздап кетті. Мандайынан бұрқ етіп шыға келген терді қолындағы тымағымен бір сұртіп тастап: — Мен өліктен қорқамын, менің ол мәйітке қандай қатысым бар, — деп жымиған болды.

— Сізді қатысы бар деуден аулақпыз, бірақ ауылдан шыққан тек сіздің әйеліңіз болғаннан соң ғана анықтамақпыз. Несіне қорқасыз, мен де сізben бірге барамын. Бізден басқа ол жerde адамдар бар, — деп орнынан тұрды. Ұзақбай амалсыз соңынан ерді. Ойы он сақта, егер шынымен ол Бәтиманың денесі болса өзін қалай үстая керек, танымаған сыңай танытса ма әлде «сталыш» қалса ма екен?!

Мәйітті көргенде Ұзақбай оның үстіне өкіре

құлады, одан соң барып «есінен танды». Өзінің бұл оқыс қылышына өзі де таңданып, езу тарта жаздал барып өзін зорға тоқтатқаны.

— «Нашатыр, нашатыр әкеліндер» деген дауысты естіп жатса да тырп етер емес, тек мұрнын ашы иіс жарып жіберердей болғанда ғана жүрегі қарс айрылғандай аһ ұрып көзін ашты.

Ұзын сонар тергеу басталды. «Қашан, қай күні, қалай, қандай поезға отырғыздың, отырғызғаныңды кім көрді» деген небір сұрақтардан Ұзақбай да жаңылар емес. Оның жауабы бойынша Бәтиманың кеткен күні әскери поез тоналған күнмен тұспа тұс келді. Станса жақын болған соң Бәтима мұны әуре қылмай-ақ өзі кете барған. Бұрын да өзі мініп жүре беруші еді, Ұзақбай сосын алаңдамаған. Жауабы нық, сенімді, тек анда-санда «куйзеліп аһлап-ұһлеп» қояды. Сонымен не керек, үш-төрт ай сандалыстан соң Ұзақбайға қояр кіна болмаған соң тергеу ісі аяқталып, әйел қарақшылардың қолынан қаза тапты деп іс тоқтатылды. Ұзақбай өзінің тапқырлығына риза болды. Бәтиманың төркіні де келіп жылап-сықтап олар кетті. Жәй кеткен жок, «ендігі күнің не болмак» деп күйеу балаларына аяушылық танытып, жандары ашып күйзеліп кетті.

Поез тонауға қатысы бар ма, жок па ол жағы беймәлім тау арасында соғыстан қашқан қашқындар мен қарақшылардың бір тобы сол жылды-ақ қолға түсіп сотталып кете барды. Со-

лардың арасында Токтамыс та бар еді. «Айран ішкен құтылып, түбін жалаған тұтылып» Ұзақбай біраз сыйбайластарымен бұл жолы да аман-есен бас сауғалап қалды. Бірақ ел арасында «әйелінің өліміне қатысы бар» деген сыйбыр-сыйбыр сөз қалып қойды.

Осы оқиғадан соң үш жылдай өткен шамада «нашандік мілицияға жаңадан бастық келіпті, ол мына шалғайдағы Т. ауданының ту масы екен, руы мұрат екен» деген сөз гу ете қалғанда Ұзақбайдың жүргегі зу етті. «Құрыған жерім осы болар, бұл Бәтиманың немере інісі ғой, ол апасының өлімін зерттемей, қайта көтермей қоймайтын шығар. Ол өлгенде, анығы өлтірілгенде інісі сонау Талдықорған облысында қызметте жүріп келе алмап еді. Енді аудан ашса алақанында, жұмса жұдырығында, маған да тозақ оты жақындаған шығар» деген ой күндіз күлкіден, түнде ұйқысынан айырды. Біраз бас сауғалап бір жаққа кетіп қалуды да ойлады. Бірақ басар тауы, барап жері жок қайда барсын. Баяғы «әріп тестерінің» жолын күп тау сауғалап кетейін десе күдік туғызыры сөзсіз. Әбден ойлап-ойлап басы катқан Ұзақбай енді қайнысы бұл істі көтермей тұрғанда оны ерулікке шақырып, сол кезде оның да көзін жоюды жоспарлай бастады. Қара ниет, қанды қол қаракшыға мұндай да сыйбайластар да оңай табыла кететіні бар емес пе?! «Шайтан шайтанды табады» демекші Ұзақбай да өзі тәріздестерді тез тапты.

«Мен бұл адамды жақсы танимын, ол қадалған жерінен қан алатын баукеспенің өзі, егер де біз оны құртпасақ, ол бізді құртатыны сөзсіз. Одан құтылмасақ болмайды» деп жанды жерлеріне тиіп, құлактарының етін жей берді. Алғашқыда «мынау не деп түр» дей үркे қарағандар енді оның сөзіне құлак аса бастағандай. Өйткені ауданда аз уақыттың ішінде орнап келе жатқан тәртіп Ұзақбайдың сөзінің растиғын дәлелдегендей бұлардың аралары да сирей бастады. Екі күннің бірінде дүкен, касса, пошта, үй тонағандардың бірінен соң бірінің ұсталып жатқанын естігенде, бұлар да қамсыз қалмаудың жоспарын құра бастады. Адам торап, өмірін сарп еткен баукеспелердің өзі құрыққа тез ілініп, «енди не істейміз» дегендей Ұзақбайдың аузына қарайтынды шығарды.

Жұмыс кабинетінде отырған Мақажан Әбдірәсіловке келіп кірген адамды ол шырамытқандай болды. Ол да мұның бетіне жалтақтай карай береді. Бір жұтынып алған Ұзақбай тілі таңдайына жабысып қалған сияқты сөйлейін десе аузы ашылмайтындей.

Бір кезде барып тіл қатты-ау.

– Қайным, сіз мені танымадыңыз ғой деймін. Осында қызметке ауысып келгеніңізді ести сала келгенім ғой. Мен... мен сіздің Ұзақбайдың ғой, – деп еніреп жылап жібергені. Өзі іштей бұл әртістігіне риза болып қояды. Енірекенде етегі толатындей еңкілденеп келіп енді үстөл

басында абдырап отырып қалған Мақажанды бас салып көріссін.

— Қойыңыз жездеке, мен өзім де кіріп шығуды ойластырып жүр едім. Мына жұмыстан бір қолым босамай қойды. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген, қайтесіз енді?! Әрине, қанды қол қылмыскердің табылмағаны өкінішті.

Қолым тисе сол оқиғаның күжаттарын тағы бір қарап шығу ойымда бар, — дегені мұны өзінен кері ысырып.

Мұны естігенде Ұзақбайдың жүрегі тоқтап қала жаздады, өкпесі қысылып, тынысы тарылды. Оған су ұсынды. Есін тез жинаған Ұзақбайды арам ойын міндетті түрде іске асыру қажет екенін анық түсінді.

— Қайтесің сол ескі істі қозғап, енді жазылайын деген жараның бетін тырнап. Болар іс болды, бояуы сінді. Әпкеннің аруағы риза болсын, үйге жүріп ерулік жеп кет. «Орта жолда атың өлмесін, орта жастақ атының өлмесін» деген, жалғыз қалып, ку тіземді құшақтап қалған шағымда ағайын-туған қоярда қоймай төсек жаңғырттырған еді. Әпкеннің орнында отын тұтетіп тағы бір әпкем отыр деп ойла, қарағым. Отбасынды көшіріп алды деп естіп ем. Келінді де ерте келерсің. Ал мен тұрайын деп ыңғайлан беріп еді:

— Рахмет, пейіліңізге. Дәл мына күні барамын деп айта алмаймын. Бір күні өзім хабар берермін, — Мақажан да орнынан тұрды.

«Шақыруын шақырдым, бірақ нақ қай күні келетінін білмейтінім жаман болды, қайтсем екен» деген оймен үйіне қалай жеткенін де білмей қалды. Әйелінің «шәй дайын» дегеніне де қарамастан тоң теріс барып жатып қалды. «Ойпырым-ай, істі қайта көтерсем дейді, а, мен құрыдым ғой онда. Жоқ, мұның көзін құрту керек, не мен, не ол» деді іштей ширығып. Бірақ қай күні, қай уақытта келсе де бұл қапыда болмауы тиіс. Сол мақсатпен ол сыйбайластарына да «ол келетін болды, тағы да айтартмын» деген қысқа ғана хабар жіберді.

«Жездесінің» үйіне баратын болып, жұмыстан ертерек келген Мақажан әйелінің толғағының үстінен шықты. Бесінші баласына аяғы ауыр әйелінің бұрынғы толғактарында мынандай түрін көрмеп еді. Қан-сөл жоқ, боп-боз бүктісіп қалған. Жалма-жан дәрігерді шақыртқан Мақажан олардың шешімін естігендеге таң қалды. «Шарана көлденең жатыр, босанарға дейін дұрыс келмесе операция жасау керек, әйтпесе екеуіне де қауіп төнуі мүмкін» деп әйелінің қол аяғын жерге тигізбей ала жөнелді. Мақажан да қызметтік автокөлігіне мініп «жедел жәрдемнің» соңынан ілесті.

Ұзақбай бұл кезде милицияның жасырын бақылауында еді, тұзактың тарылып келе жатқанын сезбеген ол сыйбайластарымен Бәтиманы өлтіретін сол баяғы қорада мал ұрлап, сойып жатқан жерінен үстерінен сау етіп қызыл

погондағылардың кіріп келгенін көргенде қолындағы өткір пышакты сілтеп үлгере жаздады. Жанында тұрған сыйбайласы оның қолын қағып жібермегендеге соңының неге апарып соғарып бір күдай білсін. Кейін тергеу үстінде одан «Ұзақбайдың қолын неге ұстап қалдың» деген сұракқа «мен ұры болғаныммен, қолымды адам қанына бұлғамаймын, мойныма біреудің қанын жүктегім жоқ» деген жауабы оның жазасын жеңілдетуге септігін тигізді.

Тергеушінің алдында отырған Ұзақбай айылын жияр емес, түрінде «азар болса мені мал ұрлағаным үшін соттарсындар» деен сыңай бар.

— Азамат Сұранбеков, сіз өз әйеліңіз Сұранбекова Бәтиманы өлтіргеніңіз, соғыс қашқындарымен сыйбайлас болып ел торап, әскери эшелонға шабуыл жасағаныңыз және үнемі мал ұрлаумен айналысқан деген күдікпен ұсталып отырсыз, — деген тергеушінің қатқыл дауысын естігенде барып қана сылқ түсті. «Ә, Мақажан менің тубіме жеткен екен ғой, қап қапыда қалғанымды қараши, көпке ұзатпай көзін жоюым керек еді» дегенде іші у жалағандай ашыды. Әп-сәтте-ақ өні өрт сөндіргендей қарауытып, жактары кусырылып, ауыр дем алды. Осы кезде бөлмеге Мақажан Әбдірәсілов келіп кіргенде қаракшы өзін өзі әрен тежеді. Қаны басына шауып, көзі қанталап, қалш-қалш еткен оған қарауаянышты да, жиіркенішті еді. Қақпанға түскен қасқырдай аласұрған ол тістерін шықырлатып, түсініксіз бір дыбыстар шығарумен болды.

Сол күні тергеу ұзакқа созылды. Оның шаршағанына қарамастан тергеушілер жаупты ке-зек кезек алды. Ара кідік Әбдірәсіловтің өзі де кіріп, бір екі сұрап қойып кетеді. Оны көргенде Ұзақбай кірпідей жиырылып, сөйлегісі келмей қалады. Дегенмен, бұлтарптайтын айғақтар же-терлі болғандықтан ол қынқ дей алмады. Оның істеген әрекеттерінің біразын бұрын ұсталған сыйбайластары өз жазаларын женілдету мақса-тымен, ал Тоқтамыс болса әйелі Бәтиманы қа-лай өлтіргені туралы айттып берген еді.

Түн ортасы ауа бере тергеу де аяқталып, «әкетіндер» деген бұйрықты естігенде үйқы-сынан шошып оянғандай болған баукеспе өзі-нің жазадан құтылмасын білді. Соңғы зәрін шашқысы келгендей бүйендей Әбдірәсіловке бұзылып кеткен жүзін бұрып:

— Бір ғана өкінішім бар. Иттің баласы, көрер жарығың бар екен. Сол күні қатыныңың толғағы келмегендеге сенің жаныңды да әпкең сияқты жаһаннамға жіберетін едім, — деп қынсылай бұрала барып отыра кетті.

— Иә, мен де сенің сол арам пиғылыңды біліп үйіне «қонаққа» баруды ойластырып ем. Әттең мен де сол күні ойымды жүзеге асыра алмадым, онда сенің мына күйің бұдан да ертерек болатын еді, — дегенін естігенде Ұзақбай аш қасқырша ұлыды. Сәлден соң қолы кісендеулі оны конвой айдалап әкетіп бара жатты.

## ҚАН

— Анау отырған менің анам, — деді күйеуім шынтағымен мені түрте автобуста қарсы алдымызда отырған орта жастағы қараторы әйелді нұсқап. Ол да бізге қарап отырған сияқты. Көзінде мұнға қоса бір жылдылық та бар. Жүрегім дір ете қалды.

— Барып амандасайын ба? — дедім.

— Жоға, не деп амандасасың, ыңғайсыз ғой, сен кімсің десе не демексің? Күйеуім маған күле қарады.

— Расында, кіммін демекпін?! Онда қай жерден түседі екен, аңдық, — дедім мен де қайтпай.

— Қойшы, жындысың ба, көріп қойса қайтесің?

— Тұ-у, сен де «қайтесің-қайтесің» деп қоймадың ғой. Осыдан сөйлесіп қалмасақ енді кезіктеріміз бе жоқ па?!

— Мен білемін оның қайда тұратынын, — деген күйеуім «тұсеміз» деген ыңғай танытып. Жүріп кеткен автобустың сонынан қарап тұрған маған «ей, ойнап айтамын, танымаймын ол әйелді» деп күледі. Мұндай ашуланбаспын.

— Сондай да ойын бола ма екен?! Енді шынымен кезіктірсөң де нанбаймын, — дедім қынжыла.

— Мұнысы өмірі көрмеген анасын сағынғаны ма, әлде мені мазақ қылғаны ма...

...Ауруханада жаткан күрдасымызды іздең келе жатқан бетіміз болатын. Алдымыздан да-ландаған медбике жүгіріп шыға келді. Бізді бір күтіп тұргандай әй-шәйға қарамастан «Қан, қан керек, екінші топтағы қан керек» деп бізді бас салмасы бар ма?! Сасып қалдық. Менде бірінші топ. Күйеуімдікі – төртінші. Сөйткенше болған жок жанымызда тұрган бой жеткен қызымыз «менде екінші топ» деп қарап тұр. Медбике мұны ести сала қызымызды жетелей жөнелді.

– Ей, қайда әкетіп баrasың, мұның не?! – деп шаужайына жармасып ем, қызым:

– Мама, қорықпа, мен бұрын университетте қан тапсырғанмын, тез-ақ болады, – деп қан алатын бөлмеге кірді де кетті. Қан кімге керек, ол қандай адам оны біліп жатуға шамамыз да келмеді. Сөйткенше болған жок коридорда каталкада ес-түссіз жатқан бір әйелді жан ұшыра қызым кірген бөлмеге алыш кірді. Тұрі таныс сияқты. Бірақ танымайтыным хак. Оған бас қатырып жатуға шамам болмады. Есіл дертім ана жакта жатқан қызымда. Бір кезде ол да шықты. Өні сәл бозарып қалыпты, жанымыз шығып кете жаздады. Өзі болса екі езуі екі құлағында, мәз.

– Білесің бе, мама, жаңағы апа екеуіміздің қанымыз бірдей екен. «Мұндай сәйкестік сирек кездеседі» деді дәрігерлер, өйткені оның резузы да менікіндей болыш шықты, – деп өз ісіне риза.

— Қызым, сенің қаның екінші топта болуы мүмкін емес. Папанды төртінші, менде бірінші. Ендеше сенде қайдан екінші топ болсын. Қателескен боларсың, сенікі бірінші топ болуы керек еді.

— Мама, сен балаларыңың қан тобын білмейді екенсің ғой. Менде де, інілерімде де екінші топ. Мен оны анық білемін, оның үстіне жаңа тағы тексерді, — деп жеңістік берер емес.

Сөйтіп тұрганымызда жанымызға бағанағы медбике келіп, қызымның қолына жаңа қан берген адамның аты-жөні жазылған бір парак кағазды ұстартты. Бәріміз соған үнілдік. Танымаймыз. Бір уақытта «аһ» деген оқыс дауыска қызымымыз екеуміз де жалт қарадық. Дыбыс күйеуімнен шыққан сынайлыш. Өні қызымнан да жаман қуарып кетіпті.

— Не болды, тағы қан қысымың көтеріліп кетті ме?! Жаным-ай, — дедім қызыма қарап, аяқ астынан папаңың қан қысымын көтеріп жібердің ғой, алды артыңа қарамайсың ба?

Бірақ Қасым сөзімізге құлак аспастан жаңа әйелді кіргізген бөлмеге қарай жүгірді.

— Кіруге болмайды, ол кісіні қазір реанимацияға әкетеді, есін жиған жок. Сіз кімі бола-сыз? — деген медбике оның жолын бөгеді.

— Отінемін, маған бір көрсетінізші. Бір рет. Қүйеуімнің дауысы жарықшақтанып кетті. Қолында жаңағы бір жапырақ қағаз. Сол кезде есік айқара ашылды да каталкаға салынған ба-

ғанағы әйелді реанимацияға қарай зулата жөнелді. Күйеуім соңына ілесе жүгірді. Біз аң-таңбыз. Лифтің есігі тарс жабылғанда Қасым да қабырғаға сүйене отыра кетті.

— Не болды саған?! Сен ол әйелді танисың ба?

Жанына жеткен қызымыз екеуіміз екі жынынан сүйеп тұрғызбақ болып ек, онымыздан ештеңе шықпады. Құдды Қасымды сол жерге шегелеп қойғандай. Сұмдық-ай, көзім енді ғана оның жанарына ауды. Жасқа толған көзіне әп-сәтте-ак терен мұн-қайғы орныққандай. Бір сұмдықтың болғанын сезгендей ішім мұздап коя берді. Қолымды шошайтып, лифт жакты көрсетіп сөйлейін деп ем, тілім таңдайыма жағысып қалғандай үнім шықпады.

— Екеуіңе не болған, что за концерт, — деп сөйлей берген қызыма ала көзіммен қарадым. Ол да үнсіз қалды.

— Қой, тұр, Қаске. Дәрігерге жолығайық, — дедім.

— Сен барши, мен тұра алар емеспін. Қасымның дауысы әлсіреп шықты.

— Жанар, сен папаңың жанында бола тұр, мен қазір келемін, — деп күйеумнің уысындағы умаждалған қағазды алдым.

Дәрігерден жаңағы біз көрген әйелдің жағдайын сұрадым. «Кімі боласыз» деді ол да. «Ешкімі емес сияқтымын. Бірақ күйеумнің жаңағы қылышына қарағанда жакын біреуі болуы

керек. Реанимация бөлімінің алдында қатты күйзеліп отыр» дедім. Дәрігер үн-тұңсіз қалды. «Иә-ә» деді сосын біраз үнсіздіктен соң. «Бұл кісі үлкен биіктіктен құлапты. Не үшін шыққанын білмеймін, бірақ құлағаннан соң оны ешкім көрмей біраз уақыт қансырап жатып қалған. Көршісі кездесең көрген. Ішкі құрылыштарына да қатты закым келген. Әлгінде қан құйдық. Бірақ қанның қоюлануы өте төмен, сондықтан қан әлі кетіп жатыр. Оның үстіне бұл топтағы қанды табу қыын. Өйткені резусы сирек кездеседі. Адам болуы неғайбыл» деді күрсініп. Мойным салбырап қүйеуімнің жанына келдім. Қызыымды да ұмытып кетіппін ғой.

— Қаске, түр, үйге барайық. Жанарға тынығу керек. Жаңа мөлшерден тыс қан беріпті, оған зиян келіп жүрмесін.

Басын көтермеген күйі Қасым:

— Өздерің бара беріңдер, мен осы жерде бола тұрайын, — деді. Енді күмәнім болмады. Қасым бұл әйелді жақсы таниды. Мен де шырамыттын сияқтымын. Бірақ аты-жөніне қарасам танымайтынан анық. Ойыма келген күдікті сыртқа шығара алмаған күйі:

— Жарайды онда. Мен Жанарды үйге апарып қайтып келейін, — деп кетуге ыңғайландым. Ол үндемеді.

Үйге келгеннен соң да дегбір таппадым. Қайта ауруханаға қарай тарттым. Бірақ Қасым бағанагы орнында жок. «Қайда кетті екен, әлде баға-

на күрдасына кірмеп ек соның жанында болды ма еken» деп бөлімшеге қарай беттеп ем, «Қазір тұскі демалыс, кіруге болмайды» деп қызметші есікті мандайымның алдынан тарс еткізді. Енді қайда кетті?! Ауланы аралап шықтым, зым-зия. Қызық еken, сонша бұл кім болды еken ол әйел. Екеуіміз отасқан жиырма екі жылдың ішінде бір рет те көрмеппін де, аты-жөнін де естімеп-пін. Бірақ бағанағы құдігім қайта маза бермеді.

Қайтып үйге келдім. Қызыым пысылдан ұйықтап жатыр. Қасым жоқ. Амалсыз үйде күттім. Кеш батып, қараңғылық қоюлана түскенде Қасым да келді. Екі көзі домбырып ісіп кеткен. Әбден жылаған-ау шамасы. Ол мені көрген бетте:

— Қарлыға, мен енді анамнан мәңгіге айрылдым, — деп өкіре құшақтай алды. Төбемнен жай түскендей мен тұрмын. Жатын бөлмелерінен балаларым оның дауысын естіп үрпиісіп олар шықты. Бәрі аң-тан. Бағанағы оқиғаның мәнісіне енді көзім толық жеткендей. Кейуананың қағаздағы аты-жөнін көре сала күйеуім өзінің анасын таныған. Бірақ өмірінде бет жүзін бір де бір рет көрмеген ол тілдей қағаздан ғана алдында кім жатқанын сезген. Сөйтсем ол туған анасының аты-жөнін бұрыннан біледі еken, тек ешқашан да маған айтпаған. Сұрай қалсам «білмеймін» деп жауап беретін. Мен де тақақтап сұрай бермейтінмін. Адам өзінің басына түспесе

біреудің жанын терң түсіне ме?! Өзі айтпайды, мен сұрамаймын. Сөйтсем...

Ол тағдырдың тәлкегімен туған анасынан небәрі екі жасында тірідей айырылады. Үлкен әжесінің тәрбиесінде тұмсықтыға шоқылмай, қанаттыға қағылмай өскеннен соң ба анасы туралы ешбір ауыз ашпайтын. Мен сұрамағанмен бәрібір анасын іштей іздеп, сағынады екен гой мына түріне қарағанда. Мен де кызық екенмін-ау. Кім анасын ізdemейді дейсің. Тіпті «каналары мас күнем болса да перзенттері оларды өмір баки күтіп, іздейді» деуші еді. Сірә, сол сөздің жаны бар-ау. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» демекші өз басыма түспеген соң оның байыбына бара бермеппін.

Қасымның жан күйзелісіне қалай сеп болсам екен. Өң-түссіз отырған оның жанына келгеніммен айтуға сөз таппадым. Не демекпін, не деп басу айтсам болады. Өзегі өртеніп түрған Қасымның өкінішін түсінгендеймін. Ол өмірінде туған анасын бір-ақ рет және соңғы рет қана көрді емес пе?! Біраздан соң есімді жиған мен таң-тамаша болдым.

Мына қызықты қараңыз. Бағана қызыым «қанымыз бірдей екен» дегенде де ойыма ештеңе келмеген еді. Сөйтсем балаларымның, яғни бей-бактың немерелерінің қаны әжесімен бірдей екен, сонда «Қан тартады» деген осы екен-ау...

## ПЫСЫҚАЙ...

Бангкокқа ұшақ келіп қонғанда тұнгі сағат он жарым еken. Біздің уақыт бойынша шамамен күндізгі үш. Жер күйіп тұр. Құдды бір айдаңардың аузынан жалын атып тұрғандай. Енді әрі қарай ішкі рейспен Пхукет аралына ұшады еkenбіз. Күтіп алушылар сабынша лыптылдайды. Енді қайтсін, елінің бюджетінің жетпіс пайызы туризмнен түседі. Сондықтан келіп демалушылардың түкірігін де, табанын да жерге тигізбейді. Аузынды ашып бір нәрсе айтайдын десен емеуірінен танитын сиякты. Аралға келгенде тұнгі 12-ден асып тұр еken. Бағанағы от жалын әлі қайтар емес. Бірак бір айтарлығы барлық жерде салқыннатқыш жұмыс істейді. Оған үйренбеген біз ертеңінде-ақ сұық тиіп ауырып қалдық.

Танертеңгілік тамаққа барғанымызда жанымызға қазақтың жас жігіті келіп, амандасты да:

— Сіздердің жол басшыларының мен боламын. Не тілектеріңіз бар, бәрін маған айтарсыздар. Ал қазір біздің бағдарламамызben таныс болыңыздар, — деп алдымызға бір жапырақ қағазын тастады.

— Әй, мынаның бәріне қай уақытта барып үлгереміз. Бұл демалыс емес, ала өкпе жүгіруғой, — деп біздің үйдегі кісі оған адырая қарап.

— Тұ-у, ағасы, сіз сияқты қалтасы қалың адамдарға жасалған бағдарлама ғой бұл, шаршамайсыз. Демалыстың көкесі осы. Жас жігіттей қылышылдан түр екенсіз өзініз, — дей бергені сол еді, отағасы қашанғы әдетімен:

— Эй, сен өйтіп жылпылдай берме, менің қалтамдағы ақшаны санап па ең, өзім білем қалай демалатынымды, бара түр, алдымен тамағымызды ішіп алайық.

Бала тосылып қалғандай болды.

Расында, «көрмегенге көсөу тан» дегендей, бәрі қызық, бәрі таңсық. Табиғатының өзіне тұрады дейсіз. Бірақ тамағы ұнайтын емес. Ашы, наны атымен жок, ылғи қуырылған. Сорпа мен етке үйренген қазақ, мұның бәрін міссе тұтар емеспіз. Одан да бұрын ашылығынан айтсаңызшы.

— Қой, Сәлима, жататын орнымызда ыдыс-аяқ бәрі бар екен ғой. Дүкенге барайық, азық-түлік алып, тамағымызды өзіміз пісіріп жейік, мына түрімізбен аштан қалармыз, — деген Жарқынбек әлгі гид баланы шақыртты.

— Оу, ағасы, не бірдене ұнамай жатыр ма, айтыңыз, қазір-ак жөндейміз.

— Эй, сен өйтіп лыптылдай бермеші. Қазір апаң үшеуіміз дүкенге барып, анау-мынау азық-түлік әкелейік. Мыналардың тамағын жей алатын емеспіз.

— Жақсы, ағасы.

Қасымызға Ақмоладан келген жас жұбайлар қосылып, арнайы бөлінген көлікке мініп жақын маңдағы маркеттеріне келдік. Құдай-ау, ат шаптырым магазинде жанына керегінің бәрі бар. Эйел емеспін бе?! Бірден өзіміздегі бағаға шығарып, салыстырып жатырмын. Арзан әлдеқайда. Көзім қызығып барады. «Оу, мынау арзан екен, мынау арзан екен». Дауысым қатты шығып кетсек ерек.

— Қой, арзан-парзаныңды білмеймін. Ал, көректінің бәрін. Жақаң қолын бірақ сілтеді.

Мен енді ет іздей бастадым. Бәрі бар екен дегенім алғашқы ой екен. Қызықты қараңыз. Еттің бәрі не балық, не шошқа. Қап, әттегенай. Мен сиырдың етін сұрадым. Тіл білмеймін. Сатушы болса болмаса қазакша түгіл орысша білмейтін болып шықты. Айтпақшы, тілмаш-гидіміз бар емес пе?!

— Оу, Тұрсынбек, қайдасын?! Аудармайсың ба?!

— Мен тіл білмеймін ғой, апа. Не сұрап жатырсыз?

— Мәссаған, безгелдек! Тіл білмегені қалай, ағылшын тілін білмейсің бе?! Эй, сен қайтып бұл жұмысқа тұрып жүрсің?!

— Қойшы, әйтеуір өйтіп-бүйтіп, шекемізге қолымызды қойып, мүйізді көрсетіп, сиырдың етін зорға дегенде таптық-ау. Олар ыңғайсыздық туғызғанына қайта-қайта қолдарын кусы-

рып кешірім сұрап жатыр. Тіл білмейтін аудармашымыз – біздің Тұрсынбек қана былқ етер емес. Қайтып келеміз.

– Эй, жылтыңбай, – деді оқыстан Жақаң. – Сабынша лыптың қолды-аяқта тұратын емессің. Сен өзің тілді білместен мұндай жұмысқа қалай орналасып жүрсің?! Бағанағы сұрағын тағы қойды. Қысылап жатқан оған Тұрсынбек жок.

– Экем арқылы...

– Айлықтарың қанша сонда?!

– Үш мың евро.

Үнсіздік.

– Қай жерденсің?

– Шымкенттен.

– Вот дает. Я так и знал. Больно уж на «тексасского» похож. Тате, а вы знаете, шымкентский и в Африке шымкентский.

Күліп жатырмыз.

Арада бес-алты күннің қалай өтіп кеткенін де байқамадық. Қайтадан Тұрсынбекке жүтіндік. «Қайтатын уақыт жақындалап қалды. Балашаға бірдеңе алайық. Қаланы аралат» дедік.

– Ой, әлі үш күн бар ғой. Үлгереміз. Арнайы көлік бөлінетін болды. Ертең шоп-тур жасаймыз, – дейді тағы лыптылдан Тұрсынбек.

– Эй, алматылықтар бірінші күні барып-ақ қойды ғой. Сен әлі бізді «тойдырып» жүрсің.

Не керек ол күні тағы дүкен аралай алмадық. Кешкілік тілін түсінбесек те телевизор көріп

отырғанбыз. Елдің астанасының көшелерінде бір бұзакылардың алай бір, бұлай бір жүгіріп жүргендерін бір сағат бойы көрсетті.

— Немене, басқа көрсететін ештеңелері жок па, — дегенім сол еді, калта телефоным шылдырады. Үйден ұлым хабарласып тұрған.

— Мама, амансыңдар ма?! Тыныштық па? Бан-гогкта көтеріліс болып жатыр ғой. Аэропорттарын басып алдыпты.

— Бәсе, бірдене көрсетіп жатыр. Түсініп отырған біз жок. Бірақ тыныштық сияқты. Мында аралда ештеңе естілмейді, — деп айтып ұлгергем жок, екі өкпесін қолына алып Тұрсынбек келді. Көзі шарасынан шығып кеткен.

— Тез арада жиналыңыздар. Таиландта көтеріліс. Сіздерді тез алып шығу жөнінде Қазақстанның өкілдігінен хабар келді. Екі сағаттан соң шығамыз. Сіздерді 1110 шақырым жердегі Паттайя аралындағы әскери аэродромнан ұшыратын болдық, — деп есімізді жинағанша тайып тұрды.

Есенгіреп біз қалдық. Заттарымды жинап жүріп күнкілдеп жүрмін. «Тұ-у, осы жылтың байға сенемін деп, кеше ана алматылықтармен бірге магазинге барып келейін дедім, жібермейдің. Енді, қараши. Құр қол қайтатын болдық, ұят болды гой».

— Ей, дүниеден өліп пе ен. Басыңды аман алып шығуды ойламайсың ба? Жақанның даусы зілді шықты, үнімді өшіре қойдым.

Қойшы, сонымен не керек. Тұнгі сағат екінің кезінде «Мерседес» газелімен бәрімізді аралдан алғып шықты. Тұс ауа Бангогктың сыртын ала Паттайяға қарай бет алғып келеміз. Айта кетерліктең көтерілістің нышаны білінбейді. Бір-екі топ елінің сары жалауын алғып топырладап жүргені болмаса ештеңе байқалмайтын сияқты. Сонымен не керек, он екі сағаттан соң әскери аэродромға жеттік-ау. Мұнда ығы-жағы халық. Ине шаншар жер жок. Бүкіл Тайландтағы демалушыларды осында әкеліп бөшкедегі балықтай әкеліп тоғытып жатыр. Сығылысқан елден демал ала алмайсың. Қакиып тұрған қалпымызды ептең-ептең орнымыздан жылжып қоямыз. Самолет қай уақытта ұшады, кім сиып, кім қояды. Түгін білмейміз. Өзім зорға сығылысып тұрсаң бір неміс: Wochin – қайдансың деп қоймайды. Казақстаннан» деймін әдейі қазақша сөйлеп. Ренжіп қалар деп десем, жок, кайта қуанып кетті. Іші пысып тұр, білем. Әрнәрсені сұрап қоймайды. Ағылшын тілін білмесем де, немісшеден құр жаяу емеспін. Әйтеуір түсінемін. Жауабын қазақша, орысша, немісшесін араластырып жауап беріп қоямын. Ол да мәз, мен де жаңағы жыным құрысқаным жазылғандай. Жанымызда бір отыз-отыз бестер шамасындағы бір жігіт тұр. Әңгімеге араласпаса да біздің сөзімізге құлақ түріп тұрғаны байқалады. Жүгі құдай-ау бүкіл Тайландты көшіріп бара

жатқандай. Оқтын-оқтын ыңқылдай жүктөрін алға қарай сүйреп қояды. Жақаң болса бағана алдыңғы жаққа қарай өтіп кеткен. Шағын ғана жүгіміз сол кісінің қолында. Маған жүк ұсташа кайда. Өз басымды зорға алып тұрмын.

Бір кезде қалың топтың арасынан қалай өткенін білмеймін, екі өкпесін екі қолына алып бір казақтың келіншегі жердің астынан шыға келгендей:

— Эй, Қайрат, жүр, мен ана жактан өтетін жер таптым. Бол, тез қимылда, — демесі бар ма.  
— Экел ана жүктөрді.

— Қайрат та соны күтіп тұрғандай, мықшыңдарап жүгін көтермекші. Неғылған, көтермек түгіл орнынан жылжытар түрі жоқ. Сонда да жанжағын итермелеп орнынан қозғалмақшы.

— Эй, өзіңнің есің дұрыс па, — деп әлгі әйелге дүрсе коя бердім. — Мына жерде жүкті қозғамақ түгіл, аяғымызды зорға алып тұрсақ. Құй асық, құй асықпа, бәріміздің отыратынымыз бір ұшақ, қайда барасың басымыздан секіріп, тұросында қозғалмай, тапырақтама, — дедім жігітке бұрылып. Ол мұны күтпеген болу керек. Абдыrap қалды. Келіншек келге ізімен ызым-ғайып қайта жоғалды. Ойпырым-ай, біз болсақ бір аяғымызды қозғасақ екіншісін қайда қоямыз деп тұрсақ, мынауың суда жүзген балықтай ғой.

— Шымкенттенсің бе? — дедім қарап тұрмай.  
— Оны қайдан білдіңіз, — дейді таңқала.

— Кеше біреу шымкентский и в Африке шымкентский деп еді, — дедім.

Сонымен не керек, айналасы төрт-бес сағат аяғымыздан тік тұрған бойы ұшаққа да іліндей-дік-ау. Бет алысымыз еліміз. Көніліміз жайланайын деді. Бір кезде көзім бағанағы жігітке түсті. Қабағы салыңқы, салы суға түсіп кетіпті. Қасында әйелі көрінбейді. «Не болды екен» деп жанына жақындадым.

— Бір жерін ауырып отыр ма, түсің бұзылып кетіпті ғой. Келіншегің қайда?

— Бар болсын бар болғыр. Жаңа әлгінде тіркеуден өткен соң тағы бір нәрсе алыш келм деп шығып кетіп еді, содан молынан жок. Самолеттен қалып қойды.

— Не дейді?! Сен оны қалдырып ұшып кетіп бара жатсың ба?

— Ой, әпке, қорықпай-ақ қойыңыз, ол келініңіз суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, — дейді. Жаңағы көніл-куйдің ізі де жок, даусында мақтаныш, «ол сондай» дегендей.

Не күлерімді, не налырымды білмедім...

## САҚИНА

Неге екені белгісіз Жанар бірінші күннен-ақ інісінің келіншегін жақтырмады. Еліктің лағындай елпілдеп тұрған келіннің бетіндегі аздаған сепкілін көргенде жүрегі айнығандай тыржиып, ішінен «тұ-у, кәпірдің тарғылын-ай» деп ойлады. Сол күннен бастап келінге «Тарғыл» деген ат сүлікше жабысты. Бет ашар өткен күннің ертеңінде-ақ ыдыс аяқ жуып тұрған келінді көріп Жанардың жыны құрысты да қалды. «Әй, Тарғыл» деді зілдене. Келіннен жауап болмады, жауап қатпақ түгіл бұрылмады да. Жарылардай болып жынданған Жанар оның жанына жетіп келіп, «Мен кімге айтып тұрмын, сен не-ге мен Тарғыл деп шақырғанда қарамайсың» деп шапалақпен тартып жібергені. Көзі шарасынан шыкқан келін не дерін білмей қатты да қалды. «Есінде болсын, сенің атың енді «Тарғыл», осыдан енді жауап қатпай көр.., бар маған шәй жаса». Мұны естіп-көріп тұрған ата-енесінде үн жоқ, тек «бар, айтқанын істе» дегендей енесі иегін ақырын ғана қакты. Жанары жасқа толған келін көзі тұмандана жүріп шәйін жасап, қайын әпкесіне қарады. Міз бақпай, тістеніп ол отыр. Келін оған «шәй дайын» деп айтуға қорықты. «Немене қаккан қазықтай сілейіп тұрғаның, шәйға шақырмайсың ба, әлде тілінді жұтып

көйдүң ба?» Шәйді бір балық жеп шөлекеп қалғандай сораптап ішіп отырған Жанардың екі көзі келінде. «Немене көзіңнен сораң ағып отырғаны, женеше мына Тарғылдан сұрашы, немене көз жасы көл болып отыр? Енді қадала өз шешесіне қарады. «Бұның не» деп айтуда ол байғұстың да қауқары жоқ сияқты. Ол да тілін жұтып қойғандай.

Әжесінің бауырында өскен Жанар кішкентайынан бәрінің аяғын бір етікке тығып, айтқанын орындағып өсті. Өйткені ол – әжесінің қызы. Адуындау әжесі бұның бетіне ешкімді қаратпады, ешкімді алдынан кесе көлденең өткізбеді. Ал айтқанын іstemей көрсін, бүкіл ауылды бір қауыздың аузына сиғызардай әлекке салады, сондықтан онымен ешкімнің қарсы тұруға көңілі кете бермейтін. Сөйтіп, ешкімді міссе тұттай, ешкімді бетіне қаратпай өскен бұлан қыздан ержете келе ауылдың барлық жігіттері аулақ жүретін болды, окуға барып еді, онда да ешкіммен сиыса алмай қайтып келді. Не алған білімі жоқ, не істеген жұмысы жоқ, бар ісі үй ішін бір шыбықпен айдал тұруды әдетке айналдырған ол әжесі қайтқан соң ол мінезін қоймақ түгіл, қайта үдете түсті. «Қорықкан бұрын жұдырықтайды» демекші сезін сөйлер әжесі болмаған соң өзі өзі қорғаған түрі болатын. Енді міне «сұрағанға береген» жас келін келді. Енді құқайын соған көрсетпекші.

— Жәктай, жас келінде нен бар, қойсаншы, ұят болады ғой, — деген шешесіне алара бір қараған Жанар оның үнін бірден өшірді.

— Мені Жәктай демейтін бол енді. Ал сен, — ол енді келінге қарады, — маған шәйді бөлек демдейсің, оны қалай жасайтынын ана отырған ененмен сұрап ал, білмедім деп жүрме, мен екі қайталмаймын. Сөз осымен бітті дегендей отырған орындығын дырылдата тұрды да бөлмесіне қарай кетті.

— Ренжіме, жарығым, әжесі бауырына басып алған соң бізден де қызғанып, «тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қактырмай» бетіне ешкімді қаратпай өсіргендегісі ғой марқұмның. Қайтейін, баяғыда бір бейбақ «қарғайын десем жалғызыым, қарғамайын десем жалмаузыым» деп күйінген екен. Енді міне, не бай алмайды, не құдай алмайды. Өз қолымды өзім кесем бе? Әлі саған да талай құқайды көрсетеді, балам. Сондықтан «ұнделеген үйдегі пәледен күтылады» демекші ләжі болса ұнделей күтылғайсын.

Енесінің мына сөзін естіген келіннің төбесінде шашы тік түрғандай болды. Алғашқы күнде көргені мынау болса, бара-бара не болмак?! Айтса айтқандай ол енді отырса опак, тұрса сопақ болды. Күнделікті еститіні «әй, Тарғыл». Бұл оның дауысын ести сала әбжыланды көргендей дірілдеп қоя береді. Тіпті

кейде қорыққанынан оның не айтып тұрғанын үқпай қалатын кездері де болды. Онда оның қолына не түссе, мейлі тәпішкесі, мейлі қасық, бірде тіпті пышакқа дейін бұған қарай ұшатын болды. Мұндайдан кейін ол күйеуіне шағымдана отырып, айта беріп еді ол мұны басынан сипай тұрып: «айтпасаң да болады, көрмесем де, не болып жатқанын ішім сезеді, қайтесің енді, у нее синдром старой девы» деп мұны жұбатқандай болды, бірақ өзі де терең бір күрсініп алды. Келін үй ішіндегілердің бұл мінездеріне көпке дейін түсіне алмай жүрді, «қызық ешкімнің оған әлі жетпей ме, жарайды, тіпті бізді бөлек шығара алмайды еken, онда неге оны жібермейді» деп онашада көз жасын сығып-сығып алады. Бертін келе түсінді, үй ішіндегілердің одан қорыққанынан бұрын аяушылық сезімдері басым еken. Отыз сегізге келген қыздарының ендігі күндері не болмақ деген ой оларды сары уайымға салатынын білді. Енді бұл да түсіністікпен қарауға талпынды, жек көріп тұрса да, қорқып тұрса да, оған жымып қарайтын болды. Бірақ ол да жақпады. Бірде «неменеңе жетісіп тұрсың осы сен» деп бас салса, енді бірде «немене мені мазақ етіп тұрғаның» деп тиісті.

Бірде қайын әпкесінің қолындағы сақинасына қарап өз өзінен өзі мәз болып отырғанын көрген ол көңілін ауламақшы болып:

– Эпке, сақинаңыз көздің жауын алатындағы керемет екен, – дей беріп еді, «Көздің жауын алмағанда ше, саған төлеген қалың малдан екі есе қымбат болса» деп мұны апарып тастады. Келіні тілін тістей қойды. «Қайдан ғана айта қойып ем, нем бар еді» деп бөлмесіне қарай жөнелген.

– ...Тарғыл, әй Тарғыл, атана нәлдеттің қызы, сақинам қайда?! Қайын әпкесінің ашы дауысы анадайдан естілді.

– Қандай сақина, әпке? Келіннің де жан дауысы шықты, бірдене болғанын оның айқайынан-ақ түсінді. – Не болды, сақинасы несі?

– Көлгірсіме, қайыршы. Кеше осы жерде тіміскілеп сіңілің келіп жүр еді, сақинамды ұрлап беріп жібердің ғой төркініңе.

Аузын ашып үлгергенше қайынбикесінің жұдырығы бетіне сарт ете қалды. Мына шуға үйдегілердің бәрі жиналды. Бәрінің өнінде «Не болды» деген үнсіз сұрақ тұр.

– Мына қайыршы менің сақинамды ұрлап төркініңе беріп жіберіпті, іздемеген жерім жоқ.

Екі иығынан дем алған ол тағы да келінің тарпа бас салды. Үй ішіндегілер оны әзер ажыратты. Келіннің бір жақ беті қанталаң тұр. Екі көзі мөлт-мөлт етеді.

– Апа, алғам жоқ ешқандай сақинаны, ант етейін.

– Жап аузынды. Қайда кетті дейсің енді ол. Бәсе кеше сіңілісің келуінен өзім секем алып

едім. Қараши сол екі ортада не істегенін үнде-  
мей жүріп мұның.

— Келін шырак, сақинаны көрдің бе? «Алдың  
ба» деп сұрауға аузы бармаған енесі енді ке-  
лініне сұраулы жүзбен қарады.

— Апа, не деп тұрсыз, қайдағы сақина, мен ол  
кісінің бөлмесіне кірмеймін де ғой.

— Көздің жауын алады еken деп қызығып  
жүруші едің ғой, сенен басқа жау келді деймі-  
сін. Жүр төркініңе барамыз, бәрін тінтіп сақи-  
намды таппасам көр де тұр. Жүр қане.

Ол келінді жұлқылай жөнелді. Осы оқиға-  
ның үстінен түскен інісі де жәй жапсарды тү-  
сінгеннен соң келіншегіне қарап:

— Сен шынымен алған жоқсың ба? — демесі  
бар ма. Мұны естіген келін есікке қарай атыл-  
ды. Тіпті басынан түсіп қалған орамалына да  
қарамады, қаруға мына қорлықтан кейін ша-  
масы да жоқ еді. Басқасы басқа, күйеуінікі не?!  
Жас келіншек ботадай боздап, сол шықканан  
мол шықты, артына қарайлаған да жоқ. Соны-  
нан еріп шыққан да ешкім болмады.

Арада екі күн өткен соң киім ауыстырай-  
ын деп ілгіште тұрған көйлегін ала берген Жа-  
нардың аяғының астына бірдене топ ете түсті.  
Еңкейе бергенде оның көзіне бірден «көздің  
жауын алған» өзінің сақинасы түскен еді.

## ТЫШҚАН

Кешкілік біреуі жұмыстан, енді біреулері балабақшадан қайтқан Әуестің отбасы есіктен улай-шулай кірді.

– Жә, болды, киімдерінді шешіп орын-орындарына қойындар да қолдарынды жуындар, мен дастарқан жасай берейін, – Жанаң жатын бөлмесіне кіріп кетті. Сөйткенше болған жоқ кіші ұлының «балапан, балапан» деп қуана шынғырған дауысын естіп жүгіре шықты.

– Балапаны несі, қайдағы балапан?

Баласының даусы жуынатын бөлмеден шығады. Үлкен ұлы Марат екеуі жарыса кірді. Мына қызықты қараңыз, әппақ ваннаның ішінде кіп-кішкентай тышқанның қап-қара баласы тыпирлап жүгіріп жүр. Екпіндеп келіп ваннаның ернеуі шығады да, сырғып қайта түседі. Мыналар шынғырып, айқайлаған сайын оның жаны да мұрнының ұшына келетін болу керек, жанталаса қайта тыпиршиды.

– Әуес, Әуес, мынаны қара, ваннаның ішіне тышқан түсіп кетіпті. Жанардың сөзін ести сала жүгіріп келген Әуез: – Кет и, қайдағы тышқан, біреуің балапан деп, енді біреуің тышқан деп, не көрінді сендерге, – деп келе жатыр еді шынымен тышқанды көрді де тосылып қалды. Көзі моншақтай кіп-кішкене мақұлық әлі жанталасып жүр.

— Берші маған, берші, — деп Қанат қолын соза беріп еді, тышқан шарасыздық танытып бүрісіп отыра қалды. Сүйкімді-ак. «Ойбай, тышқан» деп жиіркенішпен айтатындаі емес. Әсіреке мөлдіреген моншақтай қап-қара көзін айтсаншы. Жұні жан таласа жүгіргенде үлп-үлп етеді. Енді төртеуі бірдей кішкентай макұлыққа сүйсіне қарады.

— Қой, Қанатжан, оны колмен ұстауға болмайды, осылай қарап тұр, — деді аяқ астынан тышқанға мейірі ауған Әуес. Жанарап да құптаң жатыр. Сонымен не керек көздері үйқыға кеткенше Марат пен Қанат тышқанмен «әуре» болды. Оған сүт берді ме, нан берді ме, тіпті кәмпіттеріне дейін беріп жатыр. Оларға қарап Әуес пен Жанарап мәз. Бір жағынан құлақтары да тыншып қалды. Екеуі үйді астан-кестенін шығарып, асыр салып ойнағанда астыңғы қабатта тұратын көршілер батареяны тоқылдатып жатқаны. Мынау бір жақсы ермек болды екеуіне. Ертеңгілік сенбі болған соң екеуі кештетіп жатты. Ойындары сол тышқан. Таңертеңмен көздерін тырмалай салып екеуі тағы жуынатын бөлмеге жүгірсін. Әдетте екеуін жуындыра алмай әуре болушы еді, енді өздері-ак шықпайтын болды. Күн сенбі болғандықтан дала шығып ойнау тіпті естеріне келер емес. Оларды әзер далаға жіберген Жанарап өзінің де тышқанға сүйсіне қарап тұрғанын байқап күліп жіберді. «Ойпырым-ай, тышқанның осынша

сүйкімді болатыны кім ойлаған» деп қояды. Сонымен не керек, сенбі-жексенбі күні бойы тірі ойыншықпен ойнаған балаларына Әуес «болды енді, шығарыңдар ана ойыншықтарыңды, жұнбаймыз ба енді» деп еді, ана екеуі үйді басына көтерсін. Енді әкесі мен шешесі сасайын деді. Өздерінің де тым артық кеткенін енді ғана сезгендей.

– Жок, бұлай болмайды екен. Оны ендігі анасы іздең жатқан болар. Бұл да анасын сағынған шығар. Енді жібермесек ол жылайды ғой. Есінде ме, Марат, сен аулада жоғалып кеткенінде менің қалай жылағаным, сол сияқты оның да мамасы баласын ідең жылап жүрген болар, жіберейік оны, анасын тауып алсын, – деді. Ана екеуінің ұнжырғасы түсіп кеті. Қимайтыны көрініп тұр, бірақ мамаларының айтқанының да жаны бар.

– Бірақ ол қайтып табады мамасын, ол әлі кішкентай ғой. Марат естілігін білдіріп жатыр.

– Біз оны подъезге шығарып жіберміз. Сосын ол барып шиқылдалап анасын шакырады, сол кезде ол естіп келе қояды. Жіберейік, ия мә, – деп Жанар балаларына қарады. Көздеріне жас келіп қалса да екеуі де ақырын ғана басын изеді. Бір жағынан қимайды, біржағынан оның мамасын сағынғанын түсінгендей. Жанар сол сәтті пайдалана қойып, қолына орамал алды да адамдарға екі күн ішінде үйренісіп қалған тышқанды әп-сәтте ұстап ала қойды. Сөйтіп есікті аша са-

ла жерге қоя бергені де сол еді, сатыдан жоғары маң-маң басып көрші баб Тасяның Вaszкасы көтеріліп келе жатыр. Жанар «ай» деп тышқанға қолын соза бергенше, ол макұлық сатыдан әрі қарай мысықтың алдына барып домалап түскені. Жанағы пандық қайда, маңғаздық қайда Вaszка көзді ашып-жұмғанша тышқанды бас салды. Жанардың жан дауысы шықты. Үйден балалары мен Әуес, мына жақтан көршілері шықты жүгіріп. Бәрін оқыс дауыс селт еткізген түрі бар. Мән-жайды тез-ақ түсініп қойған баба Тася:

— Что ты кричишь, ну и что, что он мышку съел, напугала всех, — деп әдетімен тілін шай-нап бұған ұрсып жатыр. — Вaszка, ты же весь испачкался, идем, дорогой, умойся, — деп шаруасын бітіріп алған мысығына сөйлеп еді, ол да «иә» дегендей иесінің соынан мамырлай кете барды.

Марат пен Қанатта үн жок. Әуестің де дыбысы білінбейді. «Е-е-е, сол да ма» деп көршілері кетті. Орындарында сілейіп қатып қалған тек бұлар ғана. Есін бірінші Әуес жинағандай болды. Балаларын көтеріп алыш ол да кірді пәтнеріне, соын ала Жанар да қозғалды.

Сол кеште бірінші рет Марат пен Қанат әкешешесінен ескерту алмастан тып-тыныш барып ваннада емес, ас үйден жуынып барып жатып қалды. Құлакқа ұрған танадай тыныштықта Әуес пен Жанарда да үн жок еді.

## ХАРАКИРИ

Қызметтен босяфяф атылғаннан кейін Әзберген үйінде қарап отырып байыз таппады. Қасына әйелін ертіп ауласындағы бау-бақшасын айналдырып еді онысынан түк шықпады. Анда санда қолына қалам алыш республикалық газеттерге мақалалар жазып тұрушу еді, ойы он саққа, санасы сан саққа бөлініп ол да бос әурешілік болды. Енді бар ермегі жатып алыш телевизор көреді. Оны да жарытпады, көзі экранда болғанымен көнілі шар тарапты шарлады. Сондай әрі сәрі күйде әдеттегідей жатқан Әзберген жылан шағып алғандай бір кезде бар дауысмен:

— Аққызы, әй Аққызы, мында кел, — деп айқай салмасы бар ма?! Ас үйде жүрген әйелі мына дауыстан жан ұшыра жетті.

— Не болды, бірдене шағып алды ма? Аққызың дауысы да үрейлі шықты.

— Жоға, қорқытып жібердім бе, жәй әшейін маған оқыстан бір жақсы ой келді, соны сенімен бөлісейін дегенім, — деді енді жайбарақат.

— Ол неғылған ой сонша жан дауысынмен айқалайтын?

— Бірақ сен оған күлме. Ол әйелінің бетіне бір жалынышпен қарағандай болды. Өйтпеске амалы бар ма, «қызмет пен байлық қолдың кірі» деп бекер айтпайды екен. Бұның бағы тайып қызмет тағынан түсіп еді, кешегі қасында

топырлап жүрген жандайшаптардың бәрі ізім-ғайым жоғалды. Кеше тіпті көшеге шыға қалып еді, бұрынғы орынбасары мәшинесінің шаңына қаптырып қасынан өте шықты. Тіпті ішінде отырып амандасқанның нобайын келтіріп басын изеуге де жарамады. Көпе көрне көрмегенсіп өте шықты. Әзберген «шопыры осы тежегішті басқысы келді-ау деймін, бірақ ана бастығы рұқсат бермеген сияқты» деген ой да келді. Бірақ оған налыған да жок, «өгізге туған күн, бұзауға да келер» деген мына аумалы-төкпелі заманда оның да әуселесі ұзакқа бармас» деп өзін өзі жүбатты. Расында, айтса айтқандай, облыстың бірінші басшысы ауысқан сайын аймақтағы кадрлардың жартысынан көбі «аттан түсіп қалып жатқан заман». Қазіргі сырласы да, мұндасы да, тірегі де, ақылшысы да бір әйелі. Енді Аққызың қолдаса болды, басқасына түкіргені бар ма?!

— Иә, ол неғылған ой, — деді тағы да әйелі енди оның ойының күрделі екені сезгендей.

— Парламентке депутаттыққа түссем қайтеді?! Аққыздың үні шықпай қалды. Не ойласа да мынандай шешім үш ұйықтаса түсіне кірмеген ой. Дегенмен, неге расында оны да көрмеске. Жеме жемге келгенде қызметтен босатқанда «ішіп-жеп қойдың немесе қолыңнан іс келмейді деп» алған жок қой. Бірінші басшы өзінің командасын алып келді. Бұған «орынды босат» деді бұл босатты.

— Нар тәуекел, кімнен кемсін. Осы жерде туып өстің, еңбегің сінді. Ешкімнің ала жібін аттаған жоқсың, көрейік мұны да. «Құласаң нардан құла» деген.

Содан Әзберген облыс орталығындағы танысына телефон соқты. Оны досы деп те айта алмайды. Бірақ осыдан үш жыл бұрын қызметіне жаңадан ғана тағайындалғанда біреулер қолдан үйымдастырып Әзбергенді қаматып қоя жаздағаны бар. Сонда ауданға бірінші рет іссапарға келген Мақсұт жағдайдың оны мен солын бірден анықтап, мұны үлкен абырайсыздықтан алып қалған еді. Содан бері сирек болса да ара қатынастары үзілмеген. Енді Әзбергеннің одан басқа сенер ешкімі де жоқ. Мұның ойы мен көңіл-күйін жақсы сезген Мақсұт та көп ойланbastan дұрыс шешім екенін білдірді. Сөйтіп, депутаттыққа кандидаттың қым-куыт жұмысы қызу басталып та кетті.

— Мынау менің жиенім Самат, маған сенімді өкілдің бірі осы, оның үстіне астында өзінің көлігі бар, ал бізге қазір ол ауадай қажет, — деп Әзберген Мақсұтқа шымыр денелі, бірақ бәксене бойлы аксары жігітті таныстырыды. Самат сөзге шешен, адамның бауырына бірден кіріп кететін ашық жарқын елгезек жігіт болып шықты. Қай уақытта шақыртсан да мәшинесіне бензинін толтырып көзді ашып жұмғанша жетіп келеді. Өзінің тағы білмейтіні жоқ, сондықтан әңгімесі де қызық. Ел-елді аралай жүріп, тіпті бауы-

рындағ болып кеткен осы бір жігітті Мақсұт тіпті жақсы көріп кетті. Сондықтан Алматыға баратын бір тығыз шаруа болғанда ол Саматқа ешбір қысылмастан алыш барып келуін өтінгенде «соны сөз деп тұрсыз ба, барамын әрине» деп бірден ол да келісе кетті.

Айтып айтпай не керек, бұлардың еңбегі жаңып Әзберген Парламентке облыстың үш ауданынан төрт қарсыласын «женіп» депутат болып сайланды да кетті. Мақсұт пен Самат оған иғі тілектерін айтып шығарып салып қала берді.

Самат Мақсұтты жұмыс орнына іздел келгенде ол жиналыш өткізіп жатыр екен, біраз күтуіне тұра келді. Ішке имене кірген оны көргендеге Мақсұт тұра бір туған інісі келгендей қарсы алды. Бірақ оның түрінен секем де алыш қалды. Жауар бұлттай тұнеріп, шекесі қызыарып біраз булығып отырып оны-мұныны әңгімелеп отырған Саматтың бір нәрсеге қобалжып отырғанын Мақсұт байқаса да әліппенің артын бақты. Бірақ Самат та асығар емес.

– Иә, шаруанды айта отыр, жәй жүрсің бе, – деп сондықтан өзі суыртпактап сұрай бастады.

– Қалай десем екен?! Вообщем, аға мен бір жағдайға ұшырап қалдым. Сізге айтпай-ақ қояйын деп едім, өзім бұл тығырықтан шыға алмадым, – деп бір жұтынып қойды. Қолындағы жұқа бас киімін умаждай береді.

– Иә, не болды, айта бер, құлағым сенде. Мақсұт тіпті тындалап отырғанын көрсеткісі кел-

гендей қолындағы қаламын былайырақ алыш та қойды.

— Откенде сізбен Алматыға барып едім ғой... Сонда, сонда... үйімді түгелдей үтеп кетіп-ті. Бұл сөзді Самат басын төмен тұқыртып отырып әрең айтты. — Қазір үйімде не жатар жастық, не отырар көрпе жок. Экемнің бетіне караудан қалдым. Содан сізге келдім... Маған біраз қарызға акша тауып берінізші. Саматтың акссары жүзі піскен қызанактай жарылардай болып күренітіп, тамырлары білеуленіп, шекесі тырсынып шыға келді.

Мақсұт қапелімде не дерін білмей сасып қалды. Ә дегенде «менің кесірім тиіп кетті-ау» деген ой лып ете қалды. Оның үстіне келіншегінің аяғы ауыр деп еді. Қарт әкесі де қолында. Мақсұт шынымен қысылайын деді. Бір үйлі жанды осындай жағдайға душар еткені үшін қатты қапаланды. Сасқанынан «қанша керек» деді.

— Көп емес, аға, бір төрт-бес мың доллар.

Мақсұттың тынысы тарылды. «Көп емес-ак екен». Бірақ онысын сыртқа шығармады. Біраз үнсіздіктен соң «менің өзімде ондай қаражат жок, бірақ бір таныстарымнан сұрастырып көрейін. Бір екі күнде хабарлас, — деді құрғап қалған тамағын кернеп.

Шайтан тұртейін десе аяқ астынан екен. Ақшаның да табыла қалғанын көрмейсің бе. Айтқан күні есіктен сығалай қарап Самат тағы

келді. Ақшаны көргенде көзі жайнап кетті. Қалтыраған қолдарымен ақшаны санап жатып:

— Көке, бір айдың ішінде қайтарамын. Мәшинемді сатамын, мына бір алтын сағат та біраз ақша болып қалады, — деп қалтасынан алтын бауы бар ер адамның қалта сағатын алышықты. — Әлде өзіңіз аласыз ба, сізге арзанырақ берейін. Күлген болды, онысы тап қасқырдың ырсиганына көбірек ұқсап кетті.

— Жок, рахмет, қанша арзан беремін десең де, менде ондай қаражат жоқ. Ал мына ақшаны бір таныстарымнан бір айға деп алдым. Үятқа қалдырмассың.

— О не дегеніңіз, бір айдың ішінде әкелемін. Оған имандай сеніңіз. Сіздей адамның атына кір келтіріп мені құдай ұрып па? Бала шағамның атынан ант етейін. Оның шекесі тағы да өткен жолдағыдай шодырайып шыға келді.

Самат сол кеткеннен мол кетті. Бір ай түгіл үш ай өтті. Ақшасын алған жұбайлар өзін ізден келген сайын Маңсұт Саматты іздестіреді. Бірде үйіне тағы ізден барса, орнын әдеттегідей сипалап қалды. Амалсыз Саматтың әкесі мен әйеліне не үшін ізден келе беретінін айтып еді, ақ сақалы, ақ көйлек пен дамбалы өзіне жарасып тұратын, бірақ оты сөніп бара жатқан аппақ карт күнірене тіл қатты: «Балам, бекерден-бекер жала жауып отыр дейін десем, жүзің иманды, тәрбиелі бала секілдісің, айтқаныңа иланайын десем, менің баламның тірлігіне сиыспайтын

іс сиякты. Не дерімді білмей отырмын, өзінің де үйде болмағанына біраз күннің жүзі болды. Келсін өзі, анық-қанығын біле жатармыз. Бірақ үйіміз тоналды дегенің қисынға келмейді, оның енді бекершілік» деп жанары тая бастаған көзімен Мақсұтқа сынай қарады. Бағанадан бері үнсіз тыңдалап отырған келіні де: – Аға, біздің Самаштың ондай әдеті жок, ешқашан да, ешкімнен де қарыз ақша алып көрген емес, – деді баяу ғана. Мақсұт іштей таңданып отыр, «әкесі де, әйелі де иман жүзді адамдар сиякты, сонда Саматтықі несі, әлде отбасынан жасырып жүрген екінші үйі бар ма екен? Неде болса бұл жәйшылық емес қой» деген оймен жер үстімен келген басы, жерастымен қайтқандай көніл-күймен есікке қарай беттеді.

Енді Мақсұт саматтың депутат нағашысымен хабарласты. «Ой, оның өзінің бір сондай сұйықтығы бар, саған ескертпеппін, онымен содан кейін хабарласқан емеспін, қайда екенін де білмеймін» деп кенк-кенк етеді. Мақсұт телефон тұтқасын тастай салды. Енді шынымен сасайын деді. Жұмыс орнында отырғысы жок, үйінде телефон даусы немесе есіктің қонырауы шылдырласа жүрегі зырқ ете қалатын болды. Өз өзіне ауру тауып алғанына налып, қан қысымы көтерілетінді шығарды. Эйеліне айтайын десе жүрегі дауаламайды. Оның ренжитіні белгілі. «Біреуге делдал болып, жарылқағанды қашан қоясын, бір күні өзіңе таяқ болып тиеді, тиыш жүр» деп жиі айтатын әйелінің сөзін жак-

тырмаушы еді, енді міне оның айтқаны айдай дәл келіп тұр.

Есіктің қоңырауы бір түрлі ащы шыққандай болды. Көз шырымын алайын деп тұс ауа жата қалған Максұт орнынан ыршып тұрды. Жатын бөлменің есігін жәймен ашқан Сәуле:

— Саған УВД-дан келіп тұр, — деді. Дауысында үрей бар сияқты, әлде көнілі аланды Максұтқа солай көрінді ме?

— Сіздің үстінізден шағым тұсті, — деді өзін қылмыспен күресу басқармасының подполковникімін деп куәлігін көрсетіп таныстырған жас жігіт.

— Менімен бірге жүресіз. Мен сізді дәлізде күтемін, — деп шығып кетті. Максұт әйеліне қарай алмады. Оның үн-тұнсіз түрінде «не болды» деген сұрақтың тұрғаны белгілі еді.

Максұт аулада шыққанда есік алдында милиция мәшинесінің тұрғанын бірден көрді. Жүрегі зырқ ете қалды. Ішінен әлгіндегі жігіт тұсті де, «мында отырыңыз» дегендей ым қақты. Қалтыраған тізесімен ішке басын сұға бергені сол еді: «Ой, аға, бұл сіз бе едіңіз» деген таңданыс дауыс шықты. Максұт оны танымады, соны сезгендей әлгі жігіт те:

— Біз сізді жақсы танимыз ғой, бірақ... Ол сөзінің артын жұтып қойды.

— Бірақ сіздің үстінізден алаяқтық жасады деген ерлі-зайыпты Аққошқаровтардан шағым тұсті. Әріптесімнің таңданысына қарағанда бұл жерде бір түсінбетік бар-ау деймін, — деп үйге

кірген жігіт сөзге араласты. Максұт жағдайдың бәрін бастан-аяқ түсіндіріп берді. Тіпті Парламент депутаты Әзберген Көпжасаровтың да атын айтты.

— Түсінікті, аға. Сіз облысқа белгілі рэкетир Самат Жусанбаевтың қармағына ілінген екенсіз. Сіз сияқты жоғары лауазымдағы адамдар әрине ондай істен макрұм жүресіздер. Енді не істейміз, одан жуық арада ақшанызды қайтарып алу неғайбыл, — деп подполковник мұның жүзіне бағдарлай қарады.

— Рахмет, жігіттер. Истеген ісімді мойныммен көтеремін, расында да атымды сатып олардың ақшасын алғаным рас, бірақ өзім үшін емес өзге үшін еді. Өзімді ақтап отырғаным жоқ. Мен енді өз қалтамнан төлесем де олардың ақшасын қайтарамын, тек маған мұрсат берсін. «Өлімнен ұят құшті» деп біреуге жасаған жақсылығымabyroyымды айрандай төге жаздады. Сөзім сөз, уәдем уәде, — деді нық сеніммен.

Жақсы, аға, біз арыз иелеріне осылай деп жауап береміз. Сау болыңыз. Сіз де айып етпеніз, жұмыстың аты жұмыс, — деп салалы саусактарын Максұтқа ұсынды.

Үйге кіргенде көзі атыздай болып отырған әйелін көргенде Максұт кірерге тесік таппады. Оның үнсіз жүзінде өзі ойлағандай «не болды, айтсаншы» деген сұрауды айтпаса да түсінді. Максұттың шегінерге жері жоқ еді, болған істі әйеліне айтып беруге мәжбүр болды. Сол-ақ екен Сәулениң онсыз да аққұба жүзі ақ қағаздай

куарып сала берді. Мақсұт оған бар шындықты айтқанына өкінді, бірақ амал не айткан сөз, атылған оқ.

Ақшаны қайтару үшін Мақсұт төрт бөлмелі үйін сатып, өзі шағын пәтерге ауысты да, «қарызынан» құтылды.

Түскі демалыска келіп, дастархан басына енді отыра бергені сол еді, калта телефоны шылдырлады. Алматыдан Әзберген екен. Амандықсаулықтан соң «естідін бе?» деді әй-шәй жок.

- Нени?
- Саматты..
- Не бопты оған?
- Өзінің қарнын өзі жарыпты ғой...
- ...
- Алло, алло...
- Иә, тындалап тұрмын. Қашан, қалай болған?

Мақсұттың дауысы енді шықты.

— Анада сен сұрағанда бәрін айта қоймап ем. Ол – рэкет болатын. Содан қарсыластар тобы үйіне келіп ойран-топырын шығарып әкесі мен бала-шағасының көзінше жағадан ала бергенде өз-өзіне «харакири» жасаған, сейтіп сол жерде аяғы аспаннан келіп жан тапсырыпты. Жездемнің көзі баласының кім екеніне енді жеткен болу керек, жаназасын да шығартпастан сол күні-ақ жерлете салыпты.

Ол тағы бірдене айтып жатыр еді Мақсұт телефон тұтқасын өткен жолғыдай тағы да коя салды.

## ӘМЕҢГЕРЛІК

Айзада бүгін де таңды кірпік қақпастан атырды. Тұні бойы аhlап-уһлеп шыққан ол таң қылаң берे сиырын сауға шыққанда көршілер жақ әлі тым-тырыс еді. Жасы алпысқа таянған шақта көрер күнім осылай болады деп оның үш үйіктаса түсіне кірмеген ол сол үхлеген қалпы сиырының сауырына келіп отырды.

Ол бала жасынан кемтарлығына қарамастан тұрмысқа шықты, алты-жеті баланың анасы болды. Дүниеге торсықтай үлды да, қасы қарлығаштың қанатындаң қияқтай қызды да әкелді. Кембағалмын демеді, күйеуімен бірге шаруашылықтың малын да бақты, колхоздың басқа жұмысынан да қалмады. Сө»тіп жүріп күйеуінен таяқты да жеп бақты. Көзі шығып, аяқ-қолы сынбады демесе басы да жарылды, көзі де көгерді, түсік те таstadtы. Бірақ соның бәрін өмірдің берген сыйы, Алланың жазуы деп білді. Әлде сол кезде тәрбие мен қалыптасқан үрдіс солай ма еді, әйтеуір әйелдер күйеулерінен жазықты болса да, жазықсыз болса да «сыбағаларын» алып жатса, соны көбі ыңшыңсыз қабылдайтын. Айза да солардың бірі болды. Бірақ үй шаруасына келгенде өз ісіне мығым, үйінде көлденең шөп жатпақ түгіл шыбынның ызыны естілмейтін. Ал алты-жеті баласы барын білгендер болмаса, үйіне кездейсок келген бір де бір адамның ойына осы үйде балашаға бар-ау деген келмейтін. Біреуінің дыбысы шықса ше?! Тып-тыныш, мұнтаздай таптаза,

жинақы үйді көргенде мына жерде өзі ешкім тұра ма, жоқ па деген ойдан да аулақ болмайтын. Бір беткей, айтса ойып айтатын мінезін көпшілік онсыз да жақтыра бермейтін көрші-қолаң болмашы бірдеңені сұрап келсе өмірі «жоқ» деген жауабынан танбайтын. Өзі ешкімнен ештеңе сұрамайды, қажет дүниенің бәрі өзінде бар, сондықтан ондайды жақтыра қоймайтын мінезі тағы бар.

Күйеуі Қарасай қайтыс болғанда Айзада не-бәрі қырық екі жаста болатын. Балаларының алды екі қызы тұрмысқа шыққаны болмаса ұлдары әлі үйлене қоятын жаста емес еді. Айзада күніренді, қайғырды, бірақ қайыспады, мойымады. Белді бекем буып, өзі де бұрын «тасы қатты» енді тіпті шиырылды. Үйінің шаруасын сол шиеттей балаларымен дөңгелете жүргізіп, ешкімнен ештеңе сұрамады, «мен жесір едім, балаларым жетім еді» демеді, қайта қасқая жолынан еш қалмады. Ел қатарлы ағайын-туған-ның құдасын да күтті, той-домалақ, өлім-жітімнен де қалмады, бәрін өз ретімен атқарды. Мұны көрген ел-жұрт қойсын ба оны да сөз қылды. Оның тірлігіне қуанудың орнына «Жарым-жан болса да «ешкімнен қалыспаудың қарашы, тіпті еркегі бар үйден кем емес» десіп, сүйсінуінен бұрын көре алмаушылығы басым болды.

Үлкен ұлы үйленгенде дүркіретіп той жасамаса да әл-ауқатынша барлық дәстүрді сақтап, құдаларын да риза қылды. Бағына қарай келіні де Құдайға қараған момын, оның үстіне шаруаға бейім жан болып шықты. Араға бір жыл

жетер-жетпесте немересін де сыйлады. Айзада енді бар уақытын сол «жаманымен» өткізетін болды. Әлжуаз, шала туған аурушаң баланы келініне сенбей, күн демей, тұн демей өзі бақты. Бұл Құдайдың жазғанына не шара, екінші баласына аяғы ауыр болған кезде келіні ашық тұрған ұраның ішіне құлап, мерт болды. Айзаданың жүргегі қарс айрылды, қолында шиеттей аурушаң немересі қалып, өзінің де денсаулығы анау айтып тұрғандай емес, бірақ «басқа түссе баспақшыл» дегендей күн артынан күн өткен сайын Айзаданың да жүргегінде гі жара сейіле бастағандай еді, немересі «адам қатарына қосылайын» деп беті бері қараған шакта екінші ұлы үйленетін болды. Оған Айзада қуанбаса ренжіген жок. Үйге бір әйел керек екенін жүргімен де, санасымен де түсінген ол жол-жоралғының бәрін жасап ұлын үйлендіріп, қолы ұзарып бір жасап қалды. Бұл келіні де, Құдайға шүкір, шаруаға икемді болып шықты. Енді Айзаданың тарамыс-тарамыс жүзінде күлкінің нышаны пайда бола бастады, елге баяғыда күйуеі бар кездегідей ашық-жарқын сөйлеп, үстіне жылтырағандарды кие бастады. «Алла, мұныңа да шүкір» деп қояды. Дегенмен, бір ой оны жегідей жеп мазасын ала берді. Ол үлкен ұлы әлі саяқ үйленбей жүруі болатын. Өзі де ол «төсек жаңғыртсам қайтейін» демейді. Кішкентай болса былдырлап тілі шығып қалды, аласның уызына да, мейіріне қанбаған оның болашағы қандай болар екен дегн ой қундіз, ойынан тұнде түсінен шықпайтын болды. Со-

дан тасбуын бір шешімге келген ол таңертен-гілік шәй үстінде «бойдақ» ұлына қарап:

— Бұғін сенің қайын жұртыңа барып қайтамыз, келін, ана Расұлды киіндіріп бер, — деп үнсіз қалды. «Не үшін, неменеге» деп сұрау бала-шағасы мен келініне әдет болмаған соң олар үн-тұнсіз Айзаданың айтқанын орындауға кірісті.

Құдаларының ауылына жеткенде бесін уақыты жақындаған еді. Алыс жолдан келген құдағы мен жиен немересін, бұрынғы күйеу баласын көрген олар да қауқаласып, куанып жатыр. Мал сойылып, дастархан жайылып, әңгіме дүкен құрып мауқын басысқан соң, таңертенгі дастархан басында Айзада сөзді өзі бастады:

— Құдеке, құдағи, сіздер бірдене дейді еken дейді десем, үндемейсіздер. Онда сөзді мен өзім бастайын, — деді Айзада. Дауысында зіл жоқ болса да, қатқыл шықты. Онысы өзіне демеу бергені ме, әлде құдаларына салмақ салғаны ма, оны өзі де білмеді. Бірақ шарт түйінгені сезіліп-ак тұр.

— Құда, келіп қалдық алдыңа, жиен немеренді де ала келдім. Сіздер «неге келдін» деп сұрамадындар, бірақ іштерің сезіп отырған шығар. Пешенемізге жазғаны осы болар, Құдай қосқан құда болып ек, оны өзі көп көрді ме, келініме ұзақ өмір бермеді. Артында мына «ожаманды» маған аманат етіп кетті. Ендігі сөз — ынтымақ пен дәulet сіз беріңде болсын, мына немере оргада тұрғанда құдалығымыз жалғаса берер. Бірақ, «өлгеннің артынан өлмек жок, ті-

рі тіршілігін істейді» деген ата-бабадан қалған сөз бар. Балам жас, батаңды беріп, басын босат. Үйленсін, қайта шаңырак көтерсін. Өздеріңе осының айтуға келдім, – деп кішкене көздерін сыйырайта құдаса «ал, не дейсіндер» дегендегі сұксия қарады. Құдасы Бегалы да, құдағы да Рәшида да үн-үнсіз. Тыныштықты құданың үлкен ұлы Сырым бұзды. Айзада бұрын да әке отырғанда оның сөзге араласып, кейде соның айтқанымен жүретінін байқайтын еді, бұл жолы да солай болды.

– Иә, дұрыс айтасыз, құдағи, өлгеннің артынан өлмек жоқ. Үйлендірем дейсіз. Діттеген жеріңіз бар ма? Ол қандай адам болмақ, мына жиенімізге өгейлігін көрсетпесе жарап еді.

– Діттеген жерім бар, құда бала. Менің ойымша өгейсітпеуі тиіс. Егер рұқсатыңызды берсеңіздер, менің таңдаған адамым өзінің бауырынан туған баланы жатсынбас деп ойлаймын.

– Онымен не демексіз, құдағи?! Бегалының дауысы үріккендей шықты.

– Көніл женсе, көк дөнен ешқайдада кетпес, құда, екінші қызыңды сұрай келдім.

Бегалы құдағының неге келгенінің бер жағын топшылағанымен дәп мынаны күтпеген еді. Жағы қарысқандай сұлқ отырды да қалды. Үнсіздікті тағы Сырым бұзды.

– Не сонда.., – деп ар жағынан сөз таба алмағандай екі жаққа бірдей жалтақ-жалтақ қарады.

– Түсінемін, құда, сондықтан да зорламаймын да, балама бір шүйке бастың табылары анық.

Пешенесіне жазғанды көре жатармыз, бірак аузыңнан жақсы сөз шығар, үзілген үмітті қайта жалғастырар деген ниетпен келіп отырмын. Не десен де көнемін. Ал үзенгіні үземін десендер мен де үземін, – деп кесіп бір-ақ айтты.

– Болмайды, – деді бір кезде Сырым басын шайқап, – болмайды, – деді. Бегалы «токта» дегендей баласына ишарат білдіріп еді, онысы тон-торыс орнынан тұрып кетпекші болды. «Отыр» деді әкесі баласына иек қағып, Сырым тұнжыраған күйі тізе бүкті. Осы әңгіменің бәрін естіп отырған күдағыны Рәшида да, өз ұлы Тастанірде де үн жок. Рәшиданың үндемеуінің жөні бар, күйеуі отырғанда ол ешқашан да жақ ашпайды, корыққаны емес, ерін сыйлағаны. Қыздарын да солай тәрбиелеген. Айзаданың сондықтан да «алтынды тапқан жерден қаз» дегендей келінді алыстан іздемей екінші қызын сұрап келіп отырғаны. Тастанір болса шешесінің қандай мақсатпен келгенін білмей еріп жүре беріп еді, енді басына тас түскендей мына жаңалықтан есенгіреп қалған жәйі бар.

– Күдағи, – деді біраз үнсіздіктен соң Бегалы, – алдыңғы арбаның дөнгелегі қисаймай жүріп еді, бірақ жазмыш солай болды. Ендігі жерде де қисаймайды деген ойдамын. Келініңнің тете сіңілісі де пісіп, жетіліп отыр, бердім батамды.

Кол жайылды, келісім алынды, Айзада толған көнілмен ауылына қайтты. Араға екі апта салғанда үлкен қызы мен екінші келінін ертіп бар жол-жоралғысын жасап қудаша-келінін әкеліп босағасынан аттатты. Көнілі жәйланған

соң бетіне кан жүре бастаған Айзада ауылдың сөзіне тағы қалды. Жақындары болса «ешкіммен ақылдаспай тағы да өзім білемге салды» деп сөкті. Айзада оларға пыскырмады да, балаларының жарасым тапқанына, немересінің анасының орнына ана тапқанына қуанды.

«Сор бір айналдыrsa, шыр айналдырады» демекші енді тұтінім түзелді, қабыргам бекіді» деп өзіне келген Айзаданың шаңырағына тағы да қара бұлт үйірлі, отбасы қара жамылды, екі қошақан немересі жетім қалып, әкелері, яғни айзаданың екінші ұлы аяқ астынан мерт болды. Айзаданың енді жазылып келе жатқан белі қайта бүгілді, жүрегі кан жылады, көкірегі қарс айрылып, көзінен жас емес кан тамғандай болды. Немерелері Ақаты мен Саятының әкесі Сәбиті қыршынан қылып біреудің абайсыздығынан мерт болды. Айзада сол қан жұтқан күйі, бауырын жаза алмай бұк түсіп түкпіргі бөлмеде жатып қалды. Бұрын таң атар атпастан үй шаруасын өзі бақылап, бәрін орын-орнына қойғызыатын оның ендігі жерде ешкіммен жұмысы да болмады, тіпті былдырлап келетін Ақат пен Саятқа да мойнын бұрмады. Үй ішіндегілер аяғының ұшымен жүретін болды. Бірақ бір күні бұл тыныштық Айзаданың өзін шошытты, немерелерінің былдырлағаны түгіл дыбысы шықпайтын болды. «Ой-пырым-ай бұлар қайда» деген оймен аулаға шығып еді онда да көрінбейді. Үйдің сыртына шықты, бау бақшаның ішін қарады, жым-жылас екеуі онда да жок. «Расул болса мектепте

шығар» деп ойлаған ол енді келіндерін іздей ба-  
стады. Эне үлкен келіні екі шелегін көтеріп су  
әкеle жатыр, шыдамсызданған Айзада алыстан  
дауыстап «Эй, Райхан, балалар қайда, Жанар  
қайда, немене барлығы зым-зия жок» дегенін  
келіні естімеді ме, әлде үйге келе жауап берейін  
деді ме, үндемеді. Шелегін қояр-қоймастан «әй,  
мен сенен сұрап тұрмын ғой, қайда деймін бәрі»  
деп келініне дүрсе коя берді.

— Апа, Жанар кеше екі баласын, жүгін бәрін  
алып төркініне көшіп кетті.

— Не дейді? Айзаданың дауысы кәрі бүркіт-  
тің дауысындай саңқ ете қалды. Райхан қорық-  
қанынан көзін тарс жұмды. Енесі қазір оны бір  
қоятындай көрінді оған. Бірақ енесі ләм-мим  
деместен шайқала басып үйге карай кіріп кетті.  
Райхан «уф» деп отыра кетті. Сол жатқанынан  
Айзада тұрмastaн біrnеше күн жатты. Анда-  
санда дәретке шайқалақтап басып шығып келеді,  
ішетіні қара су, өлермен халге жеткендей онсыз  
да шүйкедей түрі бір ус болды да қалды. Енді  
оның бұл қылышына көрші-коланы, абысын-  
дары да аландай бастады. «Бишара іш құсадан  
өліп қалмаса жақсы» деп сыйырласты. Бірақ  
Айзада ешкімді үстіне кіргізбеді, өзі де ешкімді  
іздемеді. Арада біrnеше күн өткенде ойламаған  
жерден бөлмесінен шыға келгенде үй-іші тірі  
әруакты көргендей болды. Көзі шұңғрайіп ішіне  
кіріп, жағы суалған, өзінің бұрынғыдан да әлжуз  
денесі одан сайын кішірейіп кеткендей. Аппақ  
шөлмектей боп жүдеген өңіне адам қарап тұра  
алмайтындаи. Бір аяғын бұрын сылтып басса

енді тіпті шолтаңдап кеткен, қолдары да селк-  
селк етіп ырық берер емес.

— Су әкел, — деді әлсіз дауысымен. Одан бір  
жұтым жасап алғып, ұлы мен келініне сол әлсіз  
дауысымен, бірақ нық әмір берді.

— Қаладағы ана ұлды шақыртындар, дем-  
алысын алғып дереу келсін. «Ана ұл» деп отыр-  
ғаны ортаншысы. Осыдан бірнеше жыл бұрын  
қалаға окуға кетіп, содан қайтып ауылға орал-  
мады. Сондағы зауытта жұмыс істеп жүріп бір  
шүйкебасқа үйленген. Қазір екі ұлы бар. Ауыл-  
ға анда-санда ғана бір төбесін көрсетіп қояды.  
Келінінен бе, әлде «бес саусақ бірдей емес»  
дегендей ме, әлде ұлдың өзінен бе, осы бала-  
сы туған үйіне сұықтау. Бірақ келініне де «сау-  
сиырды б-ғы» емес, сол анда-санда келгенінің  
өзінде тепсініп келіп, тепсініп, әңгір таяқ ой-  
натып кететін әпер бақан біреу. Шудаланған бо-  
тадай ұлы да соның шаужайына жармасқандай  
болып ілесе кетеді. Сол ұлының мәнісі болмай  
«әйелімен бір айрылысып, бір қосылып жүр»  
дегенді құлағының шалғаны бар еді. Мына әмі-  
рінде бір мәніс жатқан сияқты, бірақ оны сұрау-  
ға бала мен келіннің батылдары жетпеді. Айтқа-  
нын екі етпей қалаға хабар жіберді.

Ол келгенше Айзада бала шағасына тағы  
да ләм деместен бар жаксысын киді де жолға  
шықты. Әшейінде үндемейтін келіні:

— Апа, бір жерде құлап қалсаңыз қайтеміз,  
біреуіміз ілесейік те, — деді акырын ғана. Ай-  
зада тосылып қалды. Рас-ау, өзін баяғы Айзада  
деп тұр ма, өз түрінен өзі шошырлықтай бол-

ған ку бейбак бір жерде аяғы аспаннан келіп жатса, ойлаған ойына, діттеген жеріне жете алмас, біреуі жүрсе жүрсін дегендей ақырын басын изеді. Баар жерін, басар тауын білмесе де келіні бірге ілесетін болды. Алған бағыты аудан орталығы сықылды, жоқ онда да тоқтамады, көрші ауылға баратын көлікке отырды. Келіні үн-үнсіз сонында, сұрамаса да топшылады. Баратын бағыты – кеткен келінінің ауылы. Иә, қателеспепті. Құдасының үйіне қарай бет алды. Абырой болғанда құдалар төрт көзі түгел үйінде екен. Құдағиларының келісін жактырмаған сыңайлышы. Алайда «мың жылдық құдағиына» дастархан жасалды. Қазанға тамақ салынатын ыңғайларын байқаған Айзада:

– «Құда-құдағи, айтар бір-ақ ауыз сөзім бар. Келінім қайда, балаларым қайда? – деп сұракты төтесінен қойды. Бұл үйде сөзді құдағиы бастады.

– Қайдағы келінім деп іздең келіп отырсыз? Сұрауы жоқ, іздеуі жоқтай жүгін арқалатып, екі баласын сонынан ілестіріп қоя беріп енді не бетіңізben келіп отырсыз, құдағи?!

Құдағиы сырнайдай созылған дауысымен бұған кекесінмен, айыпты адамдай қарады. Құдасы болса қабатын иттей қабағын түйіп, енді болмаса бүріп алатындағы қоқып алыпты. Бұл сөз бен карас ең панасыз, ең сорлы жетімдей күй кештірсе де үндемей Айзада әліппенің артын бақты. «Мыналардың әүселесі белгілі болды, қызының бізді жерге қаратып кетіп қалғанымен жұмысы жоқ, мені кінәлап отыр-ау шамасы. Екі

баласын туғанша төркінінен келген дүниесінің бауын да шешпеген қыздарының қылышымен жұмыстары да жок. Өздері болса нағашы жұрт болып жиендеріне құтты болсын айтуға да жарамап еді, ендігі әуендерін қара» деп құдаларына зерделей қарады. Енді ол тастай түйілді. Бірақ қолы оның көңіл күйінен хабар беріп тұрғандай бұрынғыдан да қатты селкілдеп өзіне ырық бермей кетті. Енді сойлемесе мыналар басына секіретін түрі бар. Бір жөткірініп, алдындағы шәйдан ұрттап тамағын жібітіп алған Айзада орнынан қозғалактап алды да әлсіз дауысымен сойлеп кетті.

— Құдағи, «кірер көрінді, жүрер жерінді жамандама» деген, біз ат үзенгісін кесіп айрылысып кеткен жокпзы әлі, сондыктан артық сөзге бармай-ақ қояйық. «Іздеуі жоктай» дейсін, ал менің балаларымның іздеуі жок деп кім айтты. Әлде қызынды ұлымда бергенде ішіне екі ұлымды салып беріп жіберіп пе едін. Алдымен қызыннан сұрамайсың ба, қалай менен кетіп, төркініне қалай жеткенін. Басынғаны ма, білместігі ме, үн-тұнсіз ұdere көшіп, онымен қоймай балаларымды ала кеткенде не деп келді?! Қызың екі баласын туғанша жүгі буылған күйінде ашылған да жок, не өзің құдағи болып қызынның тенін ашып бермедін, құдды бір уакытша қалдырып кеткендей. Ендігісі мынау, көшкен елдің жұртындай қалдырып, алды артына қарамастан балаларымды ала қашып.. Сонда мен қандай күйде қалды деп отырсың? У ішкендей күйде қалған менен енді не сұрамақсың? Сұрау менікі.

Кызынды маған бергенде қайтып келсін деген жоқ шығарсың. Адам менікі. Балам кек шөптей ерте солса да оның балапандарын қаңғыртып жібере салатын ел деп отырсың ба, дүйім бір жұртты. Сұрауы, іздеуі жоқтай үн-тұнсіз кетіп қалған қызынан сұра сұрағың келсе. Жә, мен айтысып, тартысуға келгенім жоқ, жоғымды жоқтап, тиесілімді алып кету үшін келдім. Менің ризашылығымды алмай ол ешқайда кетпейді. Қайтар келінімді балаларыммен бірге, – деп ұзак сөйлегеннен шаршап қалса да сыр бермеді.

Мына сөзге тосылып қалған құдалар жағы үн-тұнсіз. Бағанағы қатулы қабак, атылар оқтай ширіғып отырған сыңай байқалмайтын сияқты. Жөн сөзге тоқтай білетін халықтың ұрпағы емес пе, құдалар да бір жөнге келген сияқты. Енді құдасының дауысы бағанағыдай емес төмендеу шығатын сияқты.

– Дұрыс айтасың қудағи, қыз жат жүрттық деген. Екі күшігімен қайтып келіп отырса да «іштен шықкан шұбар жылан» десем де ұстап тұрғаным жөн болмас. Айып бізден, сіздікі жөн. Қатын-қалаштың сөзіне еріп мені де әбілет басыпты. Кешіре алсаң кешір, қудағи. «Қылша мойным талша». Қайтады, қайтар, – деді әйеліне бұрылып. – Құдағимен еріп бар да, тусіндір ана жетесіз қызынға. Екі баласымен осында көшіп келгенде құдалар жағының бұл қай ессіздігі деп өкпелегеніміз рас. Өйтсек, бар пәле өз қызымнан еken ғой. Ендігі жерде сол жерден оның сүйегі ғана шығатын болсын, – деп сөз осымен бітті дегендей құдасы басын төмен салбыратты.

Айзада келіні мен немерелерін ертіп бар жүгін артып үйіне келгенде қаладағы ұлы да келіп қалған екен. Үй-іші шешелері мен Жанарды үрпісіе карсы алды. Ал Айзада болса жолдан шаршап келгеніне қарамастан келіндеріне қазан көтеруді бұйырды. Сөйтті де үлкен ұлына қарап:

— Мырзажан мен молда баланы шакыр, айтар сөзім бар де, — деп үйінің іргесінде көршилес отырған екі қайындарына жіберді. Олар да көп күткізбей келе қалды. Өңі қуарып, әбден титықтап қалған женгелерін көргенде кірерге тесік ташпады. Тәкаппар санайтын женгелерінің қайғысына ортактасып, ауыр жүгін көтерісе алмағанын енді түсінгендей екеуі де үн-тұнсіз, жалтақтап жүзіне қарағыштай бергенін байқаған Айзада қалжынға салайын деді:

— Ағаларың қайтқан соң әменгерлікпен екеуінің біреуін алады екен деп дәмеленіп ем, қатындарынан аса алмадындар. Әлде мені қартайып қалды деп менсінбедіңдер ме?

Женгелерінің шын айтып отырғанын, қалжынға салып отырғанын білмей екеуі абдырап қалғанын көрген Айзада күліп жіберді. Әбден титықтап біткен жүзі қыртыс-қыртыс тартып шынында да кәртайып қалғанын көрсетейін деңгендей одан сайын қатпар-қатпар болып шыға келді.

— Әменгерлікпен мені алмағандарыңмен сол жолмен келінім Жанар мен ұлым Бақытты қоспақпын. Келінім ертең біреудің етегінен ұстап кете барса мына екі ботақандарымның күні не

болмақ, оларды еңіретіп қойып мен көрімде де тиши жата алмаспын. Осыны айтайын деп шақырттым сендерді. Тамақ піскенше молданы алғып келіндер, мен аз да болса дем алғып алайын, сосын екуінің некесін киғзамын, – деп жантая кетті. Қайындары мына жаңалыққа қуанарын да, құптарын да білмей үн-тұнсіз. Айзада болса олардың әлі отырғанын байқамағандай көзін жұмған күйі жатыр. «Сыртқа шығайык» дегендегі үлкен қайнысы інісіне белгі жасады.

Екеуі де ойлы. Бір-біріне жымың қағады. Женешелерінің әрекетіне шексіз риза. «Ешкіммен санаспайды, есептеспейді, білгенін істейді» деп оны жазғыру орынсыз еken. Жасаған әрекетінің рахаты болса көппен кенесудің қажеті қанша?! Мына ісі өздерінің ойына келмегеніне тан. Бірақ ана жүргінен артық сезімтал, қайырымын, мейрімді ешнэрсе жоқ қой. Не десе де женешелері алды-артын ойлап, ақылға женгізіп шешім қабылдайтын даналар санатында еken. Ана үлкен ұлының баласын жылатпаймын деп балдызына қосты, мына екі ұлды жылатпаймын деп қайнағасына келінін қосты. Қазіргі заманда мұндай өрелі іс екінің бірінің қолынан келмейді. Ағаларының шаңырағын шайқалтпаған женгелерінен айналсын, бұл шешімін қазақтың салт-дәстүрін жаңғырта отырып әменгерліктің қасиетін таныту ма?!

Ойлана бір-біріне қарады. Ұрпағын ұялаған женешелерінен айналып кетсе айып па?! Мұндайда жұмсағанына жүгірмегенде қайтеді?! Екеуі де молданың үйіне қарай асыға адымдады.

## МАЗМҰНЫ

Жол.....	3
Он үш.....	20
Желік.....	36
Немере.....	47
Перзент.....	62
Сағымдағы киік.....	74
Тоқалдың әлегі.....	80
Ұлағат.....	92
Ауылдан келген.....	101
Шаш бояу.....	108
Естелік.....	113
Қан.....	127
Пысықай.....	134
Сақина.....	142
Тышқан.....	148
Харакири.....	152
Әменгерлік.....	162

Редакторы:

*Макұлбек РЫСДӘУЛЕТ*

Техникалық көркемдеуші:

*Дархан ТАЛҒАТҰЛЫ*

Терімші:

*Динара ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ*

Басуға 22.01.2015 ж. қол қойылды.

Қалыбы 70x90  $\frac{1}{32}$ . Шартты баспа табағы 11.

Есептік баспа табағы 10,9. Тарапалмы 1000 дана.

«Тоганай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru